

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ  
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ,  
МАГИСТРАНТОВ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ  
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА

ТОМ 9

ПАВЛОДАР  
2019

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
Ж66

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрнazarов Т.Я., Бергузинов А.К., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

**Жауапты хатшылар:**

Агибаева А.Ж., Азербайев А.Д., Акимбекова Н.Ж., Аманбаева С.Б., Аманжолов С.К., Аубакиров А.М., Әмірғалы М.А., Биль Т.Ю., Еликпай С.Т., Жаябаева Р.Г., Жуманбаева Р.О., Зарипов Р.Ю., Звонцов А.С., Кабжанова Г.А., Камашев С.А., Коспаков А.М., Кривец О.А., Куанышева Р.С., Мапитов Н.Б., Молдабаева С.К., Мошна Н.И., Мусабекова Н.М., Мусаханова С.Т., Мусина А.Ж., Мустафаева Н.Б., Огузбаев А.Е., Ордабаева Ж.Е., Рахимжанова Г.Х., Самсенова Г.С., Султанова Г.Ш., Талипов О.М., Титков А.А., Ткачук А.А., Тулкина Р.Ж., Туртубаева М.О., Чидунчи И.Ю., Ысқақ Б.Ә.

**Ж66** «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4  
Т. 9 «Студенттер». – 2019. – 388 б.  
ISBN 978-601-238-916-6

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-916-6 (Т. 9)  
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,  
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

**Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!**

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

**С. Торайғыров атындағы  
ПМУ ректоры**



**Г. Ахметова**

**1 Секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму**  
**1 Секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие**

**1.1 Қазіргі кезеңдегі білім беру үрдісінің барысы. Педагогика**

**1.1 Современный образовательный процесс. Педагогика**

**ПОЭЗИЯЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕР  
 МЕН ЕРТЕГІЛЕРДІ БАЛАБАҚШАДА РУХАНИ  
 ТӘРБИЕ БЕРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ**

АЛДАБЕРГЕН Б. Ғ.  
 студент, ПМПУ, Павлодар қ.  
 БАКРАДЕНОВА А. Б.  
 профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Елбасы Н. Назарбаев: «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгінгі болашақтан басталады» – деп көрсеткендей, баланың болашағы, шат күлкісі, қамсыз өмірі өз отбасынан және ата-анасы сеніп тапсыратын балабақшадан басталады.

Отбасынан келген әр баланың біртіндеп қарым-қатынасқа түсетін, яғни айналасындағылармен сөйлесетін ортасы қалыптасады. Оның тілдік ортасы өз ата-анасы, жақындары-достары және мектепке дейінгі оқу-тәрбие ұйымдарындағы өз тұрғыластары мен тәрбиелеуші орта. Баланың мінез-құлқының қалыптасуы осы ортадағы өзі жақын тұтатын және еліктейтін адамына байланысты екендігін тәжірибе көрсетіп келеді. Лұқпан хәкім немересіне жазып қалдырған 100 насихатында «Өзі зерек және саналы дос таңда деген» және халқымызда «Адамды досына қарап бағала» деген сөз бар. Сондықтан балабақша тәрбиешісі мәдениетті де саналы тілдік орта қалыптастыруы тиіс.

Әр баланың қылығы үйде, мінезі түзде. Дәл осы аралықта балабақшаның сынаптай сырғыған әр уақыттағы балаға берілетін тәрбиесінің өлшеусіз екені нық көрінеді. Балалармен жұмыс жасау – бақыт. Балабақша балалары өте пәк, сенгіш. Олар мейірімділікке, шынайы күлкіге сенеді. Өзін күнделікті күліп, жылылықпен қарсы алған тәрбиеші ұстазына сенеді, ал балапанның бұл сенімі тәрбиеші ұстаз үшін «мәртебе».

Тәрбиеші ұстаз әр балапанға жүрек жылуын, жүрек мейірімін, жүрек тазалығын сыйлап, шынайы да таза қалпымен қабылдап, тәрбиелей алса, тәрбиешінің әрбір күні, әрбір сабағы қызыққа толы болмақ. Балалармен бірге ойнау, бірлесе оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу шаршағаныңды, қажығаныңды ұмытып та жібереді екен

[1, 8 б.]. Бұған біздің оқу (танымдық) практика өткен кезде көзіміз жеткендей болды. Тәрбиеші қандай құзыреттерге ие болу керек? деген сұрақтарға біз бақылау барысында мынандай тұжырымға келдік:

1) Ең алдымен балабақша балаларымен жұмыс жасайтын әрбір тәрбиешіге алдына келген балапанды құрметтеп, бағалайтын ерекше құзырет болуы керек. Яғни, кішкентай бүлдіршіндерді болашақ жеке тұлға ретінде бағалап, әрбірінің намысын, таза жүрегін құрмет тұта білулері хақ.

2) Француз жазушысы Жан Жак Руссо: «Бала туғанда-ақ аппақ қағаздай болып тап-таза туады, оның бетіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне дәл солай түседі. Бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді»- деген пікірі балабақша тәрбиеленушілеріне арналғандай. Сәби балалар – тәрбиеленуші қағаз, ал тәрбиеші ұстаздар мен ата-аналар – қалам. Яғни, қалам қалай шимайланып сызылса, бала солай икемделіп тәрбие алады. Осы негізде тәрбиеші өз тобындағы жоспарды дұрыс құрып, нәтижеге жетудің амал-тәсілдерін жаңаша ізденістерді, технология жаңалықтарын жақсы білуі керек.

3) Тәрбиеші ұстаздың әрбір сабағы бала білімін дамытатындай, тәрбие беретіндей, сөйлеу дағдысын жетілдіретіндей қалыпта болуы тиіс. Сөйлеу дағдысын дамытуда: жатқа бірлесе жаңылтпаш айту, әріпті жұмбақ, мақал-мәтел шешкізуді көбірек жүргізу қажет.

4) Тәрбиеші ойын, еңбек, тұрмыстық әрекеттер үстінде және тіл дамыту сабақтарында суретті жұмбақтарды, ребустарды, адасқан әріптер туралы ойын өлеңдерді жатқа айтып, бүлдіршіндерді түрлі сезімге, қиялға бастап отырса, интеллектуалды ұрпақ тәрбиесі нәтижелі болмақ. Яғни, тәрбиеші педагог ата бабадан келе жатқан рухани мұраны ауызекі түрде жалғастырып, тәрбиеленушілер халқымыздың байырғы сөздерінен нәр алып, сусындаса, ұлттық тәрбиеміз жемісті болар еді. Ал мектепке дейінгі балалардың батыл да батыр болып шығуына, ой-өрісін дамытуына қазақтың ұлттық ойындарының, атап айтқанда, «Асық ату», «Киіз үйді құрастыру», «Аксүйек», «Ақсерек-көксерек», «Арқан тарту» т.б. ұлттық құндылығы ерекше.

Бүлдіршіндер – мөлдір су, өмір гүлі. Мөлдір су лайсанды, ал гүл тікенекті қаламайды емес пе? Яғни, бүлдіршіндер алдындағы әрбір сабағын, тәрбиесін қазақылықпен сiңiруi тиiс. Бүлдіршін жан дүниесімен педагогтің ақ жүрегі үндескенде ғана тәрбие нәтиже берері сөзсіз.

«Тамшы тама берсе, тас теседі» дегендей, балабақшадағы баланың әрбір күні, әрбір сағаты бала тәрбиесі үшін айтылатын ұлы да тәрбиелі сөздерімізбен демелуі тиіс, өйткені біздің әрбір сөзіміз, әрбір қимылымыз олар үшін үлгі-өнеге [2, 11 б.]. Тәрбиеші тұрмыстық әрекетте тыйым сөздерді, ұл мен қызға айтылатын даналық сөздерді құлақтарына сіңісті етіп айтып, рухани бай дүниелерге үйретіп отыруы керек.

Еврей халқында «Алты айлық баласын қалай, қашаннан бастап тәрбиелеуге болады?» деген анасының сұрағына «Сіз балаңыздың бір жарым жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іштен тәрбиелеу керек» деген керемет мысалы бар екен. Осы жаққа келгелі балабақшаға барсақ та, мектепті жағаласақ та ата-аналарының балаларымен орысша сөйлеп бара жатқаны байқалады. Баланы тәрбиелеуде отбасымен бірге өнеге беруші шаңырақ – балабақша, онда баламен сөйлесулер үздіксіз ана тілінде жүргізілуі үшін тәрбиеші түрлі амал-тәсілдер ойластыруы керек. Осы мақсатта әрбір баламен әңгімелесу, ойната отырып әңгімелеткізу, логикалық сұрақтар беріп ойланту және екеуара немесе үлкендермен сөз жарыстыру, жұмбақ шешкізу, ойды жалғастырып, аяқтатуға арналған кітапшалар құрастырып, балабақшаларға бірнеше қызықты ойындар енгізуді көздедік. Балалардың ана тілінде байланыстырып сөйлеп шығуына бұл жұмыс формалары тиімді болып шықты.

Балабақшада ұйымдастырылатын оқу-тәрбие шаралары үздіксіз ұзақ, мұхиттай терең, арғымақтай жылдам жүретін іс. Оқу, жазу, санауды қалыптастырып, оң мен солды үйрететін балабақша тәрбиесінде тәрбиешілердің шығармашылығы, әдіскерлігі сыналары хақ. Балапанын балабақшаға аманаттаған әрбір ата-ана тәрбиешіден көп нәрсе талап ететіні де белгілі. Тәрбиеші тарапынан ұйымдастырылған кез келген жұмыс түріне балалардың барлығы бірдей «үздік» қабілет танытпайтындығы тағы да белгілі. Осы жерде «үйретемін» деп жоспарлаған жұмысын үйрете алмаған тәрбиешіні ата-аналар қаралап жатады. Неге? Себебі, әр баланың қабілеті әр түрлі. Осы жерде тәрбиеші мен ата-ана үнемі қоян-қолтық байланыста болып, жұмыла жұмыс жасауы тиіс. Әр баланың бойындағы өзіндік қабілетін дамытуды көздеп, тәрбиешінің тынбай жұмыс жүргізуі – мәңгілік елдің ертеңгі азаматының негізін қалау деп білеміз [3, 5 б.].

Балабақшаның тәрбие жүйесін ата-анамен келісе, бірлесе отырып ұлттық тәрбие бағытында жасау – бүгінгі күн талабы. Ұлттық тәрбие ұлттық тыйым сөздерден бастау алады. Күнделікті әрбір істі бастаған балаға ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты, таза мен жаманды, т.б. жақтың бәрін ата-ана тыйым сөздер арқылы сіңіруі тиіс. Ал тәрбиешілер

қауымы үздік нәтижеге балапанның ойыншық машинамен құм тасып, төбешік жасаған қалпындай ұзақ еңбек етумен жететіні сөзсіз. Дәл осы жерде әр тәрбиешінің бойынан сұралатын қасиет – жауапкершілік. Яғни ата-ананың тәрбиеші қолына «аманаттап» тапсырған баласынан асқан жауапкершілік те болмақ емес. Жауапкершілік – аманат, жауапкершілік – адал іс. Жауапкершілік болған жерде бүлдіршіндер тәрбиесінің нәтижесі көрінеді де, бағаланады да.

Тәрбиеші – емші. Бүлдіршінің пәк жүрегін бағалаушы, бүлдіршінің бойындағы «теріс» әрекеттермен күресуші. Тәрбиешінің балабақшадағы әрбір күні таразының екі басындай жылжымалы. Себебі, алдындағы бүлдіршін оң жағымен танылса, оң жағы басады, ал теріс жағымен танылса, сол жағы тартады.

Осындай ұлы еңбекке шыдас беріп жүрген тәрбиешілер қауымының еңбегі – ұлы еңбек. Мұқалмас жігермен, таусылмас төзіммен, аппақ қардай тазалықпен төтеп беріп, бүлдіршіндермен жүйелі жұмыс жасаудағы шабыттары да ерен және ерекше. Алла алдында адамның бәрі бірдей. «Жауқазынның бүр жарғанындай» қызықты да сырлы сәттерді басынан өткізген тәрбиеші ұстаздар бақытты.

Балабақшадағы бүлдіршіндерге берілетін тәрбие – ұлы еңбек. Қазақы сөздерге, ұлттық құндылықтарға толы тәрбие өрнектері ұдайы, толассыз жүруі тиіс. Балабақша балапандарының шығармашылығын, ой-өрісін дамытуда ақпараттық технологиялардың пайдасы мол. Аудиотыңдалым, бейнебаян арқылы халық ертегілерінен, аңыздарынан, шешендік сөздерінен, батырлар жырларынан көрсетіп, бүлдіршіндердің баяндау, әртістік белсенділіктерін дамытуда жұмыс жасалуы керек [4, 23 б.]. Жаңа бағдарламаға енгізіліп отырылған «Драма» сабақтары балаларды сәби кезден ата бабасынан келе жатқан рухани уызынан тұшына татуына жол ашпақ. «Көркем әдебиет» және осы «Драма» сабақтарын музыкамен түйістіріп ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеттері қазақтың ойыны түрінде өткізілсе, орта және мектепке даярлық топтарда балалар мектепке еркін сөйлеп барады деп ойлаймыз.

Балабақшада жасалатын тілдік орта нақты тәрбиеге бағытталып, сабақтар ойын іс-әрекетімен үйлестірілсе, әрі көрнекті етіліп, балалардың бір бірімен еркін сөйлесетіндей үлгіде ұйымдастырылса, нәтижелі болмақ. Тәрбие – мұхит, тәрбиеші – ескекші, бүлдіршін – қайық. Осы үш бірлік бірлесе жұмыс жасағанда, мұхит дауылынан кедергісіз өтеді. Кедергі болмауы үшін тәрбиешілер ескекті дұрыс бағыттап, балапандарды қияладарымен «үлгілі» азаматтар қатарына қоса білулері керек. Балабақшаның тәрбиешісі қай кезде де ең озық педагог, ең озық психолог, ең озық бағбан атанып, тәрбие жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді

ұтымды қолдана алатындай болуы тиіс. Бүлдіршіндер зейінін дамытып жеке тұлға қалыптастыруда бала жүрегіне жылылық ұялатып, қабілетін, дарынын ашуда тәрбиешінің атқаратын жұмысы өте зор.

Қазіргі кезде ана тілін білмейтін, ұлттық салт-дәстүрді бағаламайтын ұл-қыздар кездесіп жатады. Осындайлар ата-ананың айтқан тыйым сөздерін қабылдамайтын, сөз атасы болған Майқы би айтқандай, «ежірейген ұл», «бежірейген қыз» түрінде көрсетуде. Бұған қоса қазіргі ХХІ ғасырдың бүлдіршіні, балабақша мен ата-ана тәрбиесінен гөрі «ақпарат» тәрбиесін бойларына мықтап сіңіруде. Осындай «өттеген-айлар» жол алып кетпеуі үшін мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие ортасына этнопедагогикалық талаптар нақты ұстанылуы шарт деп ойлаймыз. Бұл орайда көркем сөзбен өрнектелген ойын-сауық түрлерінің, сахналандырылған көркем шығармалардың, инсценировкалық ойындардың маңызы зор.

Еститін құлаққа, көретін көзге, айтатын ауызға «тұсау» салған интернет, ватцап, ұялы телефонды түрлі формадағы ұлттық тәрбиемен алмастырып, бірізді сіңіруді қолға алған жөн. Балабақша жасындағы кез келген бүлдіршін ұялы телефонның құлағында шебер ойнайды. Бұған кім кінәлі? Жок, тәрбиеші ұстаздың еш кінәсі жоқ. Себебі тәрбиеші алдына келген әр балапанға тәрбие беріп, жоспарлы сабағын үйретеді. Үйдегі тәрбиені бақылай алмаған ата-ана кінәлі. «Қазақы тәрбие сіңіреміз» деп жанұшыра еңбек етіп жатқан балабақша тәрбиешілерінің жанды жұмыстарын жоққа шығарушы ата-аналар көбейіп барады. Сыр-сынын толық танымайтын «ұялы телефонның» майын ішіп, іші-сыртын бүгешүгесіне дейін ақтарып ойнай алатын балалар көбейді.

Ұлттық тәрбие болмаған жерде, ұлт қалыптаспайды. Ал ұлт болмаған жерде болашақ қалыптаспайды.

Балабақша – шаттық мекені, балабақша – пәк күлкінің ұясы. Шаттық мекенінің тұрғындары – бүлдіршіндер бақыты үшін тәрбиешілер қауымы аянбай еңбек етуі тиіс. Балабақша тәрбиеленушілері қазақы тәрбиеленген, қазақ тілін меңгерген, заманауи ақпараттан хабардар, қазақы мінез-құлыққа бай, ата-ананы сыйлайтын ақ жүректі балапандар болып қала бермек. Осы қалыпты сақтауда ата-аналар мен тәрбиешілер ұдайы күш, қуат, жігер беріп, әркез қуаттауы керек.

Жүрегі нұрлы, иманы таза, адал ниетті, тәрбиесі нық адам қалыптастыру – бәріміздің міндетіміз.

Н. Ә. Назарбаев көрсеткен нұрлы жолмен «Мәңгілік ел» шынына нақты қадаммен баратын бақытты бала балабақшадан

тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Бақытты елде мәңгілік елге нық баратын бақытты балаларды тәрбиелейік!

Жүргізілген ізденіс нәтижесінде, біз бес кітапшаны қайта жаналап шығарып, балабақшаларға таратуды көздеп отырмыз [5]. Бұл кітапшалар бойынша берілген тақырыптарды төмендегі топтарға және сол топ балаларымен ойнатылатын жағдаяттарда, ойындарда, режимдік мақсаттарға байланысты кезендерде қолдануды ұсынамыз:

Кесте 1

Кітапшаның аты	М а з м ұ н ы н а б а й л а н ы с т ы т у д ы р ы л а т ы н п с и х о л о г и я л ы қ ж а ғ д а я т	Белгілі бір топтың не жеке-дара бала мінезіне орай туындайтын кезендер мен сәттер	Қолданудағы тәрбиелік-танымдық мақсаттар
Өс, өс, балақай! (Ерте сәбилік кезен бүлдіршіндеріне)	Кітапшада қимыл жаттығуларына лайықты өлең-жырларға еліктету, бейнелі, эмоционалды сөздерге ләззаттандыру	Бүлдіршіндердің ж у ы н д ы р у , ойнау кездерінде туындаған әрекетіне қарай, жылаған, м а з а с ы з д а н ғ а н кездерінде жатқа айту	Бүлдіршіндер тілінің белсенді шығуы мен сөйлеуін дамыту және дене мүшелерін әртүрлі қимыл-қозғалыстарға итермелеу үшін.
Қуыршақтармен ойнаймыз, ойынға бір тоймаймыз	3-5 жастағы сәбилерді қуыршақтарымен ойнай отырып тақпақ-өлеңдер арқылы сөйлесуге қызықтыру	А т а - а н а л а р д ы ң балалармен бірлесе оқып, түрлі ойын сәттерінде бірлесе жаттауына және топ тәрбиешісінің сабақтан тыс уақытта бірлесе ойнауына арналған	Өз ойыншығына д е г е н сүйіспеншілікке тәрбиелеу, бөліктерін, түртүсін зерттей тануға бейімдеу
С ұ р а м а қ т а р , санамақтар	Түрлі жастағы балаларды сөзбен ойналатын ойындарға қызықтыру және көркем сөзге деген құмарлықтарын арттыру	Екеуара және ерікті түрде өз атынан ойын кезінде не арнайы сабақта, сахналық, режиссерлық шаралар үстінде сөйлесу сәттерін туғызу	Әр сөзді, сөз тіркестерін анық айту, жаңылмай сөйлету. Сөз тапқыштыққа, ұйқас құрастыра алуға, шығармашылыққа баулу
Менің сүйікті кейіпкерім (Ересек топ балаларына)	Өздеріне бұрыннан таныс ертегі персонаждары атынан сөйлеуге жаттықтыру, шығарма негізінде эстетикалық ләззат алуға бейімдеу	«Драма» сабағына ұсынылған ертегі, қызғылықты мысал әңгімені еске түсіріп, рөлге енгізу, өз атынан кейіпкер кейпінде сөйлеуге баулу	Б а л а л а р д ы көрермендер алдында еркін сөйлеуге үйрету және ойдан құрастырып сөйлеуге ынталандыру

Мектеп жасындағы әр бала гүл сияқты. Ал сондай балдырғанның әрбір әрекеті, ойыны өлең-тақпақтармен демеліп отырса, баланың ойлауы тереңделіп, тілі тез дамиды болады.

Зерттеу жұмысында алға қойып отырған ұсынысымыз бен жоспарларымыз:

Әр топ балаларының жасына, айналысатын әрекеттеріне қарай тақпақтарды сараптау, жіктеу;

Балаларды ұлттық салт-дәстүрде тәрбиелейтін халықтық тақпақ үлгілерін жинау, кітапша етіп, тәрбиешілерге ұсыну;

Қазіргі баланың танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында кіріктірілетін оқу қызметі барысында тәрбиеші қолданатын тақпақтарды іздестіру;

Мектепке дейінгі оқу-тәрбие бағдарламасындағы сөйлеу, көркем шығармамен таныстыру үрдісіндегі тақырыптар барысында қолдануға болатын тақпақтарды ұсыну.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бала тілін дамытуда ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану/ А. А. Ботаханова// Отбасы және балабақша. – 2015.-№ 3. – С. 8–10

2 Мектепке дейінгі тәрбиедегі халық ауыз әдебиетінің маңыздылығы/ А.Н.Әбеннова//Отбасы және балабақша – 2015. – № 4 С. 11–13

3 Бала тәрбиесіндегі көркем шығарманың орны/ С. К. Раева// Отбасы мен балабақша/ 2015 – № 6 – С. 3–5

4 Тұрсынбаев М, Гумеров Повестер мен әңгімелер/ 1992ж – С. 23. Көркем әдебиет шығармаларын балаларға оқыту әдісі/ Б//

5 «Тілашар»Мектеп жасына дейінгілерге. «Ізденуші» үйірмесі ізденушілері жинастырған тәрбиелік-танымдық топтама жинақтар. Қайта басылған-ПМПУ-2018.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

АЛЬЖАНОВА Д. А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
ТУЛКИНА Р. Ж.

оқытушы, «Психология және педагогика» кафедрасы,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қоғамымыздың әлеуметтік – экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап жаңаша талап қоюды қажет етеді. Мектептердегі нақты міндеттердің бірі білім беру кезеңінде балалардың психологиялық деңгейінің дамуын, олардың әрі қарай білім алу, күрделі білімді жеткілікті қабылдау, әр салада болсын біліктерін жетілдіру негізінде, еліміздегі үздіксіз білім беру саласының 12-жылдық білім беру жүйесіне өтуі ғылым, білім саласында үлкен жаңалық болып табылады. Мазмұнында балаларды адамгершілік тәрбие түсініктерімен таныстыру; жұмыстары «Өнер көзі – халықта», «Әуенді қимыл – қозғалыс», «Тіл – халық қазынасы», «Экологиялық тәрбие», «Еңбек», «Ойын» бөлімдерінде қарастырылған.

Алғаш баланы мектепке берерде оның биологиялық жасы мен мектепке психологиялық даярлығының көрсеткішін өлшеп шығару – бүгінгі күн талабы. Бастуыш сынып оқушының жаңа ортаға түсуіне байланысты көңіл – күйінің сипаты, сынып сабақтық жүйеге қаншалықты төзімді оның еріктік қасиеттері, жазбаша білімдерді игерудегі таным процестерінің даму деңгейлері тексеріле бермейді. Сондықтан баланың мектептегі оқу жүйесіне педагогикалық – психологиялық тұрғыдан әлі де толық қарастырылып, талдануы тиіс.

Қазақ халқының тұңғыш этнограф-ғалымы Ш. Уәлиханов, көрнекті ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин, қазақ зиялылары: А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Н. Құлжанова, М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде балаларға рухани тәрбие берудің жолдары мен әдістері көрсетілумен қатар, қоршаған дүниені қабылдауға жан көріністерін (есту, сипап сезу, иіскеу, татып көру, ес, қиял, ойлау, тілін дамыту) бірлікте дамытудың маңызы жайында құнды пікірлер айтып, ой түйіндерін тұжырымдаған. Оқулықта адамгершілік сезімдері жайлы ғылыми ұғымдар да әр қырынан ашылған. «Баланың маңайында сөйленетін сөздер де әдепті,

сұлу болуға тиіс», – деп балалардың адамгершілік дамуындағы үлкендердің рөліне тоқталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорының даму ерекшеліктерін зерттеген ғалым Б. Баймұратова зерттеу нәтижелері негізінде 2–7 жасқа дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесіне ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетін біртұтас сабақтастықта қарастыра отырып, «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесінің негізін жасады». Б. Баймұратова балалардың тілін дамыту мәселесін адамгершілік және эстетикалық тәрбиелермен тұтас қарастырған. Т. Иманбеков «Қазақ балабақшаларындағы оқу-тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану» (5–7 жас, 1995) деген тақырыптарда жүргізілген зерттеу жұмыстарында мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінің әртүрлі салаларын ашып көрсетті. Ә. С. Әмірова (1994) «Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» деген еңбегінде қазақ балалар әдебиеті шығармаларын пайдалану арқылы баланы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қарастырған.

Мектепалды даярлық тобында балалар өмірінде оқу және еңбек әрекетінің үлесі басым бола түседі. Соған қарамастан ойын әлі де болса өз маңызын жоймайды, ол баланы мектепке даярлау мақсатын жүзеге асыруға бағытталып отырады. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы мен адамгершілік сапаларын дамытатын басты нәрсе: білім, әрекет, қарым-қатынас.

Міне, осы жағдайларды ескере отырып, балалар бойында адамгершілік сапаларды қалыптастыруда пайдаланатын ойын түрлерін төмендегідей жүйеледік:

– мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, үшқыштар, мал фермасы, құс фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер;

– қимыл-қозғалыс ойындары: қу түлкі, ормандағы аю, мысықпен торғайлар, бақташы мен қозылар, қуыспақ, қасқыр қақпан, ботақан, соқыртеке, жырадағы қасқыр, жер-ден биік, су, ауа, жер;

– дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орныңды тап, ойлан тап, ұзын-қысқа, аласа биік, әр құстың мекенін тап, тігін шеберханасы, тез ретке келтір, мына заттарды сипатта, сандардың орнын тап, жоғары-төмен, дүкен, көршілер, аралар, телеграф;

– құрылыс ойындары: лего және басқа конструкторларды пайдалану;

– спорттық ойындар: футбол, волейбол, теннис, хоккей, баскетбол;

– драмалық ойындар: адамгершілік тәрбиесі тақырыбына оқылған ертегі, әңгімелерді рөлдерге бөле отырып орындау.

Мектепалды даярлық топ балаларының «жеке тұлға» ретінде қалыптасуы, адамгершілік сезімі мен талғамының жетілуі, тәрбиелеу мен білім беру ісінің нәтижелі болуы мектепке дейінгі мекемелерде жүйелі, жоспарлы, бірізді жүргізілетін жұмысқа байланысты. Ойын арқылы мектепалды даярлық топ балаларына адамгершілік тәрбие беру үшін, ойын үлгілерін іріктеп, бала санасына сіңіріп, тиімді пайдалану әрбір тәрбиешінің біліміне, ұстаздық шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Балабақшада балалар еңбегін ұйымдастыру барысында кешенді ұйымдастырылған ойын түрлері балалардың еңбекке деген қызығушылығы мен талғамын, танымдық процестерін, тілін және адамгершілік қасиеттерін дамытады. Ойын балабақшадағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі әдістерінің бірі болып саналып, балалар өмірінде үлкен орын алады. Баланың адамгершілік сапасын, талғамын, қызығушылығын қалыптастыру, мінез-әрекетін тәрбиелеу, жеке басын жан-жақты дамыту бағытында меңгерілетін білім, дағдылар ойын арқылы іске асырылады.

Баланың қоршаған ортадағы жақсылықты көру, қабылдау нышаны бөбектік шақтан-ақ байқалады. Оны дамытып кемелдендіру, шығармашылыққа баулу, бақылап сезген, көрген адами болмысты терең түсіну, өміршең ету отбасы және балабақшадағы тәрбие үрдісінде іске асырылады.

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал тигізетін жетекші, басты құралдардың бірі. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Жас бүлдіршін болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді.

Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан да оның мән-мәнісі ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы қадамы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, есер бала бола ма?» деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Қай ғалымды алмайық

өздерінің ойын туралы еңбектерінде: «Ойын – баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді, өйткені ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп дамытады, баланың ой-өрісін өрбітіп бойын өсіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Өмірдің әр түрлі құбылыстары мен үлкендердің әр түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе.

Ойын – баланы рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негізі болғандықтан әрбір тәрбиеші-ұстаз оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отыруы керек.

Сабақта ойын элементтерін қолдану немесе сабақты толықтай ойын түрінде өткізу тәрбиешіден аса біліктілік пен шеберлікті, шығармашылық ізденісті қажет етеді. Сондықтан, олардан оқу мазмұнындағы ойындарға үлкен жауапкершілікпен және сақтықпен қарау талап етіледі. Өйткені, әрбір жасқа ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр-қайрат жұмсауды керек етеді.

Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезімінде болады. Ойын баланың жан-жақты дамып жетуіне әсер ететін ең маңызды сферасы болып табылады. Ойын- тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, рухани адамгершілік сапаны жетілдіреді. Ұжымдық сезімі қалыптасады. Эстетикалық тәрбие беру құралы еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді. Дене күшінің жетуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным түсінігіне әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен бірі ептілікке үйренеді, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас арқылы рухани адамгершілік сана- сезімдері қалыптасып дамиды. Сондай-ақ, адамдар іс-әрекетінің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойлауды үйренеді; жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі, оларды қуантуға асығады; бір біріне көмектесе біледі, жанашырлық сезімі оянады, қамқорлық жасай біледі; кешірімді болуға, өзгені ренжітпеуге тырысады.

Ойын барысында жас бүлдіршіндер бірін бірі сыйлауды, үлкендерді құрметтеуді, қадірлеуді үйренеді. Ертегілерді тыңдау арқылы рухани адамгершілік қасиеттерге, ерлікке, шыншылдыққа, кішіпейілдікке тәрбиелейді.

Қорыта келе ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Баланың ойыны ересек

адамдардың еңбегіне еліктеуден өрістеп, бара бара шын мәніндегі еңбекке айналады. Бала ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да, алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Балалар ойын үстінде өнеге алып, мінез қалыптастырады, өзіндік ерекшелік қасиетін айқындай бастайды. Ойын үстінде әр баланың игі бастамасын қолдап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді өрбітуге, өзіндік мінез-құлқын қалыптастыруға аса көңіл бөлген жөн. Сондықтан ойын балаларды тәрбиелеудің де тиімді жолы тәрбие құралы екендігін дәлелдейді.

Тәрбиеші-ұстаз ойынға тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы деп қарамай, балаға берілетін танымның білім мен тәрбиенің құнды негізі деп қараса ғана үлкен жетістіктерге қол жеткізіп мақсатына жете алады. Өйткені, ойын арқылы ғана дамыған бала алғаш мектеп есігін ашқанда білімді, қоғамдық тәжірибені тез меңгеріп, өзінің психологиясын жан-жақты жетілдіріп, мінез-құлқын, ерік-жігерін, қабілетін дамытып, дүниетанымын кеңейтіп, оқудың мазмұнына қызығушылықпен қарайды.

Сонымен, осындай жауапты міндеттердің баянды болуы үшін егеменді еліміздің ертенгі қажетін етерлік жерін, елін сүйетін, рухани адамгершілік қасиеті мол, білімді, парасатты, оны қастерлей білетін азамат өсіру баршамыздың міндетіміз!

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – балалардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөніндегі ұстаздардың арнаулы мақсат көздеген қызметі [2].

Адамгершілік тәрбиесі мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі – деген анықтама берілген.

Ойын – мектепке дейінгі балалар үшін айналы танып – білу тәсілі. Ойын мен ойын әрекеті мазмұнының әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайдағылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, қарым – қатынас жасаумен қоғамдық тәжірибені игерудің қуатты құралы – тілді бірте-бірте меңгереді. Ойында үлкендердің қызметіне еліктеп, өзінің шамасы келмесе де олардың қуанышы мен ренішін түсіне отырып, осындай өзіндік жолмен қоршаған өмірді



– адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым – қатынасын бейнелеуі болып табылады [6].

Адамгершілік тәрбиесінің маңызды заңдылығы балаларды ұжымда тәрбиелеу заңдылығы. Ұжым – бұл баланың жеке басын қоғамдық бағытта қалыптастыру мектебі. Мұнда оның жеке қасиеті, қабілеттілігі және адамгершілік сапалары неғұрлым айқын көрінеді. Адамның адамгершілік тазалығы ең алдымен оның әрекетінде көрініс табады. Ұжымда бала өзінің білімін, айналадағы дүниеге, іс-әрекетке көзқарасын: көмек көрсетуге, нәтиже шығаруға, құрбыларына қамқорлық жасауға, рахымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек етуге ұмтылуын көрсете алады. Ұжымда тәрбиелеу заңдылығы тәрбиешілерді әр баланың мінез-құлқына ізгі ықпал жасауы үшін балаларды бірлесіп қызмет жүргізудің алуан түрлеріне біріктіруді міндеттейді. Бұл заңдылықты іс жүзінде қолдану тәрбиешінің мейірімділікті балалардың жеке ерекшеліктерін, адамгершілік тәжірибесін, дамуы мен мүмкіншіліктерін ескере отырып талап қоя білумен ұштастыра білуінен көрінеді. Мұның өзі олардың ұсыныстарын, идеялары мен ұмтылыстарын басып тастамай, адамгершілік мінез-құлықтың, тәртіптіліктің негізін қалыптастыруға, топта орнатылған тәртіпті құрметтеуге мүмкіндік береді. Өз кезінде тәрбиешіден ұстамдылық, шыдамдылық, орынды қатаңдық, тәрбиеленушілерге құрметпен қараушылық талап етіледі [9].

Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі реніші немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рақат алады. Эмоциялық өсерлену: жақсы қылықтарына, үлкендердің мақтауына риза болу, өзінің орынсыз қылықтарынан: үлкендердің ескертуінен, наразылығынан ұялады, қапалану, уайым жеу оның адамгершілік сезімдерін қалыптастырудың негізіне айналады. Мектепке дейінгі шақта балада қайырымдылық, жанашырлық, қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады [10].

Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік – жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан – жақты дами алады. Баланың ақыл – ойының дамуы тек белгілі

білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім – тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізгі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады.

Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының «Ойын ойнап, өн салмай, өсер бала бола ма?» – деп айтқандай, баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын балаларға ақыл – ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Баланың қуанышы мен реніші ойын кезінде анық байқалады, сонымен қатар құрбыларымен тез тіл табысып, жақсы қарым – қатынас жасайды.

Бала ойын арқылы өзін толқытқан бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат – мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман – қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бүгінгі ойын, бейнелі әрекет, ертеңгі шындық ақиқатқа айналады. Болашақ қайраткердің тәрбие жолы тәлімдік өнегесі ойыннан бастап қалыптасады. Ойын мен еңбектің бір – біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог ғалымдар «Жақсы ойын – жақсы жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды.

Баланың тәртібіне белгілі талаптар қою олардың орындалуын бақылаумен ұштасады. Бақылаудың әлсіреуі балаға тәртіп бұздырады. Талап пен бақылау тәрбиешінің берген бағасы арқылы бекітіледі, ол балалардың іс-әрекетінің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін тануға, тәртіп ережелерін игеруге мүмкіндік жасайды.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі ойынның баланың негізгі іс-әрекеті екендігін ескере отырып, өз тобында түрлі ойындарға қажетті құрал-жабдықтарды, ойыншықтарды, атрибуттарды топ ерекшелігіне қарай дұрыс іріктеп таңдауы керек.

Тәрбие бағдарламасы талаптарына сай ойындарды күн тәртібіне дұрыс орналастыра отырып, оларды тиімді ұйымдастыра білсе, ойын бала үшін тәрбиенің мықты құралына айналуы әбден мүмкін. Ол үшін тәрбиешінің өзінің бойында іздемпаздылық, орындағыштық, тиянақтылық, белсенділік сияқты сапалары болуы керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ф. Н. Жумабекова «Мектепке дейінгі педагогика» – Астана: «ФОЛИАНТ»- 2008 ж.

2 «Бала мен балабақша» журналы – № 10 – 2014 жылы

- 3 «Мектепалды даярлық мектепте және балабақшада» журналы – № 5/6 – 2013 жылы  
 4 «Мектепалды даярлық мектепте және балабақшада» журналы – № 6 – 2014 жылы  
 5 «Мектепалды даярлық » журналы – № 2 – 2014 жылы  
 6 Алты жасар балаларды оқытып тәрбиелеуде дидактикалық ойындардың рөлі методикалық нұсқау Алматы – 1988 – 51 бет  
 7 Баймұратова Б. алты жасарларды оқыту мәселелері – Алматы: 1993, – 168 бет  
 8 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы – Алматы: 1998, – 172 бет  
 9 Қазақ мектебі – № 1. – 2006 ж, – 67–67 бет  
 10 Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы Мухина В. С. Алматы: мектеп, – 1986. – 170–172 б.

### МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**АХМЕТОВА С.**

студент, Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

**ЖАНҚАРИНОВА А.**

студент, Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

«Сын тұрғысынан ойлау» деген сөз тіркесінде қолданылатын «сын тұрғысынан» деген термин ойдың мәселені немесе проблеманы шешу үдерісіне шоғырлануын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда сын сөзі «мақұлдамау» немесе «теріске шығару» дегенді білдірмейді. Сын тұрғысынан ойлау пайымдау, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексиялық тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады. Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Біз білетіндей математика сабағында логикалық, жан-жақты ойлану өте маңызды элементі болып табылады.

### Тарихи шолу

Сын тұрғысынан ойлаудың тамырын сонау Сократтық дәстүрге дейінгі 2500 жыл бұрынғы дәуірден көруге болады, сол кездің өзінде беделді негізде алынған білімді тексеру үшін жетекші сұрақтарды пайдалану қалыптасқан: олар тиімділік, нақтылық пен логикалық сабақтастықтың талаптарына жауап бере ала ма деген сауалды ортаға тастайды. Қазіргі әлемде сын тұрғысынан ойлау қазіргі заманғы жұмыс күшінің ойлау дағдыларынан күтілетін үміт пен оған қойылатын талаптарды қанағаттандыру деңгейін анықтау құралы ретінде қаралады. XX ғасырда осы проблеманы Франкфурт сыни әлеуметтік теория мектебі қарастырды. Джон Дьюи білім беру саласында осындай зерттеуді бастаған алғашқылардың бірі болды, ол білім бағдарламасының оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастыруға бағытталуы тек оқушылар үшін ғана емес, қоғам үшін және барлық демократиялық құрылыс үшін тиімді болатынын мойындады. Эдвард Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау қабілеттілігі үш элементтен тұратындығын болжап берді:

1 Проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде өз тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау үдерісін жүзеге асыру

2 Логикалық зерттеу мен пайымдау әдістерін білу.

3 Осы әдістерді қолданудағы тәжірибелік дағдылар. Балалар мен ересектердің сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, проблемаларды зерделеу және шешімдерді жекелей немесе топтарда қабылдауға бағытталған заманауи білім беру бағдарламасы аталған үш негізін элементке сүйенеді.

### Заманауи түсінік

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпритация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, мататану кіреді.

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырумен қатар, оқушы немесе мұғалім оларды тәжірибелік жағынан пайдалануға дайын болуы тиіс. Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау «оған

белгілі бір қорытындыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін дәлелдер тұрғысынан кез келген ұстанымды немесе болжанатын білім нысанын зерделеу үшін табанды күш жұмсауды» қамтиды деп пайымдайды. Сын тұрғысынан ойлау – өз ойын бағалау ниетінің болуы және оны істей білу, ол кез келген субъект үшін қалыпты болып табылатын шыншыл, ашық, дәйекті, талдау жасауға қабілетті, білімқұмар, өзі мен өзгенің пікіріне сеніммен қарайтын және шешім қабылдауда парасатты болу ниетін дамытуды көздейді. Сын тұрғысынан ойлаудың осы қағидаттарын ұстайнбайтын немесе қарсы пікірді ұстанатын, яғни зияткерлік жағынан тәкаппар, теріс ойлағыш, шыдамсыз, қызба, тәртібі нашар, жалқау, әрекеттің салдары туралы ойламайтын, жаңа ақпараттарға немқұрайды қарайтын, басқаның пікіріне сенбейтін адамдар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын пайдалану кезінде тығырыққа тірелуі мүмкін. Дұрыс қорытындының маңызын мойындай алмау өзін-өзі алдау мен жекелей де, ұжымдық та жабық ойлауға әкелуі ықтимал.

#### Блум таксономиясы

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты үш бағыт бойынша: танымдық, эмоционалдық және психомоторлық жағынан оқушыларды оқыту мақсаттарының тізімін жасау болатын. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру мақсатында педагогтерді өздерінің күші мен назарын барлық үш салаға бірдей аударуға ынталандыру.

Бағалау, Жинақтау, Талдау, Қолдану, Түсіну, Білу. Блум таксономиясы Танымдық саладағы дағдылар белгілі бір тақырыпты білу, түсіну мен сыни ойлау тұрғысынан құралады. Дәстүрлі білім беру негізінен осы дағдыларды, яғни төмен тәртіптегі мақсатты алға тартуға ұмтылады. Блум таксономиясы, жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, ең төменгі үдерістерден жоғарыға қарай кезең-кезеңімен қозғалуды көздейтін алты кезенді қамтиды. Математика сабағында бұл таксономияны да тиімді етіп қолдануға болады. Оңайдан қиынға көшу математика сабағында білу фактілерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өткен материалдардың есте сақталғанын растау:

- Арнайы сипаттамаларды білу (терминология, нақты фактілер мен т.б.).

- Жалпылайтын сипаттамаларды білу: конвенциялар, үрдістер мен сабақтастық, жіктелімдер мен санаттар, критерийлер, әдістемелер және т.б.

- Тиісті саладағы әмбебап нәрселер және абстрактілерді білу – қағидаттар мен жалпылаулар, теориялар мен құрылымдар және т.б. түсіну негізгі идеяларды ұйысдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен идеяларды түсінетіндігін көрсету:

- Интерпритация;

- Экстраполяция. Сұрақ қою үлгісі: Алма мен апельсинді пайдаланудың денсаулыққа пайдасын салыстырыңыз.

- **Қолдану** Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану. Сұрақ қою үлгісі: Бәліш пісіріу үшін алманың қандай түрі жарамды, неліктен?

- **Талдау** Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау:

- Элементтерді талдау;

- Қарым-қатынасты талдау;

- Ерекше байланыс орнату;

- Жоспар әзірлеу немесе ұсынылатын операциялар жиынтығы;

- Абстрактілі қатынастардың жиынтығы негізіндегі қорытындылар.

**Бағалау** Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау, бірқатар критерийлердің негізінде идеяларды негіздеу және жұмыс сапасын бағалау:

- Ішкі дәлелдемелер тұрғысынан жасалған қорытынды;

- Сыртқы критерийлер тұрғысынан жасалған қорытынды.

Сұрақ қойылу үлгісі: Мектептен кейін балаларға алма бөлішін берген пайдалы деп санаймыз ба? Неге – ия немесе неге – жоқ? Сын тұрғысынан ойлау ең соңғы сатысында ойлау үдерісінің анағұрлым жоғары деңгейімен байланыстырылатынына қарамастан, Блум таксономиясына сәйкес, атлаған деңгейлердің барлығы сын тұрғысынан ойлау үшін қажет деп қарастырылады. Білімді сын тұрғысынан қолдану, талдау, жинақтау және/немесе бағалау алдында жинап, ұғынып алу керек.

Мұғалімдер үшін сын тұрғысынан ойлаудың маңызы Сын тұрғысынан ойлауды, әдетте, білім берудің кейінгі кезеңдерімен – орта мектептің жоғары сыныптары мен жоғары оқу орындарында оқушылармен байланыстырады. Алайда сын тұрғысынан ойлаудың

негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды есеп шығару қабілеттерін дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болады. Бұл жолдағы ең оңтайлы тәсіл – балаларды өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру. Бізде балалардың қызығушылығын оятып, олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын, әлемнің түрлі бөліктеріндегі және тарихтың түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс салты туралы мысалдар жеткілікті.

Оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері:

**Ұтымдылық:** ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақ қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзіндік сана-сезімге қатысты эмоция да болуы ықтимал).

**Сыңаржақтылықтың болмауы:** барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру баламалы интерпритацияларға ашық болуға ұмтылу.

**Пайым:** дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау. Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу). Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну. Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады: олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекте ашық болады. СТО-ның стратегиялары 60-қа жуық. Біз өз тәжірибемізде 3 түрлі стратегияны қолдандық. Олар:

**Кубизм стратегиясы** – кубик жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі есеп жазылады. Мұғалім кубті ортаға тастап, қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы есепті шығарады.

**Эдвард де Бона** «Ақылдың алты қалпағы»

«Алты қалпақ» әдісінде ойлау алты түрлі тәртіпке бөлінеді, олардың әр қайсысы шляпа түрінде өз түсі болады.



Сурет 1



Сурет 2



Сурет 3



Сурет 4

**Қызыл қалпақ.** Сезім. Көкейкөз, сезім және сезіну. Сезімге негіз беруді талап етпейді. Есепке сенімді түрде өз жауабын айтады.

**Сары қалпақ.** Айрықша. Мұны неге істеуге болады? Айрықшалығы неде? Не үшін оны істеу керек? Неге бұл істеледі? Жауапқа сыни көзбен қарап өз сұрақтарын ортаға салады.

**Қара қалпақ.** Сақтық жасау. Талқылау. Бағалау. Шын ба осы? Есептің жауабына сенімсіз болады.

**Жасыл қалпақ.** Шығармашылық. Түрлі ойлар. Жаңа ойлар. Ұсыныстар. Тиісті шешімдер мен іс-әрекеттердің қайсысы? Баламалары қандай? Есептің дұрыс жауабын білу үшін шығару жолдарын айтады.



Сурет 5

**Ақ қалпақ.** Ақпарат. Сұрақтар. Есептің берілгенін оқып, сұрағына назар аударады.



Сурет 6

**Көк қалпақ.** Ойлауды ұйымдастыру. Ойлау туралы ой. Берілген есепке байланысты топтағы ойды, сұрақтарды, пікірталастарды қайтадан ойлайды.

Теориялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау бастауыш сынып мұғалімдерінің СТО пайдалануға даярлығы жоғары, орта, төменгі деңгейде болып қалыптасатынын анықтауға мүмкіндік береді.

**Анықтау экспериментін қорытындылай келе мынадай тұжырым жасадық:**

Бастауыш мектептің оқу үрдісін жетілдіруде сыни тұрғыдан ойлануды математика сабағында қолдану өзектілігі мен педагогикалық маңыздылығын ұғынады;

**Қорытынды.**

Бастауыш мектепте сыни тұрғыдан ойлану технологиясының әдістемесін жасау оны қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар бізге төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- ✓ Өзара сыйластықты және сыпайы қарым-қатынасты нығайта отырып, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына жағдай туғыздық;
- ✓ Оқушылардың жеке басының тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандырдық;
- ✓ Оқушыларды бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру мен шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал жасадық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық – Назарбаев Зияткерлік мектептері, педагогикалық шеберлік орталығы.

- 2 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – 1998 ж, Мирсеитова С.  
 3 Педагогика ғылымдары – Мырзатай Қожабайұлы, Ләззат Байқоңырқызы.  
 4 Математиканың теориялық негіздері – Оспанов Т. Қ., Құрманалина Ш. Х., Құрманалина С. Х.  
 5 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология – Тараз, 2003.  
 6 А. А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособие. [Мектептегі критериалдық бағалау: оқу құралы] – Пермь мемлекеттік педагогикалық университеті – Пермь, 2010. – 84 б.  
 7 Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – 1998.  
 8 Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. – Алматы, 2007.  
 9 Рақышова Г.А., Игибаева А.К. Жаңаша оқыту – жетістік көзі. // Вестник КАСУ.- № 1. – 2006. – 121 б.  
 10 Математика. Демонстрациялық материалдар А.Ақпаев., Л.Лебедева 2013, Алматыкітап.  
 11 2 сынып оқулығы – Оспанов Т.Қ., Қайымбаев Ж. – 2013.

#### ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ

БАЙЗАКОВА М. Е.  
 студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
 ШАЙМЕРДЕНОВА А. К.  
 аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
 КАЖИКЕНОВА Г. М.  
 аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлеуметтік қызметкердің отбасымен жұмыс жүргізуіне тиісті кәсіптік білім ғана емес, сондай – ақ жеке дайындығы болуы, белгілі кәсіптік – этникалық норма мен принципті ұсатуы керек. Өз клиенттеріне ықпал етуі, кәсіби мәселелерді, әлеуметтік жұмыс туралы білімді, тәжірибені игеруде, оның заң жүзіндегі өкілеттілігі мен мәртебесі және беделі, харизматикалық (харизма – бедел, жеңімпаз (М. Вебер), ерекше қасиеті мен таланты және жеке өзіне тән тартымдылығымен ғана шешуге болады. Әсіресе, оның интеллектуалды, жалпы мәдениетті, адамгершілік әлеуметтілігі ретінде қызметкердің жеке қасиеті маңызды.

Осындай қалыптасқан және бекітілген қасиеттерінің арқасында әлеуметтік қызметкер өзінің кәсіптік қызметін неғұрлым тиімді жүзеге асыра алады. Жеке алғанда, бұл оның халықтың әртүрлі әлеуметтік

топтары және олардың ерекшеліктері туралы мәлімет алуына, өз ісінің салдарын алдын – ала білуіне, адамдардың әртүрлі категорияларымен (жеткіншектерімен, жетім балалармен, мүгедектермен, жалғыз басты аналармен, егде адамдармен және т.б.) қарым – қатынас жасауға, клиенттерге мейірімділік танытуға, олардың сеніміне енуге, қактығыс, сәтсіздік, жұмыс қиын кездерде клиент өмірінің жыныстық мәселелеріне сыпайыгершілік және сезім тұрақтылығын танытуға, клиентке деген ізгіниеттілікті, сабырлықты және ілтипаттылықты сақтай отырып, өз борышын адал орындауға мүмкіндік береді [5].

Осының бәрі әртүрлі жеке тұлғалық қасиеттің болуын шынымен талап етеді. Арнайы әдебиетте жеке тұлғаның мейірімділік бағыты, жеке және әлеуметтік жауапкершілігі, ізгілік пен әділеттіліктің күшейтілген сезімі, өз басының беделін сезіну және басқа адамның беделін сыйлау, шыдамдылық, мейірімділік, тәртіптілік, эмпатиялық (қоса уайымдау), басқаны түсінуге және оған көмек көрсетуге дайын болу, сезім тұрақтылығы, өзінің бағалауы, талап етуі және әлеуметтік дағдылануы бойынша қасиеттерді жиі атап көрсетіледі.

Әлеуметтік қызметкердің жеке тұлғалық қасиеті үш топқа бөлінеді:

1 психологиялық сипаттама, ол қызметтің осы түріне қатысты қабілеттіліктің құрамдас бөлігі болып саналады;

2 жеке сүйкімділік тиімділігін тудыруға бағытталған психологиялық – педагогикалық қасиет;

3 жеке сүйкімділік тиімділігін тудыруға бағытталған психологиялық – педагогикалық қасиет;

Жеке тұлғалық қасиеттің бірінші тобына психикалық үдеріске (қабылдау, еске сақтау, қиял, ойлау), психикалық күйге (шаршау, селқостық, есенгіреу, қобалжушылық, дағдарыс), ақыл – ой күйі ретінде көңіл қоюға, сезім (ұстамдылық, индифференттілік) және қайраттылық (табандылық, бірізділік, импульсивтік) сипаттамаға кәсіптік қызметтің қоятын талаптарын жатқызады.

Екінші топқа өз әрекеттерін бақылау, өзіне – өзі сын көзбен қараушылық, өзі бағалау, сондай – ақ есенгіремейтін қасиет – денені жаттықтыру, өзін – өзі иландыру, өз сезімін қайта өзгертіп және басқара білу жатады.

Үшінші топқа коммуникативтік (адамдармен тез байланыс жасай білу), эмпативтік (адамдардың көңіл – күйін таба білу, олардың мақсаты мен күткенін анықтай білу, олардың қажеттілігін бірге уайымдау), визуалдық (жеке тұлғаның сыртқы кейпінің тартымдылығы), шешендік (сөзбен сендіре және көзін жеткізе білу) және т.б. Айтылған

қасиеттер әлеуметтік қызметкердің кәсіптік, еңбек этикасын көрсетеді. Оның мазмұны моральдық құндылық пен норманың жиынтығына біріктірілген адамның еңбекке деген қатынасымен анықталады, ол еңбек қызметі саласындағы адамның мінез – құлқында сипатталады.

Шет елдің және Ресейдің мамандары әлеуметтік қызметкердің кәсіби этикасын түсіндіру кезінде АҚШ – та 1979 жылы қабылданған «Әлеуметтік қызметкер Ұлттық Ассоциациясын (ӘҚҰА) этика кодексінің басшылыққа алады. Оның негізгі алты бөлімінде әлеуметтік қызметкердің мінез – құлқы және оның өз міндеттерін орындауын, әлеуметтік қызметкердің клиенті, қызметтестері, тұлғалар мен ұйымдар, жұмыс берушілер, мамандығы, қоғам алдындағы моральдық міндеттерін анықтайтын этикалық принциптері баяндалған.

Әлеуметтік жұмыс профессионалдық қызметте жиі кездесетін түрлерге жатады. Мұнда көбінесе қызметкердің тиімді және үлгерімділігін анықтайды. Сондықтан әлеуметтік қызметкерді оқыту процесінде мамандықтың маңыздылығын ғана көрсетпейді, сонымен қатар тұлға ретінде рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Қазіргі әлеуметтік қызметкер өзіне профессионалдық білімін және дағдыны, жеке қасиеттерді міндетті түрде есепке алады.

Әлеуметтік қызметкер және оның клиенті ең бірінші рет клиенттің өміріндегі өте қиын жағдайда кездеседі, яғни адамға қауіп төнген жағдайда кездеседі. Клиент үшін әлеуметтік қызмет мекемесіне келу ол үшін сыннан өту болып табылады. Солай болғандықтан бұл мәселені сәтті шешу үмітін ғана білдірмейді, сонымен қатар өзінің жауапсыздығын мойындайды, яғни өзінің тәуелді болғанына қарамастан адам ішкі дүниесін мойындағанмен бұл әрқашан да тұлға үшін мойындау өте қиын. Бұндай жағдайда әлеуметтік қызметкердің клиентті өзінің күшіне және өз-өзіне сенімсіздікті жеңе ала ма, өзіне сенімді бола ала ма, өзінің қоршаған ортасы жағынан өзінің қадір қасиетін сақтай ала ма, мұндай кезде әлеуметтік қызметкердің жеке адамгершілік құндылықтарына тәуелді.

Массалық этикалық пікірді жоғары бағалау және адамгершілікті көрсетуге сәйкес шара ретінде әлеуметтік қызметкердің моральдық деңгейі бар. Сірә, әлеуметтік қызметкердің моральдық деңгейі ортадан жоғары болуы керек, яғни бұл оған адаммен қарым-қатынасқа түсуге

береді. Солай болғандықтан адам моральдың жоғары деңгейі арқылы басқа адамды түсінуге көмектеседі.

Әлеуметтік қызметкер өз жұмысына кірісерде, өзінің қызмет дәрежесіне тәуелсіз, клиент пен қоғамға жақсылық әкелуі керек.

Маман ретінде, әлеуметтік қызметкер ең біріншіден, клиентке шешілетін мәселелер приоритетін анықтауға көмектесіп, туындайтын қажеттіліктерді реттеп, көмектесіп, сондай – ақ, клиентті өзіндік көмек көрсету қызметіне қатыстыру шараларын қолдануы керек. Әлеуметтік қызметкер клиент пен қоғам жетістіктері үшін жауапты болады. Оның жауапкершілігі клиент жауапкершілігінен әлдеқайда күрделірек. Себебі, клиент тек өзінің қара басының жетістігін ойласа, әлеуметтік қызметкер қабылданған шешімдердің тек клиент үшін ғана емес, барлық қоғамдық мүдделерге де жауапты. Әлеуметтік қызметкер мен оның клиентін жалпы бір мақсат біріктіреді. Бірақ әлеуметтік қызметкер клиентпен бірге өз алдында әрекеттің белсенді бастамасын бейнелейді. Әлеуметтік қызметкер және оның клиенті әріптес болып табылады, бірақта маман мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін біледі. Ол өзінің қарым-қатынасы бойынша азамат, тәрбиеші, көмекші, жетекші ретінде өзін көрсетеді. Бірақ та әлеуметтік қызметкердің жағдайын әлеуметтік рольдер және қарапайым қажеттіктер арқылы ғана ақталмайды, сонымен қатар оған моральдық құқығын беретін адамгершілік қасиеттері ақталуы керек [5].

Әлеуметтік қызметкердің басты тұлғасы болып адамның ішкі, рухани құндылығы ретінде адамгершілік болып табылады. Оның моральдық және этикалық қажеттіліктерге сәйкес адамдарға жақсылық көрсету, игілікті істерді істеу керек.

Медицина қызметкерлері белгілі сөйлемді жиі айтады: егер ауру адамға дәрігердің әңгімесінен кейін жақсы болмаса, онда ол дәрігер емес. Бұл жағдай әлеуметтік қызметкерге қатысты. Егер клиентке әлеуметтік қызметкердің әңгімесінен кейін жақсы болмаса, онда ол клиенттің сенімін ақтамайды, онда мұндай әлеуметтік қызметкерге әлеуметтік қорғау қызметінде орын жоқ.

Әлеуметтік қызметкердің адамгершілік сезімі 3 қажетті компоненттерден тұрады: адамгершілік білімі, адамгершілікті сендіру және адамгершілікті қажеттілік.

Адамгершілік білімі. Этика, мораль және адамгершілік туралы білім негізін, оның ішінде маманданған қызмет облысында әлеуметтік қызметкер оқыту процесі кезінде орташа мамандықта, жоғарғы білім мекемесінде және квалификацияны жоғарлатудың факультетінде және курстарда білім алады. Болашақ маман адамгершілік мәнін ұғынады, ол оған туралы мазмұны және функциясы жайлы мәлімет алады, өзіндік адамгершілік нормаларын қызметкерлермен салыстырады, өзінің адамгершілік позициясын түзетеді. Жоғарғы оқу орындарында курсты өтпеген әлеуметтік

қызметкер өзінің интуациялық жақсы мен жаман түсінігін басшылыққа алады. Професионалдық этика қажеттіліктеріне сәйкес оған өзіндік моральдық орналастыруға мүмкіндік береді; бірақ бұл күнделікті бола бермейді.

Адамгершілікті сендіру – бұл профессионалдық моральдың әділеттілік қажеттілігіне әлеуметтік қызметкердің тәжірибеге және білімге сенімділік негізі. Адамгершілікті сендіру бұл маманның жеке дамудың жоғары сатысы болып табылады. Оған оның сезімі, олардың әлеуметтік практикадағы тексерісі, өмірлік және профессионалдық тәжірибесі жатады. Адамгершілік сендіру маманнан өзінің еңбегіне жауапкершілікпен қарай білуді, клиент пен қоғам үшін не істеді, не істеу керектігін қажет етеді. Адамгершілікті сендіру профессионалдық қызметке маманның теориялық және практикалық дайындығын анықтайды, яғни әлеуметтік жұмыс практикасында өзінің мінезі мен әрекетіне саналы түрде қарым-қатынасы болып табылады.

Сонымен қатар адамгершілікті сендіру өз бетімен ерекшеленеді, солай болғандықта практикалық қызметте жағдай туындауы мүмкін, яғни тұлға өзінің сеніміне қарамастан әрекет етеді, солай болғандықтан себептер пайда болады. Мұндай жағдайда тұлға өзімен өзінің принциптерімен алауыздық жағдайда болады.

Адамгершілік қажеттіліктері – әлеуметтік қызметкердің адамгершілік сезіміндегі жоғарғы дәрежесі. Ол профессионалдық этиканың сақтауды талап етудегі моральдық қажеттіліктерді сақтайды. Професионалдық этиканың сақтауды талап етудегі олар адамның ішкі қажеттіліктері болып табылады. Ол этикалық принциптерге сәйкес бүкіл өзінің эмоционалдық сапаларын ұйымдастырады, адамгершілік жағынан этикалық қиын мәселелерді шешуге бағытталған. Мұндай жағдайда профессионалдық этиканы сақтауды талап етудегі тұлға сапасының тұрақтылығы, күшті фактор, өзінің әрекеті мен қызмет мекеме үшін мобилизациялау намыс және міндет, аброй және адамгершілік ісі жатады. Маман өзінің адамгершілік қажеттіліктерін басқара отырып, әрекет жасай алмайды. Әлеуметтік қызметкердің адамгершілігі қабылданған белгілі еңбек коллективінде өзара әрекетке ұшырайды. Сонымен қоса әріптес оларды белгілі бір идеал ретінде жай ғана меңгермейді, сонымен қатар нақты шындықпен күнделікті салыстырады. Осы қарым-қатынас өз кезегінде профессионалдық моральдың мазмұнына өзара әсер етеді.

Сондықтан, адамгершілік білімі, сендіру және қажеттілік практикалық қажеттілікпен байланысты, бірақ олар әртүрлі ескертіледі.

Адалдық – әлеуметтік қызметкер үшін өте қажетті сапа. Адалдық, маманның шындықты айта білуі. Әлеуметтік қызметкер клиенттің

жағдайы, оның мәселелерін шеше білуі, жасалған қателіктері туралы шындықты айтуы керек. Бірақта адалдық пен сөзде ғана көрсетілмейді – ол істе де көрсетілуі тиіс. Әлеуметтік қызметкер клиенттің күтімін алдамау керек, егер ол оған көмек көрсетуге себеп берсе, айтқан сөзін жүзеге асыру керек. Егер әлеуметтік қызметкер объективті себептерге байланысты қызмет етуге көңілі болмаса, онда ол клиентке күмәні бар екенін хабардар ету керек. Бірақта егер ол жоспарды ойластырып, клиентке сөз берсе, онда ол өз сөзінде ұстануы керек.

Әлеуметтік қызметкердің намысы өзінің әрекетіне моральдық жауапкершілікпен көрсетіледі. Намыс тұлға сапасы ретінде оның, профессионалдық талаптарына және қоғамға индивидуалдық формаға әсер етуі болып табылады. Намыс реттеуші әрекет функцияларын орындайды, яғни моральдық және профессионалдық нормаларды орындаудағы таза формальды подходтан сақтандыру және шығармашылықты шешуде адамды талаптандырады. Қиын және стандартты емес жағдай болғанда, намыс тұлғаға дұрыс шешім қабылдағанда есіне салады.

Объективтілік. Әлеуметтік қызметкер – адам, клиентпен қарым-қатынасқа түскенде адами факторларды толығымен жоюға болмайды, бірақ та клиенттің мәселелерін бағалауы бойынша және оның сапасын әлеуметтік қызметкер өзінің эмоцияларынан босатуда объективтілікті сақтау керек. Жиіркенішті жағдайда ол клиентті қайта бағалап, одан мүмкін емес нәрсені талап етеді; оны бағаламай, клиентті жұмысқа салқындық күйіне келтіру объективтілік клиенттерге көмек көрсету топтарында бағалануы қажет – әлеуметтік қызметкер және қайта бағалауға құқығы жоқ және біреуге көмек көрсету туралы шешім қабылдау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әлеуметтік психологияға кіріспе : [оқулық] / Эллиот Аронсон ; ред. М. М. Тәжин ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. – 11 басылым. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
- 2 Әлеуметтану негіздері : [оқулық] / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега ; ред. М. М. Тәжин ; ауд. М. И. Амандосова [және т. б.]. – 9- басылым. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 464 б.
- 3 Әлеуметтік психология : [оқулық] / Дэвид Г. Майерс, Жан М. Туенж ; ред. М. М. Тәжин ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т. б.]. – 12 басылым. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 648 б.

- 4 Әлеуметтану теориясы : [оқулық] / Д. Ритцер, Д. Степнички ; ред. М. М. Тәжин ; ауд. Г. О. Әбдікерова [және т. б.]. – 10 басылым. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 830 б.
- 5 Бербешкина З.А. Этика социального работника // Теория и практика социальной работы: проблемы, прогнозы, технологии. – М., 2009.
- 6 Бодалев А.А. Психология общения. М. – Воронеж, 2010.
- 7 Роль профессиональной этики в управлении нравственным воспитанием // Под ред. Э.А. Гришина., Ю.В. Согомонова.- Владимир, 2011.
- 8 Демидова Т.Е. Профессиональное общение социального работника. – М., 1994.
- 9 Дробницкий О.Г. Понятие морали. – М., 2008.
- 10 Под ред. Дубровиной И.В. Мы живем среди людей: кодекс поведения. – М., 2009.
- 11 Теория и методика социальной работы. Ч.1,2 //Под ред. В.И. Жукова. – М., 2013.
- 12 Кобляков В.П. Этическое сознание. – Л., 2015.
- 13 Социальная работа за рубежом: состояние, тенденции, перспективы. Специальный выпуск // Под ред А. А. Козлова. – М., 2011.
- 14 Шмелева Н.Б. Профессиональное развитие личности социального работника в системе подготовки и переподготовки кадров. – Ульяновск, 2009.

#### ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҰЛТТЫҢ КЕЛЕШЕГІ

ГАБАСОВА Г. Е.  
Павлодар мемлекеттік технологиялық колледжі, Павлодар қ.  
КАБДУЛЛИНА А. А.  
Павлодар мемлекеттік технологиялық колледжі, Павлодар қ.

*«Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулерді тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет.»*  
**Н. Ә. Назарбаев**

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясында XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы»



атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – өркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс» – деп айтып өткен болатын.

Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады.

Елбасы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауын қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жол деп сүйген, Отан үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзенттеріне жолдады. Мәңгілік Елдің тамыры ұлт тарихында, ұлттың тілі мен ділінде. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат-«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақ тілі-елдің қазынасы. Қазақ тілінің шырыны бабалар өсиеті. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз». «Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде. Тіл- халықтың ең негізгі байлығы. Қазіргі заманда талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәрімізде қолдаймыз. Тіл білу- байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатымыз да белгілі. Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. «Келешекке кемел біліммен», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құдіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі. Елбасының үш тұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр.

Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,-дегендей өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл – заман талабы»,- деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Қазіргі кезде бірнеше тілді білген азамат қай ортада жүрсе де,

қандай жұмыс істесе де жолы ашық деп ойлаймын. Мемлекеттік тіл мемлекет өмірінің барлық саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін, орыс тілі ұлтаралық қатым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етуде. Біздің орталықта оқитын өзге ұлт өкілдері қазақ тілін үйренумен қатар салт-дәстүрін де біршама меңгерді деуге болады. Қазір кез келген орталықта оқитын тыңдаушыдан қазақ халқының салт-дәстүрі туралы сұрасаңыз, қиналмай-ақ өз білгендерін қазақша атауымен айтып береді. Өз ана тіліңді қадірлемей, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн. Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...» дегені көпке белгілі. Сонымен қатар «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деген болатын. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Қазір тіл үйренушілердің барлығы дерлік орыс тілін, қазақ тілін жақсы меңгерген. Сондықтан да тілдердің үштұғырлығының бір ұшы мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеру болғандықтан жұмыстың басым бөлігі қазақ тілін меңгеруге бағытталып отыр. Біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстанда тұратын барша азаматтың қазақ тілін меңгеруі. Бұған барлығымыз да үлкен түсіністікпен қараймыз. Ағылшын тілін білу игілікті іс. Қазір атқарылып жатқан қызметтің барлығы Қазақстанның әр азаматы аудармашының көмегінен қарым-қатынас жасай алатындай дәрежеге жетсек деген ниет. Бұл бәріміздің де дәрежемізді арттырады.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді... қысыл таян қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет

болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл».

Алда тұрған мақсатқа жету үшін талаптану да, тырысу да өз қолымызда. Көп болып қолға алынған іс әрқашан да жүйесін табады. Бір ауыз сөз көкке де көтереді, бір ауыз сөз жерге де кіргізеді. Алдымен қарым-қатынас тілінен бастасак ештеден де ұтылмай ақпарат ағымында үш тілде сөйлей алатынымызға ешкімнің де шүбәсі болмайды. Игілікті істің ерте-кеші жоқ екенінұмытпай, алдымен қазақ, кейінағылшын тілін үйренсек құба-құп.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білемін.

Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас.

Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ.

Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын тандай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көп тілді және көп мәдениетті құдіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың «Тілдердің үш тұғырлы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайданыланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жиһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген саликалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту

қажет. Кез келген ортан қол мектептің балаларға ең жоғарғы деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет» – деп ерекше атап көрсеткен. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалыс қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз керек. Бұл – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деген түсінеміз.

Барлық салалардағы жаңалықтардың қалыптасу заңдылықтарындағы үздік, озық тәжірибелерді оқып білу, оны тануда тілдің қажет екендігі белгілі. Себебі, өндірістің, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілдердің көптеген саладағы қызметі артып, күннен күнге тілдердің дамуы мен өзгеруі жеделдеуде. Әсіресе, біздің еліміз үшін экономика мен өндірісті, білім мен ғылымды, медицинаны, туризмді дамытуда, телекоммуникацияны жетілдіруде, ғарышты игеруде, тағы басқа қоғамның біршама салаларында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызметі дамып, үштілділік мәселесі белсенді қолданыс табуда.

Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, уық секілді қадалады.

Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Тіл үйренудің зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілінді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз елінің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді. Мемлекеттік тіл – ұлт тілі, қазақ тілі! Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі. Ағылшын қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек.

Егер біз, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол- қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттың өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге ететіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

Тарихи деректер сүйенсек «жетпіс тілді білген» Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап жеті тілді меңгерген көптеген ұлы тұлғалар бар. Солардың бірі ұлы ақын Абай ағамыз діни сауатын араб тілінде ашып, орыс тілін өз бетінше меңгерген өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағысын ешкімге бермегендігі мындаған жыл тарихынан айқын. Елбасының міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Қазіргі еліміздің тіл саясаты үш тілдің қатар қолданысын көздейді, үш тілді әрбір азаматтың меңгеруіне басымдық береді. Мұндай тіл саясатының өзіндік ұтымды да ұтымсыз да жақтары туралы мамандар да, сарапшылар да, бұқара көпшілік те жиі әңгіме етіп, тұс-тұстан пікір білдіріп қалып жататыны жасырын емес. Расында, мемлекеттік тіл болып есептелетін қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейте алмай, аударма тілінің деңгейінен аса алмай жатқанда, орыс тілінің белсенді ықпалы аз болғандай, ағылшын тілі оған үстемелене түседі деген пікірлердің де жағы бар. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» – деген ескерту айтқан болатын. Дегенмен, «Үш тұғырлы тілдің» мәнін, маңызын, халық пен болашақ ұрпаққа беретін үлкен пайдасын көпшілік ұғына алмауда. Одан бөлек, Президентіміз 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететініне кепілдік беріп отырады.

Тіл – ұлттың болашағы, бары мен базары деп алсақ, қателеспеген болар едік. Қазақ даналары: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп болашақ ұрпаққа бекер айтпаған. Соған орай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін өркендетуде көптеген іс-шаралар жасалуда. Тәуелсіздік алғаннан бері, елімізде тіл саясаты Елбасымыз Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да

сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Ол дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Қазір де тіл саясаты – назар аударарлық мәселелердің бірі. Оның тіл мәселесіне айналу себептерінің бірі қазақ тілінің қазіргі жағдайы болса, тағы бірі үштұғырлы тіл саясаты болып табылады. Үштұғырлы тіл саясаты – Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті ел болуының бірден – бір себепкері болып табылады.

Әрине үш тілділіктің заман талабына айналу себептері жайлы сұрақ көп. Бұл сұраққа алуан түрлі жауап алынады. Онда бұл саясаттың заман талабына айналуының басты себебі ретінде технология көрсетілген. Себебі қазіргі заманда барлық технология тілі, яғни бағдарламалардың кодтары ағылшын тілінде жазылған. Жаңа технологияны меңгеріп, жаңа заманға сіңісу үшін тіл білу керек. Тек ағылшын тілін ғана емес бірнеше тілді меңгеру технология саласы үшін өте маңызды. Қазіргі таңда ғаламторсыз күнді тіпті елестете алатындар жоқтың қасы. Сонымен қатар шет елдермен әртүрлі типтегі қарым-қатынас өте маңызды болып саналады. Сондай-ақ дамыған елдер қатарына кіру үшін ел экономикасын жоғары деңгейге жеткізе білу қажет. Сондай-ақ шет елдермен тәжірибе алмасу, білім саласында үлкен рөл атқарады, сол себепті де тіл білу қажет деген сияқты пікірлер білдіру арқылы респонденттер үш тұғырлы тіл саясатының заман талабына айналу себептерін көрсетіп өтті.

Үштұғырлы тіл саясатының басым жақтарына Қазақстан Республикасының шет елдермен дипломатиялық, достық және саяси қарым-қатынас орнатуын жатқызуға болады. Осындай қарым-қатынас кезінде жүргізілген келіссөздердің қай тілде жазылғанына байланысты мәселелер туындамайды. Сонымен қатар, бұл саясат білім жүйесінде де, шет елдермен тәжірибе алмасуға және ел тұрғындарына бірнеше тіл білу арқылы өз интеллектін жоғарылатуға мүмкіндік береді. ХХІ ғасыр – технология ғасырында болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуы да үштілділіктің басым жағы. Тек бұл емес, ел қамын ойлар болашақ ұрпақтың ақылды, бірнеше тілді еркін меңгерген және интеллекті жоғары болуының да кепілі болып табылады. Жұмысқа тұрар кезде немесе жоғары оқу орнына оқуға түсер кезде тіл білімі жайлы талаптар қойылатыны барлығына мәлім. Сол себепті үштілділік саясаты үштілді білетін азаматтардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне кепіл бола алады.

Бірақ үштілділік саясатын қолдана отырып, Республикамыздың өркендеуіне алып келетін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Оның ең маңыздысы, әрине, Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті

30 елдің қатарына қосылу мүмкіндігі. Тілдердің үштұғырлығы саясатының мақсаты үш тілді, нақтырақ айтқанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерін ел азаматтарының бірдей меңгеруін көздегенімен, негізгі мақсаты мемлекеттік тіл, қазақ тілінің, қолданыстағы орыс және ағылшын тілдерімен тең дәрежеде қолданылатын биікке жеткізіп, әлемдік тілдер қатарына қосу үшін нақты ұмтылыс жасау болып табылады. Ал бұл мақсат қазақ тілінің дами түсуі үшін керемет мүмкіндіктер ашады. Сондай – ақ, үштілділік саясаты елімізді бүкіл әлемге паш етіп, яғни Қазақстанның кереметтерін танытып, шет елдермен тереземіздің тең болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бірақ бұл қауіп-қатер мен әлсіздікті жою мүмкін емес дегенді білдірмейді. Саясаттың күштері мен мүмкіндіктері арқылы әлсіздіктері мен төніп тұрған қауіп-қатерді жоюға болады. Мысалы жоғарыда көрсетілген әлсіздікті, адамдарға үш тілді қатар оқытуды ерте бастан бастау арқылы жоюға болады. Сондай-ақ, қазақ тілінде сөйлейтін адамдар саны азаю қаупін мектеп оқушыларына бірдей үш тілді үйрету арқылы, яғни қазақ тілін және қалған екі тілді білу міндетін қою арқылы жоюға және қазақ тілін дамыту үшін жүргізілетін іс-шараларды мемлекеттік деңгейде жүргізу арқылы жоюға болады. Жұмыссыздық сияқты қауіп-қатерден де үш тілді еркін меңгеру арқылы құтылуға болады. Сонымен қатар, үштұғырлы тіл саясатының мүмкіндіктеріне жол ашу да бұл саясаттың оң әсерлерін көбейте түсуге болатынын білдіреді. Солайша саясаттың жаңа мүмкіндіктері мен күштері арқылы кез келген әлсіздікке тұсау қойып, қауіп-қатерден құтылу жолдарын табуға болады.

Үштұғырлы тіл саясатының заман талабына айналу себебіне байланысты пікірімді қорытындылай келгенде, талқыланып отырған мәселенің қаншалықты маңызды екені байқалды.

Ал үшінші тіл ретінде қарастырылып отырған ағылшын тілінің қазіргі қоғамда ойнайтын рөлі айқын және үлкен. Үштұғырлы тіл саясатының әсер етпейтін саласы жоқпен тең. Үштұғырлы тіл саясаты алда келе жатқан «EXPO – 2017 бүкіләлемдік көрмеге» де тікелей әсер етеді.

Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек... Бұл сөздерді президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында айтады. Сонымен қатар, ол: «Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып,

ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз.

Ағылшын тілін білген адам шексіз мүмкіншіліктерге ие болады. Ағылшын тілі – әлемдегі ең кең тараған тіл. Шамаммен, бұл тілде жер бетінде бір миллиардтан астам адам сөйлей алады. Әлемдегі экономикасы дамыған мемлекеттер- Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Сонымен қатар, ондаған мемлекеттердің ресми тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33 %-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1 %-ы ғана неміс тілінен аударылады.

Бүгінгі таңда үш тұғырлы тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үш тұғырлы тілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Үш тұғырлы тіл қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Осы қағиданы басшылыққа алып, ұстаздарымыз үш тілді еркін меңгерген, өз білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын ұрпақ тәрбиелеуге кірісіп те кетті. Қазіргі ақпараттық технологияларының дамыған заманында үш тілді меңгеру қиындық тудырмайды. Оқушылар ағылшын тілін тек қана сабақ барысында емес, ғаламтордың көмегімен де еркін меңгеріп жүр. Үш тұғырлы тілді үйрету арқылы біз болашақта көкірегі ояу, көзі ашық, әлемдік мәдениетке көзқарасы қалыптасқан азамат тәрбиелейміз деген ойдамын. Ақын Қадыр Мырза – Әли ағамыз айтқандай: «Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» – дей келе, ана тілімізде құрметтейік, ал өзге тілдерді меңгеруге барынша құлшыныс жасайық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, 2008
- 2 Ғабжәлелов Х. // Тасжарған., 2008
- 3 Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007

4 Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, 2008

5 Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері

## БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕ БАЛА БАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

ДАУЛЕТБАЕВА Д. Т.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
ЖОМАРТОВА А. Д.  
аға оқытушы, «Психология және педагогика» кафедрасы,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мектеп жасына дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның тығыз ынтымақтастағы кезінде ғана мүмкін болады. Ата-аналардың балаларға тәрбие беру міндеті ҚР Конституциясында [1], ал балалардың отбасындығы құқығы бала құқықтары туралы конвенцияда [2] белгіленген. Отбасы – барлығының басы, жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық дамуын ескере отырып жарасымды жетілген ұрпақ тәрбиелеу.

Білім беру жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының басымдық бағыттарының бірі болып табылады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында білім беру жүйесінде басымдылықтарды анықтады және біздер – педагогтар алдына күрделі мақсат – әлемдік деңгейдегі білім орталық болуды қойды [3].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай

сүйгенін қалайды. Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибенің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сау ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;
- отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;
- отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалау;
- баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балаға бірден бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Отбасы баланы әлеуметтендірудің алғашқы институты ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық адамгершілік саулығының негіздерін қалайды. Баланың жетістіктерін қажеттілігін қалыптастырады. Ресми және бейресми ереже, ұстанымдар нормалар мен белгілер кешенін анықтайды. Баланың қоғамда өмір сүруге даярлығын реттейді және бақылайды. Баланың әлеуметтік байланыстар туралы ұғымын қалыптастырады. Баланың мінез құлқының жалпы адамзаттың моральдық және мәдени стандарттарына үйретеді. Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің баланың жеке қабілеттеріне, денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндіктеріне сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын таңдауға құқығы бар.

Ата-ананың бала тәрбиесінде бала бақшамен бірге атқарылатын жұмысқа қатысты ақпаратты болуын білу мақсатында біз шағын зерттеу жүргіздік. Зерттеу барысында ата-анаға келесі сұрақтар қойылды:

- 1 Сіздің балаңыз балабақшаға қуана-қуана бара ма?
- 2 Ол жаңа тәртіп ережелерге бейімделді ме?
- 3 Өзінің оқу жетістіктерімен, сәтсіздіктерін уайымдайды ма?
- 4 Өзінің мектепте көрген білгендерімен сізбен бөлісе ме?
- 5 Эмоционалдық алғаш әсерлердің қай түрі басым?

6 Үй тапсырмасын орындауда қандай қиыншылықтарды бастан кешіреді?

7 Бала сыныптастары жөнінде жиі шағымдана ма?

8 Оқу жүктемесін меңгере ала ма?

9 Былтырғы жылмен салыстырғанда, оның тәртібі қалай өзгерді?

10 Себепсіз сұрақтар жөнінде жиі шағымдана ма?

11 Қай кезде ұйықтайды? Тәулігіне неше сағат ұйықтайды?

Ұйқысы былтырғы жылмен салыстырғанда өзгерді ме? /егер өзгерсе, қалай?

Жүргізген сауалнаманың нәтижесі бойынша топ ата аналарының біршама пайызының педагогикалық білімі жоқтығы, сонымен бірге балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастыққа селқос қарайтындығын байқадық. Осы орайда ата аналардың педагогикалық білімдерін көтеру үшін, балабақша мен отбасы ынтымақтастығын жоғарлату үшін зерттеулерді саралап, көрсетуге болады:

Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады. Біріншіден, бұл – ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы болып табылатын ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысында топтың тіршілік әрекетінің мәселелері талқыланады. Ата-аналар жиналысына дайындық кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

- жиналыс мақсатқа бағытталған болуы;
- ата-аналардың өтініші мен қызығушылығына жауап беру;
- нақты белгіленген тәжірибелік мінездеменің болуы;
- диалог түрінде өткізілуі;
- жиналыста бала кемшілігін және бала тәрбиесіндегі ата-аналардың қателіктерін жарияламау керек.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыратын формалардың бірі – ата-аналар конференциясы. Бұл форманың бағалылығы, мұнда ата-аналармен бірге қоғамдастық та қатысады. Конференцияға педагогтар, аудандық білім бөлімінің қызметкерлері, медициналық қызмет өкілдері, бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-психолог және т.б. қатыса алады.

Ата-аналармен жұмыстың бір формасы – тренингтер. Тренингтік ойын жаттығулары мен тапсырмалары баламен іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдеріне баға беруге, жағымсыз формаларды конструкциялыққа ауыстыруға көмектеседі. Ойын тренингіне тартылған ата-ана баламен сөйлесуді бастайды, жаңа шындыққа жетеді [4].

Заманауи кезеңдегі тағы бір қызықты формалардың бірі – әртүрлі конкурстарды – сұрақтар мен жауаптар кештерін өткізу болып табылады. Бұл форма өзінің педагогикалық білімін нақтылауға, оларды практикада қолдануға, жаңалықты білуге, бір бірімен білімін толықтыруға, бала дамуындағы кейбір мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен өткізетін жұмысының тиімділігі төмендегілер куәлік етеді:

- біріншіден, мектепке дейінгі ұйымда, нақты топта балалармен білім беру үрдісінің мазмұнына ата-аналардың қызығушылығы;
- екіншіден, ата-аналардың өздерінің бастамасымен туындаған пікірталастар;
- үшіншіден, ата-аналардың сұрақтарына өздерінің жауаптары;
- төртіншіден, ата-аналардың тәжірибелерінен мысалдар келтіру, педагогқа баланың ішкі әлеміне қатысты сұрақтар санын көбейту;
- бесіншіден, ересектердің тәрбиешімен жеке қарым-қатынасқа ұмтылуы, тәрбиенің сол және өзге әдістерін қолданудың дұрыстығы туралы ата-аналардың ойлануы;
- алтыншыдан, педагогикалық жағдайларды сараптау кезінде олардың белсенділігін көтеру, пікірталас сұрақтарын талқылау және міндеттерді шешу.

Психологиялық тұрғыдан алғанда сурет арқылы да біраз құнды мағлұматтар алуға болады. Ата-аналарға тарапынан балаларға кейде онша көңіл бөлінбейтінін, балаларымыз шеттеп, көңілі жабырқаулы күйде жүретінін байқауға да болады. Осындай көңіл күй болған кезде балаларымыздан «Мен олардың ұрысқанын қаламаймын», «Алысқа кеткенін жақсы көремін», «Маған әке көп ұрысады», «Мен істеген ісімді дұрыс емес дейді» деген сияқты ойларды оқуға тура келеді. Не себепті баланың көңілі толмайды? Гүлдің сусырап шөлдейтіні сияқты бала да ынта – ықыласқа шөлдейді. Ата-ананың балаға бар жағдайы жасаудан басқа мейірім, жылуы, қамқорлығы қажет. Әке мен шеше өзін тәрбиешімін дей отырып өздері де тәрбиеге енуі қажет. Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде, бала психологиясының дұрыс қалыптасуында ата – ананың да, тәрбиеші- ұстаздың да атқаратын рөлі зор. Сондықтанда отбасы мен балабақша ынтымақтастығының өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ өміріне тигізетін әсері өте зор. «Ұстаз – бағбан, бала – гүл» деген қағида әр тәрбиешінің ұстаздың ұстанымы. Осы қағиданы ата – ана мен ұстаз бірігіп пайдалансақ балабақша балалары үшін

ең сүйікті мекенге айналар еді. Бағбанға гүлдің әйтеуір өскенінен әдемі болып өскені қажет, ата-ана мен ұстазға да баланың әйтеуір ержеткенін әдепті болып есейгені қажеттірек. Бағбан өзінің өсірген гүлінің санымен емес, сапасымен мақтанады, ата-ана да баласының әдептілігімен мақтануы тиіс.

Қазіргі таңда отбасылық қатынастарды жүзеге асыру үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет:

- біріншіден, баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу;
- екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шағын ортасын зерттеу үшін біріге әрекет жасау.

Одан кейін отбасының ортақ мәдениетін көтеруге және ата-аналардың психологиялық–педагогикалық құзырлығына ықпал ету, оларға балалармен жұмыстың дағдыларын қалыптастыруда теориялық және практикалық көмек көрсету, отбасына жеке-дифференциалды тәсіл нәтижесінде ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен біріккен шығармашылығын қолдану керек.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында сенімді қарым-қатынас құру үшін педагогтың бала отбасына үнемі зерттеу жүргізгені жөн. Бұл үшін ата-аналар жасындағы айырмашылықты, олардың білімін, ортақ мәдени деңгейлерін, сондай-ақ, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, олардың тәрбиеге көзқарастарын, отбасылық қатынастардың мінездемесін, т.б. білу қажет.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес, тиімді формаларының бірі – шағын жиналыс. Қызықты отбасы анықталып, оның тәрбиелеу тәжірибесі зерттеледі. Одан кейін шағын жиналысқа екі-үш отбасы шақырылады, онда отбасы тәрбиесіндегі позицияларымен, отбасының дәстүрлі тәрбиесі туралы бөліседі.

– Баланың жеке тұлғасын ересектермен бірге формалау және зерттеу. Ата-аналармен біріккен мұндай зерттеулерде жұмыстың нақты мазмұны жоспарланады және әріптестік формасы таңдалады.

Ата-аналармен жұмыста педагогикалық консилиумдарды қолдану керек. Консилиум құрамына меңгеруші, негізгі қызмет бойынша меңгерішінің орынбасары, тәрбиеші, педагог-психолог, мұғалім-логопед, бас медбике, ата-аналар комитетінің мүшелері. Консилиумда отбасының тәрбиелік потенциалы, оның материалдық жағдайы және отбасындағы бала статусы талқыланады. Консилиум жұмысының қорытындысы бала тәрбиесінде ата-аналарға көмек мөлшерін анықтау, ата-аналар әрекетінің жеке коррекциясына қарай бағдарламалар әзірлеу болуы мүмкін.

### **Балабақша мен отбасы арасындағы жұмысты ұйымдастырудың жаңаша бағыттары.**

Қазіргі өмір талабы жаналыққа жарша болу, үзіліссіз тәрбие негізінен бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бала тәрбиелеуді іске асырушыла – балабақша мен отбасы. Балабақша тәрбиешілері ата-аналарды педагогикалық үрдіске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруларына ықпал етуде. Ата-ана мен балабақша атқаратын істер әрқилы болуы себепті бірінің жұмысын екінші атқара алмайды. Сондықтан олардың қарым-қатынасы бірін бірі толықтыруы, түсінісу бағытында құрылуы тиіс.

Жұмысты ұйымдастырудың жаңаша бағыттары:

- Балаларға біркелкі талаптармен бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету;
- Баланың отбасы мен балабақшада психологиялық-психалық-физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;
- Балалармен бірлескен іс-әрекет түрлеріне қатысу;
- Баланың жеке дамуы үшін білім беру траекториясын құруда баланың бейімділігі мен отбасы қажеттіліктерін есепке алу;
- Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылықтарын жетілдіру, оқыту бағдарламаларын меңгерту;
- Балалардың шығармашылық әрекетін дамыту;
- Жоспарлау және бақылауды ұйымдастыру;
- Қалыптастыру мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;
- Әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмектесу;

Қорытындылай келе, қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айқындалған. Сондықтан ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе боп отыр. Ата – анамен балабақша ынтымақтастығы, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе ұядан ұшқанда да сол өнеге – өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Ғабиден

Мұстафин айтқандай «ата – ана қадірін білген бала халық қадірін білер, халық қадірін білген бала ата – ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата-ана және ұстаз боп үйрету керек». Ендеше «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасы балабақша бірлесе ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, елдің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез-келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата – аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі [5].

Осыдан бір неше жыл бұрын ата-аналар үшін балаларының уақытылы тамақтануы, қаралуы ғана маңызды болса, бүгінгі ата – аналар үшін аталған шарттармен қатар баланың сапалы білім мен саналы тәрбиемен қамтамасыз етілуі де аса маңызды. Сондықтан ата – аналар қауымын мекеме жұмысымен таныстырудың бірден – бір жолы оларды мекеме жұмысына, яғни бала тәрбиесіне белсендіре араластыру болып табылады. Ал ол үшін ата – аналарды мекемеде жасалып жатқан жұмыстарға қызықтыра білуі қажет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға жан – жақты тәрбие беру мен дамыту мәселесін балабақша жоспарлы түде шешеді, отбасына педагогикалық көмек бере отырып белгілі бір жетістіктерге жетеді.

Олай болса бүгінде ата – анамен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін отбасымен балабақша бірлесе отырып ат салысуымыз керек.

Сол себепті балабақша мен отбасы арасындағы байланысты жақсарту үшін келесі жұмыстарды ұсынамыз:

Осыған байланысты отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы үшін ата-аналармен бірлесе атқаруға болатын жұмыстар түрлерін ұсынамыз:

1 тақырыптық кеңес (ата-аналарды психологиялық педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту)

2 педагогикалық семинар (отбасылық тәрбиенің әдіс-тәсілдеріне арналады)

3 шығармашылық кештер (балабақшаішілік және топішілік болып, озық қабілетті, танымал ата-аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады)

4 топ ішілік ата-аналық жиналысы

5 бақша ішілік ата-аналық жиналысы

6 топқа ата – аналарды тартудың қажеттілігі

7 ата-аналармен жеке кездесу

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014 жылғы 11 қараша

2 ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

3 Давыдова О. И., Богославец Л. Г., Майер А. А. Балабақшада ата-аналармен жұмыс: Этнопедагогикалық тәсіл – М.: ТЦ Сфера, 2005. – 144 б. -(«МДҰ басқару» журналына қосымша)

4 Зверева О. Л. МДҰ ата-аналар жиналысы: әдістемелік құрал /О. Л. Зверева, Т. В. Кротова. – М.: Айрис – пресс, 2006. – 128 б. – (Мектепке дейінгі тәрбие мен дамыту)

5 Макаренко А. С. Ата-аналарға арналған кітап / А. С. Макаренко. – М.: Просвещение, 1968.

#### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ БІРІ – ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫ

ҚОЖАМҰРАТОВА Г. Ә.

студент, ПМПУ, Павлодар қ.

ЖУМАБАЕВА З. Е.

к.п.н., доцент, профессор, кафедра меңгерушісі,  
ПМПУ, Павлодар қ.

«Министрлік «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын бастады. Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптан бастап енгізілді. Білім берудің жаңарту жолдары немесе біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1 Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер.



- 2 Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- 5 Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- 6 Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
- 7 Білім берудегі басқару және көшбасшылық [1].

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады. Жаңартылған білім мазмұны арнайы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізіледі: 2016 жылы – 1-сынып, 2017 жылы – 2,5,7 сыныптар, 2018 жылы – 3,6,8,10-сыныптар, 2019 жылы – 4,9,11,12- сыныптар. 2020 жылға қарай 12 жылдық құрылыммен жаңартылған білім мазмұнына көшу барлық сыныптарда аяқталады [2].

Жаңартылған білім беру бағдарламасының дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:

- 1 Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.
- 2 Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- 3 Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
- 4 Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- 5 Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;

6 Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

7 Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

8 Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Жаңартылған білім беру мазмұнының бір жаңалығы, бастауыш мектептің 3–4 сыныптарында оқушыларға ақпаратты іздеу, талдау және тасымалдау дағдыларын үйрету мақсатында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқытылатын болады. Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату. Жаңартылған білім беру мазмұнын белгілейтін типтік оқу жоспарында 1–4 сыныпқа арналған тілдерді деңгейлеп оқытуда (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері) тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын үйрету жоспарланды [3].

Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшеліктерінің бірі – оқу дағдылары. Олар: оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым. Аталмыш дағдыларға төмендегідей сипаттамалар береміз:

#### **I Оқылым**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай оқылым дағдысын қалыптастыру үшін мұғалімдерге ұсынылатын тиімді әдіс тәсілдер:
  - оқушылардың бұған дейінгі біліміне жүгіну, мәтіндегі ақпаратты лайықты түрде пайдалауға уәждеу;
  - мәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын ашу;
  - сабақтарды оқылым алды, оқылым кезінде, оқығаннан кейін деп құрылымдайды және оқылым әр сабақта орын алады деп күтеді;
  - оқылым үшін қызықты, сан-алуан, әдемі қол жетімді ресурстарды пайдаланады;
  - оқушылар мәтінді жүгіртіп және қайта оқиды;
  - оқылым тапсырмалары бойынша игерген сөздік қорын тәжірибеде қолданып көреді және баюына назар аударады;

- жаңа сөздерді қолдануға жаттығуға мүмкіндік береді;
- мәтіннің негізгі идеясы мен нақты ақпаратты айқындауға арналған жаттығуларды орындауға береді;
- уақыт бойынша оқу тапсырмасы және жүгіртіп оқуға дағдылануға арналған оқылым тапсырмалары беріледі.

## II Тындалым

Тындалым – «аудирование» термині – «есту арқылы түсіну» деген мағынаны білдіреді. Айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тындай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. Тындалым кезінде тілді меңгерген тындаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді.

Тындалым дағдысы бойынша:

- негізгі ойды түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- түсінгенін практикада қолдана білу;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыта білу дағдыларын қалыптастыруда мына әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады:

1 Оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;

2 Барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту;

3 Өзін ойын жеткізу, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту;

4 Проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру;

5 Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану;

6 Ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты – оқушының қабілетін дамыту, еңбек етуге баулу, ұйымшылдық қабілеттерін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқару. Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады:

- Ынтымақтастыққа үйренеді;
- Жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді;
- Өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді;
- Өзіне өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді;
- Бір бірін тындауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға үйренеді.

## III Айтылым

Айтылым оқушының өз ойын, алған ақпаратын жүйелеп, екінші адаммен ұғынысуға, қарым-қатынас жасауға үйрету дедік. Айтылым әрекетін жүзеге асырудағы қолданылатын интерактивті әдістердің барлығы ұжымдық, жұптық әрекет арқылы іске асады. Жұптық, ұжымдық әрекеттегі қатысымдық әдіс арқылы тілдік әрекеттің барлық түріне жаттығады. Айтылым әрекетінде қатысымдық ойындар, түрлі пікірталас, тақырыпқа сәйкес жағдаяттық тапсырмалар, проблемалық сұрақтар, топтағы полилогты, жұптағы диалогты ұйымдастыруға болады. Оқушылар осы тапсырмаларды бірлесе талқылап, орындау кезінде бір бірімен қатысымдық әрекетке түседі. Оқушы ақпарат алып қана қоймайды, практикалық сөйлеуге дағдыланады, өз ойын түсінікті жеткізуге, қарсы сөйлеушінің сұрағын, пікірін бірден түсініп, жылдам жауап беруге үйренеді, сондай-ақ оқушы алғашқы күннен қазақша ойлауға, сөздікті пайдаланбай өз пікірін жеткізуге, басқа да көмекші құралдардың көмегіне еркін сөйлеуге үйренеді. Ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге қалыптасады, мұнда ақпарат беруші де, алушы да білім алады.

## IV Жазылым

«Жазылым» деген сөздің мағынасын ашып алайық. «Жазылым» термині «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Оқушылар жазылым дағдысы бойынша мынадай жұмыстарды жаза алады: шағын өлең жолдары, шағын әңгіме, ашықхат (құттықтау), E-mail хаттар, диалогтер, қойылым сценарийлерін, жарнамалар, газет-журналдарға мақалалар, пікірлер, оқиғаны аяқтау, эссе. Бұл жазба жұмыстарын 5 бағытта топтастыруға болады: еркін жазу, әңгімелеу, сипаттау, түсіндіру, дәлелдеу [4, 112 б.].

Жазылым төрт дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тындаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра бетпе бет сөйлесу мен тындауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы дәл осындай асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана білу. Әрине, жаңа бастаманың қашанда қиындығы да қызығы да аз болмайды. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017 ж. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президенті 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

3 «Жаңартылған бағдарламалар бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндерді оқыту ерекшеліктері» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясы. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы

4 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.

#### ПРИМЕНЕНИЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ

КУЛАХМЕТОВА М. С.  
к.ф.н., ПГПУ, г. Павлодар  
КАИРДЕНОВА А. А.  
студент, ПГПУ, г. Павлодар

Многообразие мирового сообщества выдвигает на первый план межкультурную коммуникацию как важнейший фактор интеграции человеческого общества. Основой интеграционных процессов в казахстанском обществе является процесс модернизации образования. В основных положениях Концепции развития образования отмечается, что свободное владение иностранным языком выпускника современной школы, – это назревшая жизненная необходимость, поскольку интенсивные темпы и уровень развития науки и техники в мире требуют владения иностранными языками для более качественного и полноценного получения необходимых знаний, умений и навыков [1]. При этом главной целью обучения определено формирование новой личности учащегося: владеющей пониманием культурных смыслов не только собственной культуры, но и иностранной.

Поскольку в основе языковых структур лежат социокультурные структуры, то для активного использования языка как средства общения необходимо как можно глубже знать «мир изучаемого языка» [2].

В связи с этим перед методистами и педагогами иностранного языка возникает проблема формирования лингвокультурологической компетенции (осознание языка как феномена культуры, культурно-исторической среды, национальной специфики языковой картины мира, национально – культурного компонента значения языковых единиц) наряду с компетенцией коммуникативной.

Лингвокультурологическая компетенция предполагает развитие у учащихся необходимых знаний учебного культурологического материала; владение минимумом общелитературной лексики, знание языковых средств (лексических, грамматических), дающих возможность активно вступать в процесс общения.

При этом необходимо учитывать, что наиболее полно и ярко национальная культура проявляется в таких единицах языка, как слова, фразеологизмы, пословицы, поговорки и крылатые выражения. Именно этот пласт языка отражает внеязыковую

действительность, называет предметы и явления окружающего нас мира, фиксирует содержание, восходящее к условиям жизни народа – носителя того или иного языка, являясь зеркалом и хранителем национальной культуры [3].

Пословицы, поговорки, фразеологизмы развивают языковую интуицию учащихся, формируют привычку думать лингвистическими понятиями. Эти единицы языка имеют аналоги в родном языке обучающихся. Их сопоставление показывает не только структурные различия типологического характера, но и затрагивает глубинное понимание образности мышления носителей языков.

С этой целью в обновленном содержании образования при обучении языкам при изучении новой лексики в новом учебнике даются слова не только с переводом на русский, но и казахский. При изучении новых слов и выражений, учащиеся повторяют эти же слова на русском и казахском языках, что развивает триязычие. Например, wolf- касқыр- волк.

Таким образом, лингвокультурологическая компетенция предполагает не только практическое овладение языком и основами лингвистики (формирование языковой, коммуникативной, лингвистической компетенции), но и осознание языка как феномена культуры, культурно – исторической среды, национальной специфики языковой картины мира, национально – культурного компонента значения языковых единиц.

Использование на занятиях поговорок, скороговорок, пословиц, которые наиболее ярко характеризуют национальную особенность народа, помогает учащимся глубже познакомиться с культурой страны изучаемого языка.

Приведем некоторые примеры использования пословиц при изучении следующих грамматических форм, например:

числительные (количественные и порядковые):

Two heads are better than one. – Ум хорошо, а два лучше. -Көп ақылды жиналса, қиын істі бітірер.

First think, then speak. – Сперва подумай, потом говори. – Көп сөз-күміс алтын

Two is company, three is none.

If two men ride on a horse, one must ride behind.

A bird in the hand is worth two in the bush.

Rain before seven, fine before eleven.

A cat has nine lives.

To kill two birds with one stone.

Custom is a second nature

повелительное наклонение: Never put off till tomorrow what you can do today. – Не откладывай на завтра того, что можешь сделать сегодня. - Бүгін істелінетін жұмысты ертеңге қалдырма

местоимения: He laughs best who laughs last. – Хорошо смеется тот, кто смеется последним – Сойылды соңғы соққан женеді.

Scratch my back and I'll scratch yours. – Услуга за услугу.

степени сравнения прилагательных: Two heads are better than one. – Ум хорошо, а два лучше. – Көп ақылды жиналса, қиын істі бітірер.

Easier said than done. – Легче сказать, чем сделать. – Тілге шешен – іске мешел.

модальные глаголы: What is done cannot be undone. – Сделанного не воротить.

As you make your bed, so you must lie on it. – Что посеешь, то и пожнешь. – Ас атасы-нан.

конструкции there is / there are: There is no friend as faithful as a good book. – Нет лучше друга, чем книга. – Кітап білім бұлағы, білім өмір шырағы

Лексико-грамматическая насыщенность пословиц позволяет их применять не только при изучении грамматики, но также при изучении различных лексических тем. Это способствует обогащению словарного запаса учащихся. Они могут сами подобрать соответствия на русском и казахском языках. Например, по теме «School» можно подобрать следующие пословицы:

Knowledge is power. – Знание – сила. – Білім – қуат.

Live and learn. – Век живи – век учись. – Оқу- інемең құдық қазғандай.

Repetition is the mother of learning. – Повторение – мать учения. – Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

It is never too late to learn. – Учиться – никогда не поздно. – Адамға ақыл көптік қылмайды.

Например, изучая тему «My house» можно предложить такие разнообразные задания.

Translate the following English (Russian) proverbs into Russian (English).

1 An Englishman`s home is his castle.

2 Every bird likes his own nest best.

3 Dry bread at home is better than roast meat abroad.

4 Everyone has a skeleton in their cupboard.

5 Charity begins at home.

- 6 East or West, home is best.
- 1 Дома и стены помогают.
- 2 В каждой избушке свои погремушки.
- 3 Сухой хлеб дома лучше, чем жареное мясо за границей.
- 4 Мой дом – моя крепость.
- 5 Всяк кулик свое болото хвалит.
- 6 В гостях хорошо, а дома лучше.

Пословицы и поговорки используются в качестве стимула диалогической и монологической речи. Они могут стать материалом для построения собственных высказываний (построения диалогов), когда обучаемые выбирают пословицу и ищут к ней вопросы, которые бы они хотели задать своему собеседнику. Например, *It's the early bird that catches the worm.* – Кто рано встает, тому Бог подает. – *Құлқын сәриде тұрғанға құдай береді.*

Возможные вопросы:

When do you get up?

Are you sleepy-head?

Are you a hard-working person?

Do you usually plan your next working day?

Использование пословиц в качестве основы монологического высказывания способствует развитию у учащихся способности к абстрактному и ассоциативному мышлению, к фантазированию.

Учащимся старших классов можно предложить творческие задания с использованием пословиц. Например:

1 Используя пословицу, дайте совет собеседнику.

2 Составьте рекламу, применяя пословицы.

3 Объясните смысл пословицы (такие задания развивают умения монологической речи).

4 Закончите прочитанный или прослушанный рассказ подходящей по смыслу пословицей.

5 Придумайте диалог по теме употребляя пословицы.

6 Расскажите какую-либо ситуацию из своей жизни и подберите к ней пословицу.

Такие задания дают возможность формировать умение использовать пословицы в речи, позволяют сделать речь более выразительной, делают ситуацию более понятной.

Пословицы можно использовать также при обучении письменной речи: You have divided into four groups and the task for you is the following: for each group I'll give different proverbs and you'll have to write a short story.

Работа с пословицами и поговорками помогает развивать наблюдательность обучающихся, память, внимание, языковую догадку, чувство языка, так как часто слова, используемые в английских пословицах, в русском переводе звучат совсем по-другому, слова меняют свое значение не только при переводе на русский язык, но и на казахский язык.

Сравните: *When in Rome do as the Romans do.* – В чужой монастырь со своим уставом не ходят. – *Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырларсың.*

Необходимость поиска точного перевода выражений на родной язык развивает переводческие умения обучающихся, стимулирует интерес к работе с двуязычным словарем. Не смотря на то, что в пословицах встречается много незнакомых слов, они легко и быстро запоминаются, сохраняются в памяти благодаря их оригинальной форме.

Разнообразие заданий с применением пословиц и поговорок позволяет использовать их на различных уровнях обучения: как на продвинутом этапе обучения, так и в группах с невысоким уровнем языковой компетенции.

Таким образом, применение пословиц и поговорок на уроках иностранного языка помогает при отработке фонетики, активизирует грамматические навыки, расширяет лексический запас. «Работа с пословицами и поговорками является важным обучающим, развивающим и мотивационным фактором, так как они имеют познавательное значение, поскольку способствуют расширению общего кругозора изучающих иностранный язык, формируют их гуманитарно-языковую культуру; а также формируют лингвокультурологическую компетенцию. Аналитический подход к изучению зарубежной культуры в сопоставлении с культурой своей страны, способствует более точному и глубокому пониманию изучаемого языка. Отличаясь лаконичностью формы, меткостью выражения мысли, пословицы и поговорки являются хорошей иллюстрацией того, как можно кратко и четко излагать свои суждения, в том числе и средствами иностранного языка» [4].

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011–2020 годы

2 Воробьев В. В. Лингвокультурология и межкультурная коммуникации. – М :Синтез, 2006.- 282 с.

3 Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2000.- 146 с.

4 Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология. – Алматы: Білім, 2011. – 343с.;

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ**

**ҚҰМАРБЕКОВА Г. А.**  
студент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.  
**ТҰРҒАНБАЕВА Б. Ш.**  
п.ғ.к., қауымд. профессор, «Педагогика» кафедрасы,  
Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуында білім беру мен оқыту маңызды рөл атқарады. Бұл құбылыстар бірлікте болып табылады.

Дидактиканың жеке ғылым саласы ретінде қарастыратын мәселелері – білім беру және оқыту.

Білім беру – адамның жүйеленген білімді, білікті және дағдыларды меңгеруі, ақыл-ойы мен сезімдерін дамыту, дүниетанымы мен таным үдерістерін қалыптастыру үдерісі мен нәтижесі.

Білім беру қажеттілігі адамның білімділігін қалыптастыру болып табылады. Білімді адам – көпжақты құбылыстар мен фактілерді түсінуге мүмкіндік беретін жалпы идеялармен, принциптермен және әдістермен қаруланған, жоғары деңгейдегі қабілетті, алған білімдерін жекелеген жағдайларды қолдана алатын, биік сезімдер мен ұғымдарды меңгерген адам [1, 76 б.].

Әрбір сабақтың сапалы болуы- мұғалімнің бүкіл сынып бойынша жұмыс істей білуінде, әрбір оқушының зейінін сабаққа жұмылдыра білу шеберлігінде деді К. Д. Ушинский. Бұл жөнінде ол: «Өз сабағына барлық оқушыларды тарта білуі мұғалім ісінің көрсеткіші» – деді..

Дидактикада қарастырылатын білім беру ұғымынан кейінгі маңызды ұғым – оқыту. Оқыту – жүйелі білім берудің ең маңызды және сенімді жолы.

Оқыту үдерісі – білім беру мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, мұғалім мен оқушылардың ұйымдастырылған өзара әсерлесуі. Оқыту үдерісі ұғымы білімдерді меңгерту, қабілеттіліктерді дамыту, дүниетанымды қалыптастыру ретінде анықталады.

Қазіргі дидактикада оқыту қос жақты деп қарастырылады. Оқыту үдерісіндегі мұғалімнің іс-әрекеті – сабақ беруден, оқушылардың іс-әрекеті оқудан тұрады.

Дидактикада оқыту үдерісін іс-әрекет ретінде қарастыра отырып, оны мынадай компоненттерге жіктеуге болады:

- Бастапқы ситуацияны талдай отырып, оқыту мақсаттарын анықтау және тұжырымдау, оларды оқушылардың қабылдауы;
- Жұмысты жоспарлау, алдына қойған мақсатына жетудің мазмұны мен құралдарын іріктеп алу – оқу материалының жаңа фрагментін түрлі жолдармен ұсыну және саналы қабылдау;
- Үйретуші және оқу амалдарын орындау, мұғалімдер мен оқушылардың оқу жұмыстарын ұйымдастыру (жаңа оқу материалын тиімді қолдану үшін оқушыларды ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыру);
- Кері байланысты ұйымдастыру, бақылау және материал мазмұнын меңгеру жұмысын реттеу және өзін-өзі бақылау;
- Оқушылардың мектептен тыс дайындығы және жұмысы [1, 79–81 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде кез келген пәнге байланысты жүргізілетін сабақтар дәстүрлі және дәстүрлі емес түрінде болады. Бұл екі сабақтың өзіне тән ерекшеліктері бар. Екеуінің де маңыздылығы мен тиімділігі сабақтың тақырыптарына сай қолданылады.

Сабақ дегеніміз – оқытуды ұйымдастырудың басты формасы, екіншіден, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын ұйымдастырудың басты формасы. Кез келген сабақ қоғаммен, оның идеологиясымен, саясатымен, қоғамдық іс-әрекеттің басқа түрлерімен тығыз байланысты.

Әрбір сабақтың алдында мынадай мақсаттар тұрады: білімді меңгерту, ікемділікті қалыптастыру, шығармашылыққа тәрбиелеу.

Дұрыс қойылған сабақтың мақсаты – мұғалім еңбегінің мәдениеттілігінің көрсеткіші.

Қазіргі таңда педагогика ғылымы дәстүрлі оқу мен дәстүрлі емес жаңаша оқытудың айырмашылығына мынадай анықтама береді: дәстүрлі оқыту үрдісінде мұғалім сынып оқушыларын толық қамти отырып оқытады. Дәстүрлі оқытуда мұғалім мен оқулық маңызды қызмет атқарады, олар оқушыларды білімге жетелейді, соған сәйкес оқушылардың жауаптарында сол мазмұнды есте сақтап және бұрмаламай айтып беруі маңызды болады. Мұғалім білімді дайын күйінде меңгертеді.

Ал жаңаша оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ғана меңгеріп қоймай, мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді. Оқушы белсенді рөл атқарушы ғана емес, жетекші бағытты ұстайды. Ол әлемді тануға, белгісіздікті анықтауға өзі жол іздейді, шешімдері де әр оқушыда әр түрлі болады. Тапқан шешімін нақты ақиқат деп қабылдамай, ізденісті әрмен қарай жалғастырады. Мұғалім мен оқушы арасындағы тығыз байланыс қалыптасады, екеуі де бірлік одақта қызмет істейді.

Дәстүрлі оқыту процесінде «проблемалы жағдай», «оқу проблемасы», «мәселенің принциптері» сияқты ұғымдар болған емес. Проблемалық оқытуда оқушы меңгерген теориялық білімдерін блок блокпен жинақтап отыруға ынталанады.

«Сабақ түрлері өтілетін тақырып ерекшелігі, сынып оқушыларының құрамы, жас ерекшелігі, білім дәрежесі, сондай-ақ сабақ мақсатына байланысты». Ал сабақтың ойдағыдай өтуі пән мұғалімінің теориялық білімі мен дайындық деңгейіне, сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыра алуына және сол іс-әрекеттің нәтижесін болжай білуіне байланысты [2, 176 б.].

Дәстүрлі емес сабақ түрлерін өтудің мәні мынада:

- Оқушылардың танымдық белсенділігі, оқуға қызығуы артады;
- Оқушылардың бастамашыл, шығармашылық әлеуеті дамиды;
- Мұғалім оқыту мен тәрбиелеудің қолайлы жағдайын іздестіреді.
- Дәстүрлі емес сабақтарды өткізу мұғалім мен оқушылар тарапынан мынадай іс-қимылдарды талап етеді:
  - Сабақтың алдын-ала өте ұқыпты дайындалуы: арнайы тапсырмалар беріледі, сабақ мақсаты, құрылымы, әр оқушының міндеті мен рөлі түсіндіріледі. Қажетті дидактикалық материалдар мен әртүрлі көрнекіліктер әзірленеді.
  - Сынып және әр оқушы ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне сәйкес сабақтың жүргізілу барысы тынғылықты ойластырылады. Нақты жоспарланады.
  - Нашар үлгеретін және білімге немқұрайлық танытқан оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға ерекше көңіл бөлінеді [2, 189 б.].

И. П. Подласый «Педагогика» атты оқулығында «Дәстүрлі емес сабақ – дәстүрлі құрылымы жоқ, ойдан шығарылған оқу жұмысы» – деп бағалайды.

Дәстүрлі емес сабақтардың өткізілуі де алуан түрлі, мұғалім қиялында шек болмайды, тек түпкі мақсат – сабақты жандандыру, оқушының білімге қызығуын арттыру, еш өзгеріссіз сақталуы тиіс.

Дәстүрлі емес сабақтар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, немқұрайлығын жойып сабақ дағдысын қалыптастырады, балалардың көңіл-күйін көтереді, оқушының бойында терең тиянақты білім қалыптастырады. Сондықтан дәстүрлі емес сабақ түрлерін пайдалану, сабақ үрдісінде басты рөл атқарады.

Оқыту әдістерін таңдап алуда мұғалім ең алдымен басты мақсат пен нақты міндеттерді анықтап алуы қажет. Әрі қарай танымдық үдерісті дұрыс жүзеге асыру мүмкіндігін беретін тиімді жолдар қарастырылу керек.

Қазіргі кезде оқыту әдістерін таңдап алуда ескерілуі қажет жағдайлар:

- ✓ Заңдылықтар мен олардан шығатын оқыту принциптері қанағаттандырылуын қамтамасыз ету;
- ✓ Жалпы ғылымның, сол сияқты жекелеген пәннің, тақырыптардың мазмұны мен әдістерін ескеріп отыру;
- ✓ Оқыту мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырып отыру;
- ✓ Оқушылардың оқу мүмкіндіктері, оның ішінде жас ерекшеліктерін, дайындық деңгейін, сынып ұжымы ерекшеліктерін толық ескеріп отыру;
- ✓ Сыртқы жағдайлар, яғни географиялық, өндірістік орта ерекшеліктерін ескеріп отыруды қамтамасыз ету;
- ✓ Мұғалімнің мүмкіндіктерін, атап айтқанда тәжірибесін, дайындық деңгейін, оқыту үдерісіндегі типтік ситуацияларды білуіне де мән беру деп тұжырымдауға болады [1, 106 б.].

Кіші мектеп оқушысы – бұл адамның іс-әрекет берілген жағдайда оқу іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі қоғамдық болмысының бастауы.

Бастауыш мектепте, кіші мектеп оқушысында, осы кезеңдегі іс-әрекеттің негізгі элементтері, қажетті оқу дағдылары мен іскерліктері қалыптасады. Осы кезеңде ойлау формалары дамиды, олар ары қарайғы ғылыми білімдер жүйесін меңгеруді, ғылыми, теоретикалық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді. Мұндай оқуда, күнделікті өмірде өз бетінше бағдарланудың алғышарттары қалыптасады. Осы кезеңде «баладан тек елеулі ақыл-ой жұмсауды ғана емес, сондай-ақ үлкен физикалық төзімділікті талап ететін» психологиялық қайта құру жүреді. Кіші мектеп оқушысы сыртқы немесе А. А. Люблинская терминдеріндегі

практикалық белсенділіктің үстемдігімен сипатталады және де бұл белсенділіктің күші орасан зор. Зерттеушілер кіші мектеп оқушысы, яғни жаңа позицияға, субъект ретінде оқушы позициясына ие болғанда кездесетін бірқатар қиындықтарды анықтайды. Бұл жаңа тәртіп қиындықтары, мұғаліммен жаңа қатынастар қиындықтары.

Кіші мектеп оқушысы оқу іс-әрекетінің субъекті ретінде өзі де осы іс-әрекетте дамиды және қалыптасады, талдаудың, синтездің, жалпылауды, жіктеудің жаңа тәсілдерін меңгереді. В. В. Давыдов бойынша мақсатты дамыта оқыту жағдайында бұл қалыптасу білімдерді игерудің жүйелігі мен жалпылығы есебінен жылдамырақ және тиімдірек іске асырылады. «Оқу іс-әрекеті мектеп жасында жетекші болатын себебі, біріншіден, оқу іс-әрекеті арқылы баланың қоғаммен негізгі қатынастары іске асады; екіншіден, оқу іс-әрекетінде мектеп жасындағы бала тұлғасының негізгі сапаларының да, сондай-ақ жекеленген психикалық процестердің қалыптасуы іске асады», – деп Д. Б. Эльконин көрсетеді. Кіші мектеп оқушысының оқу іс-әрекетінде өзіне, дүниеге, қоғамға, басқа адамдарға деген қатынасы қалыптасады және ең бастысы бұл қатынас, оқытудың мазмұны мен әдісіне, мұғалімге, сыныпқа, мектепке және т.б. деген қатынастар ретінде, негізінен осы іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады [3, 193–195 б.].

Қорыта келе, қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерінен басқа, дәстүрлі емес түрлері де пайда болуда. Олар, әрине, қоғамның жанару, жетілдіру жағдайында білім беру саласын жаңалаумен тығыз байланыста іске асуда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрлі емес түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат – әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсете отыра, оны жаңа сапалық сатыға көтеру

Сабақтың нәтижелілігі оқытушының шеберлігі, оның шығармашылық әрекетіне байланысты. Сол себептен, барлық оқытушылар өз сабақтарында әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланады. Соның ішінде дәстүрлі емес сабақ түрлері ерекше орын алады. Дәстүрлі емес сабақ түрлері білім алушылардың белсенділігін арттыру, саналы түрде білім алу, өз бетімен білім алуды қамтамасыз етеді. Осындай сабақ түрлері білім алушылардың жалпы оқу және көшбасшылық дағдыларын қалыптастырып, олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Дәстүрлі емес сабақ түрлері : іскерлік ойындар, бинарлық сабақтар, КТК- сабақ, театр-сабақ, жарыс-сабақ, концерт-сабақ, практикум-сабақ, консультация –сабақ, диспут-сабақ, жобаны қорғау сабағы, семинар-сабақ және т.б.

Дәстүрлі емес сабақтар қатаң құрылымы және қалыптасқан жұмыс кестесі бар күнделікті оқу жұмыстарына қарағанда әдеттегідей емес ой, ұйымдастыру, өткізу тәсілдері оқушыларға өте ұнайды. Дегенмен де ол мұғалімдерге оқыту жұмысында осындай тәсілдерді көптеп сабақтар жүйесінде пайдалануға кеңес береді.

Бастауыш сынып оқушыларының жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып дәстүрлі емес сабақ түрлерін қолдануды тиімді деп санаймын. Білім беру үдерісінің сапасы мен нәтижесін арттыру мақсатында дәстүрлі сабақ түрлеріне қарағанда дәстүрлі емес сабақ түрлерін жиі қолдануды ұсынар едім. Келешекте өзімнің ұстаздық қызмет жолымда осы бастаманы басшылыққа алып қызмет етемін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байжанова З. Жалпы педагогика: Алматы 2008
- 2 Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б., Құдиярова А. М. Педагогика: Дарын – Алматы – 2004
- 3 Зимняя И. А. Педагогикалық психология: Алматы – 2005

#### ЛИЧНОСТЬ РЕБЁНКА КАК ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ В ПЕДАГОГИКЕ МАРИИ МОНТЕССОРИ

СВЕТЛИЧНАЯ В. В.

студент, Кокшетауский Государственный университет  
имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау

МАЖИТОВА С. С.

магистр педагогики и психологии, ст. преподаватель,  
Кокшетауский Государственный университет имени Ш. Уалиханова, г.  
Кокшетау

Современная гуманистическая педагогика имеет глубокие исторические предпосылки, представленные в педагогических системах, которые были направлены на всестороннее развитие личности, учитывали все нравственные, умственные особенности учащегося, создавали благоприятные условия для процесса обучения. Один из таких примеров в XX веке – педагогика Марии Монтессори.

Педагогическая система Монтессори складывалась не одним днем. Мария поддерживала дружеские отношения с Жаном Пиаже – основателем генетической психологии, осуществляла переписку с Анной Фрейд – детским психологом. С их помощью она анализирует наблюдения за развитием детей. Но в основном Мария осталась



врачом и опирается на физиологию детей. Даже понятие «свобода» она раскрывает как независимость. Монтессори доказывает, что взрослому вовсе не обязательно делать что-либо за ребенка, нужно лишь помочь ему действовать самому, без помощи взрослых. Это трудно. У него не развиты движения, он плохо ориентируется в пространстве и не представляет, что делать с предметами, которые его окружают. Малыш зависим от взрослых. Ему трудно абсолютно все – одеть ботинок, перенести небольшую сумку с одного места на другое [1].

Мария Монтессори предлагает дать сделать ребенку эти и многие другие действия уже в 2,5–3 года. Учитель (т.е. взрослый) только помогает ему. Его задача – навести порядок в вещах, которые необходимы ребенку для его развития, а их достаточно много. Все эти тарелочки, щеточки, кубики, шарики, ящички... Положи их в беспорядке и у ребенка может создаться негативное настроение, он будет чувствовать себя беспомощным перед хаосом мира. Мария предложила класть предметы согласно их строгой логике, а детей в классе с самого начала приучать к установленному порядку. И вовсе не потому, что так желают взрослые, а потому, что так удобней самим детям. Вообще Мария считает, что порядок свойственен для ребенка, но проблема в том, что он не всегда умеет его организовать. Взрослый же помогает ему в этом, создавая условия, где порядок прост. Он не разговаривает с ребенком долго и надоедливо, не говорит того, что приводит лишь к недоумению. Он предлагает ребенку лишь одно четкое правило: «Взял, поработал, положи на место». Но для того, чтобы ребенок усвоил для себя урок, он должен быть коротким (2–3 минуты). На уроке взрослый показывает ребенку, как правильно обращаться с предметами, как достичь своей цели, а не расстраиваться и опускать руки.

Интерес – главное, что Мария выделяет в своей системе.

Следующее – индивидуальный подход. Это вовсе не значит, что у отдельного ребенка свой учитель. Каждый ребенок выбирает то, что ему больше нравится и ему учитель объясняет, как правильно сделать это задание.

Свобода выбора появляется у ребенка сразу после того, как он начал учиться в классе, потому что только он в данный момент знает, что именно ему больше всего нравится делать и что ему необходимо развивать. Но здесь также есть свои правила. Мария Монтессори акцентировала своё внимание, и наблюдения её подтвердились современной психологией, что у ребенка от 0 до 6 лет есть периоды (от 1 года до 3 лет), когда ему не доставляет особого труда учиться каким-либо вещам. Так от 0 до 5 лет происходит развитие речи, а до

5,5 сенсорное развитие. Примерно с 2,5 до 6 лет у ребенка возникают и развиваются соц. навыки. В этот период дети легко воспринимают грубое и вежливое поведение, которые в дальнейшем становятся нормой их жизни. Нужно сказать о периоде восприятия порядка (от 151 0 до 3 лет). Фактически он определяет отношение ребенка с миром, потому что касается не только внешнего порядка, но и внутреннего (начинают действовать «внутренние часы ребенка»), а также общения со взрослыми.

Если упустить шанс использовать возможности, которые появились у детей, то они могут потерять интерес к этому на всю жизнь.

Монтессори призывает всех не торопить развитие ребенка, но и не пропустить момент и представить ребенку уменьшенную безопасную модель нашего мира. Поначалу взгляд ребенка растеряется, а потом найдет, что ему необходимо здесь и сейчас. Только надо помнить то, что предметы, представленные в этой модели не простые, а те, что выбраны долгим путем наблюдения за тем, что именно помогает детям в развитии и как это происходит. Большая часть из них объединены в группы и направлены на то, что ребенок может их потрогать, ощупать руками. Именно так он может развивать свои чувства до известного только ему предела [2].

Удивительно то, что если учитель все делает так, как нужно и родители не особо вмешиваются в его действия, ребенок осознает для себя, что он хочет познавать окружающий мир. Оказывается, чтобы ребенок сам себя образовывал, больше не нужно его хвалить или ругать, нужно лишь вовремя наталкивать его на нужную мысль, а лучше всего сделать так, чтобы ребенок сам дошел до этой мысли.

Монтессори писала, что главной задачей взрослого является сосредоточение ребенка на работе, которая ему интересна. Этот процесс состоит из трёх этапов:

- первый этап – подготовка привлекательной для ребенка и комфортной для его работы атмосферы;
  - второй этап – уничтожение тех действий отдельных детей, которые не дают продвигаться вперед остальным;
  - третий этап – учитель не мешает ребенку, его поиску и работе.
- Больше всего учитель воздействует на ребенка косвенно, правилами, которые он выдумывает совместно с ребенком. Внешний вид в целом и увлеченность учителя заинтересовывает учащихся и помогает воспитателю установить дружеский контакт с каждым из детей, создать такую атмосферу, которой так отличаются классы Монтессори.

Мария отметила, что зачастую дети учат других детей лучше, нежели взрослые. Вследствие такого вывода Мария наполнила

свои классы детьми разных возрастов и выделила из них 2 группы: 3–6 лет и 6–12 лет. У детей разные задачи. Первая группа строит свой разум, а вторая активно осваивает культуру [3].

Школы Монтессори не могли существовать в странах с тоталитарным политическим режимом, так как такой стране не нужна свободно мыслящая личность. С возвращением М. Монтессори в Европу после окончания Второй мировой войны её педагогическая система продолжила свое распространение. Что касается нашей страны, то в Россию педагогика Монтессори возвратилась в 1992 году.

В заключении хотелось бы сказать о потенциале использования наследия Монтессори в современном образовании. Система Марии Монтессори, безусловно, важный шаг вперед в педагогике в целом. Ее методы обучения детей актуальны и в наши дни. В целом, система Монтессори оказала существенное влияние на развитие современного образования в мире. Педагогические идеи и методы Марии востребованы и в наше время в различных зарубежных странах. В Казахстане есть образовательное учреждение Монтессори-центр «Жұлдыз» в Астане, детский сад «Бала би» в Шымкенте, образовательный центр «Damina» в Алматы, а также действует фонд «Монтессори». К сожалению, средних школ – Монтессори в нашей стране ещё нет. Это связано с тем, что в Казахстане педагогика Монтессори ещё не нашла своего применения в полном объёме. Эта педагогическая система находится на этапе изучения. Но использование основных идей Марии могло бы обогатить отечественную педагогику, найти различные новые подходы и программы в области образования. Ведь 152 помогать детям с отклонениями в развитии – это центральная идея педагогики Монтессори, а значит, и современной педагогики в целом.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Развиваемся вместе с Монтессори. Журнал «Дети» № 6 (16) 2004г.)
2. Монтессори М. Дом ребёнка. Метод научной педагогики. – М. : Задруга, 1913.
3. Монтессори М. Помоги мне сделать это самому. М.: 2004

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

ТАСТАНАЛЫ М. С.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.  
САКЕНОВ Д. Ж.  
профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен бірте қайнасып жетіледі. Сондықтан да адамгершілік мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшелігімен ғана байланыстыруға болмайды.

Адамгершілікке тәрбиелеу оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады. Адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынастарында көзге түседі [1, 39 б.].

Болашақ ұрпақ тәрбиесі – ата бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Себебі, артта қалған іс қандай болса, ұрпағымыздың болашағы сондай. Сондықтан бала тәрбиесі, әсіресе бүгінгі күнде, балабақшалар саны көбейіп, халықтың экономикалық жағдайы көтеріліп келе жатқан кезде, өте өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Ақын-ағамыз Мағжан Жұмабаев: «бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты – бәрі бірге жұмсалады.» – дейді. Балалық шақта балабақшада алған баланың әсері, оның алдағы уақытта адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуының негізгі тұтқасы болмақ. Ал, балабақшаға бала тәрбиелеймін деп келген адам бала бойына адамгершілік қасиет ұрығын себе алмаса, ол бала тәрбиелеп, яғни ұрпақ тәрбиелеп жетістікке жетпейді, әсіресе, Қазақстанда тұрған соң, қазақ болып туған соң, өзіміздің туған баламыз қандай болып өскенін қалар едік. Ендеше барлық балаларға да сондай көзқараспен қарауға міндеттіміз. «Адамгершілік» дегеніміз – өзі адалдық жолға құрбан бола білетін адамның қасиеті. Егер де біз бойында адамгершілік қасиеті бар адам тәрбиелесек, ол адам өмір кемесінен өз орнын тауып, өзгеге де өнеге болары хақ [2, 116 б.].

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» – деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт-дәстүр, мақал-мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата – ана мен тәрбиешілердің басты міндеті [3, 86 б.].

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс-қимылы, балалармен, үлкендермен қарым – қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым – қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата – анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» – деп бекер айтпаған. Дана, ойшыл Абай атамyz бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата – анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан» [4, 214 б.].

Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет – ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Адамгершілік тәрбиесінің маңызды заңдылығы балаларды ұжымда тәрбиелеу заңдылығы. Ұжым – бұл баланың жеке басын қоғамдық бағытта қалыптастыру мектебі. Мұнда оның жеке қасиеті, қабілеттілігі және адамгершілік сапалары неғұрлым айқын көрінеді. Адамның адамгершілік тазалығы ең алдымен оның әрекетінде көрініс табады. Ұжымда бала өзінің білімін, айналадағы дүниеге, іс-әрекетке көзқарасын: көмек көрсетуге, нәтиже шығаруға, құрбыларына қамқорлық жасауға, рахымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек етуге

ұмтылуын көрсете алады. Ұжымда тәрбиелеу заңдылығы тәрбиешілерді әр баланың мінез-құлқына ізгі ықпал жасау үшін балаларға бірлесіп қызмет жүргізудің алуан түрлеріне біріктіруді міндеттейді.

Баланы адамгершілікке тәрбиелеу дүниесіндегі ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал – мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал – мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз [5]. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады. Тәрбиенің алтын бесігі – балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық!

Қорыта айтқанда, қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Балабақшаларда адамгершілік тақырыбын әр тәрбиеші күнделікті жұмысында жоспарлап, алдына белгілі мақсат қойып, жүзеге асырып орындап отырса, біздің қоғамның келешек ұрпағы рухани бай, адамгершілігі мол өз елінің нағыз азаматы болып шығуына толықтай негіз бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әлемдік педагогикалық ой – сана. 10 томдық, Алматы: «Таймас» баспа үйі, 6 том: XX бірінші жартысындағы педагогика ғылымы дамуының негізгі тенденциялары / К. С. Успенев 2009. – 368 б.
- 2 Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 1992. – 311 б.
- 3 Нысанбаева Ә. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, 1994. – 296 б.
- 4 Отбасында балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. Алматы, 1985. – 266 б.
- 5 [https://kopilkaurokov.ru/doshkolnoeObrazovanie/meropriyatia/miektiep\\_dieinghi\\_zhastag\\_y\\_balalardy\\_rukhani\\_adamghiershilikkie\\_t\\_rbielieu\\_zh](https://kopilkaurokov.ru/doshkolnoeObrazovanie/meropriyatia/miektiep_dieinghi_zhastag_y_balalardy_rukhani_adamghiershilikkie_t_rbielieu_zh)

## КӨПТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ТУНУБАЕВА Д. Х.

Ғылыми мемлекеттік технологиялық колледжі, Павлодар қ.

*«Білекке сенген заманда,  
Ешкімге есе бермедік.  
Білімге сенген заманда,  
Қапы қалып жүрмелік.»  
Абылай хан*

Көптілділік туралы ойтолғау жазарда көп ойландым. Неген бастау керек? Осы көптілділіктің бізге керегі бар ма, жоқ па деген сауалдар мазалай берді. Ғаламтор, газет-журналдардан мәлімет іздегенімде, қайшы пікірлер таба алмадым.

Олай болса, ата бабамыздың өткен тарихына көз жүгіртсек...

Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мындаған жыл тарихынан айқын.

Көп тіл білу-заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Иә, «көптілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қыла беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» – деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ Қазақ баласы әуелі отбасында Қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз

тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Абай Құнанбайұлы, М. Әуезов, Қ. Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. Яғни, тірек мықты. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

Тіл-адам баласының басты қазынасы. Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін танытатын дәлелді көрсеткіші. Өр халықтың ғұмыры-оның тілінде. Өрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл-ұлттың тірегі. Ол жан-дүниенді ашып көрсететін мөлдір айнал. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалатыны белгілі. Барлық қазақстандықты біріктіретін – қазақ тілі, сондықтан егемендігімізді сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік ерекше ықылас қажет.

Еліміздің қазіргі кезде басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта шетел тілінеркін меңгерген, алған білімін алдағы уақытта түрлі салада қолдана алатын және де қарым-қатынасқа түсе алатын шәкірт тәрбиелеп өсіру-үкімет тарапынан бізге қойылып отырған талап және де өзіміздің міндетіміз деп білеміз.

Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі-қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Көптілдікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М. Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса Абайдан ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік?

Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек.

Қоғамды баламалы, сан пікірлі, ақпаратпен қамтамасыз етеді. Өз кезегінде бұл алуан ой мен пікірдің дамуына жағдай жасайды. Ғалым Интернет және телевидение симбиозы туралы жазды. Бұл симбиозды талдай келе оның артықшылықтарын дәлелмен, нақты дерекпен көрсетеді. Ақпараттық ұтқырлығы, жеделдігін алға шығарады. Си-Эн-Эн компаниясының тәулік бойы көрсететін хабарларына қызығушылық танытады. Ең бастысы, әр елдің билеушілері бүгінгі күні барлық ақпаратты осы Си-Эн-Эн арқылы таразылайды [1,15] деген пікірлер айтады. А. Еркімбаев «Жаңа медиа: монологтан диалогқа» деген еңбегінде алып медиа орталығы бола алатындығына баса ден қойып, Интернеттің басты сипаты – жекеліктен көпке қарай бағыт алуы оның артықшылығы деп есептейді. Бір ғана пікір емес, көпшілік пікір білдіре алуы, еркіндігі, сөз бостандығына негіз болады дейді [2]. Г. А. Калина «Информация в Интернете. Всему ли можно доверять?» [3] еңбегінде таза деректер жөнінде айтады. Интернет деректің астарында не бар деген мәселені талдайды. Осы ойды ресейлік зерттеушілер А. А. Калмыков, Л. А. Кохановалар жалғастырады. «Интернет-журналистика» деген еңбекте: «Ақпарат болған оқиғаны болды дейді. Ол болған жайтты одан да күшті, әсерлі етіп беруі мүмкін. Оның үстіне болған құбылысты әр қырынан, қызығушы мен қатысушының көзқарастарын сәйкестендіріп беруі мүмкін. Ақпарат тек болған оқиғаға ғана емес, оны хабарлау әдісіне де, қоғамдық пікірге де байланысты. Демек, бұқаралық ақпарат құралдарының жаппайлық табиғатын ескерсек, сапалы элитарлы аудиторияға да, орташа қауымға да, төменгі топтарға да кеңінен назар аударуды талап етеді.

Батыс баспасөзінде қалыптасқан үрдісті біздің журналистер тікелей көшіргісі келмейді, өз уақытын тек төтенше оқиғаларға бөле алмайды, себебі жаңалықтар жаңа, жүйелі түрде, сағат сайын, күн сайын шығып тұруы керек. Бірақ, кей кезде бір күннің ішінде көптеген оқиғалар болып та қалады. Жаңалық – салыстырмалы түрде жақында пайда болған өнім. Оны жасайды, көшіреді және екі жүз жыл бойы келе жатқан дәстүр бойынша жеткізеді. Қаншама жыл өтсін, мейлі, жаңалықтың ең басты-сы жаңа өнім болғандығы» [4, 19].

Интернет технологияның зерттелуіне қатысты еңбектерде оның түрлі аспектілері қарастырылады. Зерттеуші И. Д. Фомичева оның әлеуметтік сипатына баса көңіл бөледі. Қоғамдағы әлеуметке психологиялық, рухани ықпалы тұрғысынан баға беруді дұрыс көреді [5].

В. Н. Монахов Интернет пен Заңнамалық актілердің қатынасна назар салады [6]. Қоғамды реттеудегі рөлін зерттейді. Ал М.М. Лукина Интернетті деректер көзі мен нақтылықты айқындаушы ретінде қарастырады [7].

Жаңа ақпараттық қоғамның артықшылығы ретінде зерттеушілер конвергенция көптеген жаңа функциялар рөлін ұсынады. Бұл бірнеше сипаттарымен көрінеді. Жаңа конвергенция бұған дейін бір бірінен алшақтау жатқан бұқаралық ақпарат құралдарының бірігуіне жол ашады. Журналист кез келген материалды дайындап, оны газетке, онлайн ақпараттық құралға, телеарнаға пайдалана алады.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа әрекеттерінің алмасуы, коммуникацияның алуан арналарда түрлі қалыпта бейнеленуі, коммуникациялық арналармен бір ғана ақпаратты алу мүмкіндігі туады. Бұл коммуникация және ақпарат арналары туралы түсінікті өзгеріске ұшыратады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Барманкулов М. К. Телевидение: деньги или власть? – Алматы: Санат, 1997. С. 272.
- 2 Еркімбаев А. «Жаңа медиа: монологтан диалогқа» Алматы, 2012
- 3 Калина, Г. А. Информация в Интернете. Всеми ли можно доверять? [Электронный ресурс] / Г. А. Калина, Е. В. Якушина, Л. И. Ястребов // Режим доступа: [http://vio.uchim.info/Vio\\_33/cd\\_site/articles/art\\_2\\_7.htm](http://vio.uchim.info/Vio_33/cd_site/articles/art_2_7.htm)
- 4 Калмыков А. А., Коханова Л. А. Интернет-журналистика. Москва: Юнити, 2005
- 5 Фомичева И. Д. Социология Интернет-СМИ: Учебное пособие. М.: Факультет журналистики МГУ имени М. В. Ломоносова, 2005.
- 6 Монахов В. Н. СМИ и Интернет: проблемы правового регулирования. М.: Экопринт, 2003
7. Лукина М. М. СМИ в домене Ру: хроника, цифры, типы // Вестник МГУ, серия «Журналистика», 2001, № 6
- 8 Исследование аудитории: телевидение, Интернет. Материалы VII Международного конгресса НАТ «Прогресс технологий телерадиовещания». М. : Медиакомитет, 2004

#### 1.4 Павлодар облысы белгілі тумаларының мәдени және рухани мұрасы 1.4 Культурное и духовное наследие знаменательных выходцев Павлодарской области

#### МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ҚҰРАН-ХАДИС

АШИМОВА А. А.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.

«Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді», – дейді алаштың ардақты азаматы Қошқе Кеменгеров. Шынымен де, ұлылар мұрасын игере білу, ең алдымен, кешегі тағдыр – тарихымызды терең тану үшін, сол арқылы бүгінгіміздің мәнін жете парықтауымыз үшін керек.

Осыған байланысты қазіргі күні дін, таза дін тақырыбы өзекті мәселенің бірі болып тұрғаны, өкінішке орай, көңіл күмілжітеді. Рас, ертеден-ақ қасаң діни қағидаттар шырмауында шандылып қалған «діндарлар» аз емес. Әлі күнге дейін дін білгірлері санатына сол көргенінен жазбайтын, «соқыр» діндарлар қосылып жүр. Сол үшін бағыты бұрыс емес, дегені дұрыс «дін жанашырын», Алланың шынайы құлын оқып, көзімізді ашуымыз керек. Ал жалпы дінді Мәшһүр атамның сөзін танымай, ұғыну мүмкін емес. Егер біз хакім атамның сөзі мен оның мәніне бойласақ, ислам қағидаттарын да танып білеміз. Түптің-түбінде өзімізді тануға, «адам» боп қалыптасуға ол септігін тигізеді. Себебі, ислам әлемін неғұрлым тереңірек таныған сайын, соғұрлым оның тұңғығына сүнгіп, інжу-маржан ілерің сөзсіз. Ол інжу-маржан М. Жұмабаев сөзімен айтпақшы: «Адам деген құр атты жапсырмай, шын мағынасында адам болып» қалыптасуда үлкен пайдасын тигізеді [1, 26].

Кішкентайынан Құранды жаттап, діни тәлім-тәрбие алған Мәшһүр шарифат ережелерін бұрмалаған қожа-молдаларға қарсы болып, өмір бойы күрес жүргізіп өтті. Құран сөздерін түсінбейтін, «әліпті таяқ деп» білмейтін дүмше молдалардың іс-әрекеттерін шенеп:

Өсекті қожа менен молда айтады,  
Басқадан олар тіпті онды айтады.  
Арасын ағайынның балдай тәтті,

Дау-жанжал ұрыспенен молайтады, – [2] деп, өздері тағдыр тауқыметін тартып отырған жұртқа тағылым айтпай, керісінше «жақсы менен жаманды айыртқызбай, ұрттарының бірін – қан, бірін – май қылдырғандары» үшін оларды кінәлайды. Ол дінбұзарларды

күран қағидаларын дұрыс ұстай алмадың, шарттарын жақсылап атқармадың деп жазғырады, бетіне басады. Бұл шығармаларды талдау барысында Мәшһүр Жүсіп дін мен Тәңірді адамның жалпы этикалық-адамгершілік табиғатын шектейтін тылсым күш емес, оған керісінше тазаруға ықпал ететін ғаламат ретінде толғайды. Дінбұзар дүмшелерге қарсы майдан ашуы да оның осындай азаматтық кредосы мен шығармашылық ұмтылысына байланысты.

Тұспал сарында жазылған «Жарты нан» атты өнегеге толы өлеңі оқығанның бәріне ой салады. Ол тіпті жолда кездескен жолаушыларды да:

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,

Бес кісі- бес намазың, білемісің. – [7] деп көрсеткен. Яғни, бұл өлеңнің сюжеті бойынша жолда келе жатқан адамға оңай олжа кездесіп қалады-мыс. Бірақ ол сандықта шын мәнінде олжа емес, улы жылан жатқан болып шығады.

Жамандық қайдан туар, тілден туар,

Әркім де ғақыл болса, тілін буар.

Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан,

Артыңнан айдаһар боп сені қуар, – [5] деп, қандай пәле болмасын, ең алдымен, тілден болатынын және қызығы мен шыжығы қатар жүретін мына фәни жалғанда ештеңенің оңай жолмен келмейтінін айтады. Әрі жолда келе жатқан бес адам да, отыз адам да оған көмек бере алмады. Егер де ол хақ жолында жүріп, уақытылы бес уақыт намазын қаза қылмай оқып, оразада ас-судан өзін шектеген болса, олар оны құтқарар еді. Өттен. Бірақ таңдаудың бәрі адамның өз қолында емес пе? «Расында сондай бізге жолығуларын үміт етпегендер және дүние тіршілігіне мәз болып сонымен көңілдері жай тапқандар, міне солар, аяттарымыздан хабарсыз.» деп «Юнус» сүресінің жетінші аятында [8] жазылғандай, дүниенің алдамшы тіршілігіне көңілі қонымды болғандар дүниеге деген қызығушылығы қаншалықты көп болса, Алладан қашықтығы да соншалық.

Қайыр, ықсан, сауапты,- жарты қылмай,

Қыла гөр күні бұрын соны бүтін, – деп әлгі адамды құтқарушы «Жарты нан» осындай ғибрат айтып кетеді. Бұл жерден де «жетім көрсең жебей жүр» демекші бес парыздың бірі зекет, садақа беру, мейірімді болу мәселелерінің астарланған айшығын көре аламыз.

«Суреті адамға ұқсаған, мінезі аңға» [6] деп сынала суреттелетін «Соқыр, саңырау және жалаңаш» шығармасындағы үш кейіпкер де Құранды құптамай, Алладан алыстағандар. Сыртқы сырт бейнесі адамға ұқсап тұрса да, сөйлеген сөздері мен істеген қылықтары хайуаннан бетер

сипатталады. Тіпті автордың оларға жиіркенішпен қарағаны соншалық, сол үшемнің кесірінен жол үсті, тіпті барлық дүние шаң-тозаңға толып қалды деп суреттейді. Шаң-тозаң деп отырғанның бұркеуінде ластық пен өтірік те, күндестік мен озбырлық та, жалпы жамандық атаулы жатыр. Мәшһүр-Жүсіп бұл туындысында адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл бөледі. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «соқыр» деп алынған образ құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Шартты түрде «саңырау» деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бәсең үнді, сыбырды, «құлақтыдан» бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында «саңырау» дегені – «бәрі өзім білдім» деп, ұзақ ойға салынған, «өз жанының пайдасын» естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде «жалаңаш» деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткінші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бәрі тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды.

«Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздерінде перде бар.» деп «Бақара» сүресінің жетінші аятында [8] жазылғандай, мұндай жандардың ең алдымен жүректерінде кінәрат бар. Жүрегі таза, пәк болған жағдайда, өзгеден мін іздеп, өзінің жаман әрекетін көрместей күй кешпес еді.

«Біле алмай артқан жүгің не екенін» [3] деп, оқырманды қызықтырып әкетіп, мына малғұн базарда «Шынымен де не сатпақшы екен?» деген ой тастайтын «Шайтанның саудасы» өлеңі – Мәшһүр Жүсіп атамыздың тұспал өлеңдерінің тап падишасы іспеттес. «Не сатпақшы?» деп көкейді тескен сұрақтың жауабына әсте көңілін марқаймайды, керісінше, алабұртады. Сонымен ол нендей тауар болып шықты дейсіз бе? Олай болса айтайын. Дүниенің арзан болса да, қымбатқа сатылып жүрген тауарлары – өтірік, мікір-хайла, күншілдік, зорлық пен тәкаппарлық.

Киер киім, ішер ас, тамақ емес,

Керек қып бұларыңды кім алады? – десек, көңіліңіздің күйі түсетіні сол, әрқайсысының тұрақты сатып алушысы да дайын екен.

Кім болса бұл заманда сол әкелер,

Қор болып қашан өтірік жерде қалған, – деп өтіріктің ең өтімді тауар екенін сатушы еш жасырмастан, бүкпесіз айтып отыр. Таң қаласың. «Ол көктерді және жерді шындықпен жаратты.» [8] деп «Нахл» сүресінің үшінші аятында жазулы емес пе? Алладан

корықпай қалайша өтіріктің өрмегін тоқиды екен, а? «Өтіріктің күйрығы бір-ақ тұтам екенін» олар әсте естен шығарған шамасы.

Ал анау күншілдіктің алушысы кім десек:

Білетін күншілдіктің қадір, құнын

Оқыған көп оқуды молда алады, – деп сатушы жауап қатты. «Олардың жүректерінде дерт бар. (Ол – Күншілдік дерті).» – деп «Құранның» «Бақара» сүресінде де [8] жазылған. Сол бір дертке дерт қосып алғанша, дерттің емін табудың қамын ойламасқа болмай ма?

Ал соңғы тауар – тәкаппарлық – ең бір нашар тауар емес пе? Алла тағаламыз тәкаппарларды жек көрген. Кімде-кімнің бойында титтей тәкаппарлық татымы болса, ондайға Алла ашумен қараған. Ондайға жұмақтан орын жоқтығын айтқан.

Бұл өлеңде қамтылған өтірік, мікір-хайла, күншілдік, зорлық пен тәкаппарлық атаулының бәрі – Алладан аластатар харамдар. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да адамды азғыртып, адамдығынан айыратын бұларды тектен-текке түспал өлеңдеріне арқау етпеді. Нәліды, іші күйді, жаны ашыды. Мұсылманның, қазақтың қарайып бара жатқанынан шошынды. Атамыздың бір жарым ғасыр бұрын жазып кеткен толғамдары дәл қазіргі күні өз өзектілігін әлі де жоғалтпады. Бұл қуанарлық емес, жыларлық дүние. Иә, иә, ащы айғаймен жылап-жоқтайтын дүние.

Бұдан бөлек оның «Дін тағылымы» атты жазбасын оқып отырсақ, нағыз мұсылман адамның айтуға тиіс сөздеріне қуана тойынасың. «Иә, Аллаһ, жарылқа!» Міне, осындай сөздерімен Мәшһүр атамыз Аллаға жүгінеді. Алла Тағаламыздың шексіз мейіріміне бас июі де, кешірім сұрауы да, тәубе етуі де – бәрі бар. Әрі жеке өз атынан емес, барлық мұсылман бауырлары атынан сөйлеп тұр. Алланың Адам Сафиуллианы қараңғылықтан жарыққа шығарып, анамыз Хауа ана илан екеуінің басын қосып, қанша көп қайғысын кетіріп, көңілдеріне шаттық ұялатқанын, Нұх пайғамбардың дүние жүзін қаптаған топаннан етегіне дым тигізбей сәлемет сақтағандығын, одан бөлек оның мына жер бетіндегі мұсылман пейішті жанның бәріне қылып жүрген мырзалығы мен төгіп жүрген мейірімі, шексіз қайырымы – осының бәрін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еш үлкейтусіз қағазға түсірген. Себебі, шынымен де «Фурқан» сүресінің алтыншы аятында жазылғандай: «Күдіңсіз Аллаһ өте жарылқаушы, аса мейірімді» [8].

«Жазсақ жазғанымызға тәубе, азсақ азғанымызға тәубе, адассак адасқанымызға тәубе, жаңылсақ жаңылғанымызға тәубе, білмесек білмегенімізге тәубе, қылмасак қылмағанымызға тәубе»

[4, 197] дейді автор. «Құранда» да: «Егер тәубе қылсаңдар, сендер үшін жақсы болады. Ал егер жалтайсаңдар, Алланы еш осалдата алмайтындықтарыңды біліңдер. (Әй Мұхаммед!) Қарсы болғандарды күйзелтуші азаппен сүйіншіле.» делінген «Тәубә» сүресінің [8] үшінші аятында. Шынымен-ақ, Мәшһүр заманында да, қазір де адамның шүкіршілік айтуы кемде-кем. Пенде болған соң ұмытып кетеді бәрі-мыс. Сөйтіп жүріп қараңғылыққа тап болса болды, Алланы еске алады. Ал шын мұсылман баласы қас қағым сәтке де жаратушысын естен шығармау керек. Мейлің құзға көтерілсең де, мейлің құздан құлап бара жатсаң да. Бұл тұста М.Ж.Көпейұлы тағы былай жазады: «Күшті жұрт «күштілігімен өзім таптым» дейді. Білімді жұрт «білімділігімен өзім жетілдім» дейді. «Құдай жеткізді» деп екеуі де айтпайды.» [4, 198]. Міне, осындай тұстарда елді шүкір етсін, тәубесіне келсін деп шақырады. «Атар таң, шығар күн, жарық сәуле бола қалса «айналайын, Құдайымның патшалығынан болды» деп біліңдер» дейді ол. Міне, Мәшһүр атамыздың көрегендігі қайда жатыр. Алласына мойынсынуы қандай!

Біздің тек бір Алланың құлы екеніміз – айдан жарық, күннен раушан, яғни бәріне аян. «Біздің айтып тұрғанымыз түгіл, ойымыздағыны білетұғын Құдай – сенсің!» дейді автор [4, 198]. Шынымен де, жер бетіндегі күллі әрекет, тіпті ағаш жапырағының жерге түсуі де Құдіретті Алланың өмірімен. «Оны Ол, өзі ғана біледі. Және күрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Алла оны біледі.» делінген «Ән'ам» сүресінің елу тоғызыншы аятында. Одан бөлек «Фатыр» сүресінің отыз сегізінші аятында [8] да жазылғандай: «Шүбәсіз Аллаһ көктер мен жердің құпиясын біледі. Шындығында Ол көңілдегіні (ойлаған ойды) да біледі». Ол – біздің бір секундқа ойлап қалған ойымызды да, жан баласына естіртпеген құпиямызды да, бәрін де білетін жалғыз Жаратушы.

Одан бөлек Алланың әрдайым өз мүминдеріне айтқаны: оқу, білімнен кемде қалмау керек, ғылым жолына түсіндер деген. Осы бір ауыз «оқы» деген сөзбен «Алақ» сүресінің үшінші аяты [8] басталған: «Оқы! Ол Раббың аса ардақты.» Тіпті, қасиетті «Құран» сөзінің өзі арабтың «оқу» деген сөзінен шыққан. Осы тұста М. Ж. Көпейұлы өзінің «Ғылым және дін» жазбасында [4, 195] : «Құдайға жуықтасу, жақын болу ниетінде болса: бай-малыңды; жоқ жарлы-жаныңды ғылым білім жолына жұмса. Һәм өзін жуық, жақын боласың, Һәм екінші біреудің Құдайға жуық, жақын болуына себепші боласың. Мешіт, медресе сал да, Құдай үшін жұмсалатын күшінді мешіт, медресеге жұмса, не берсең, талиб ғылымға бер.» дейді. Яғни, бұл

жерде автор мұсылманға тән – мейірім мен қайырым, бауырмалдылық пен ізгілікті жақсы көрсетіп, Алланың сүйікті дүниесі – оқу білім, ғылымға жақын болу екендігін айта келе, адамзатты сол бағытқа үндейді. Бірақ та «Палау менен бәлішке құрсағын толтырып, егіншінің өгізі мен есегінен өнеге алған, өзі бір басты, екіаяқты бола тұрып төрт аяқты қайқы құйрықтылардың ауылына қайтып жүргендерді талиб ғылым демендер! Жаңа медресеге ондай қуларды кіргізбендер!» [4, 195] деген. Бұл дегеніміз, Хазірет сопы Аллаһар айтпақшы «Ащы жерге тұқым сеппеу керектігі» еді.

Міне, Құдай сөзі – Құран, ал пайғамбар сөзі – Хадис шәриф ешқашан да тозбайды. Өз заманында Алланың сүйікті құлы болған Мәшһүр атамыздай киелілер сөзі осындай. Оның қалауы – Алланың ақ жолынан айнымай, исламның иісін кетірмей, мұсылманшылықтың мерейін өсірер салиқалы ұрпақ тәрбиелеу, келешегіміздің кемел жастарына кәусар «Зәмзәм» судың дәмін татқызып, Аллаға жақындастыру еді. Бірақ та «Хашр» сүресінің он алтыншы аятында [8] жазылғандай: «Әр адамның өз еркі бар. Шайтан сендердің істеріңе жауапты болмайды». Бәрі де өз қолымызда...

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004. – 152 б.
- 2 Көпеев М. Ж. Хал-ахуал. Өлеңдер жинағы. – Қазан, 1907. – 20 б.
- 3 Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. Жиырма томдық. – Павлодар: ЭКО, 2003-2008.
- 4 Сүтжан С., Құралханова Б. Сопылық ғибратнама: хрестоматия-копендиум. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 212 б.
- 5 Бөжеев М. Мәшһүр-Жүсіп мұралары хақында. //Жалын, 3, 1974. – 127-129б.
- 6 Қоңыратбаев Ә. М. Ж. Көпеев лирикасы. II Қазақ әдебиеті, 19 июнь, 1959. – 3 б.
- 7 <http://www.bilim-all.kz>
- 8 <http://kuran.kz>

#### БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАҒАН ҚАНЫШ АҒА

МАХМЕТ Н. А.  
студент, ПМПУ колледжі, Павлодар қ.  
СӘРСЕНБЕК А. Р.

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы, ПМПУ колледжі, Павлодар қ.

Арқаның әсем де көрікті, сұлу жері Баянауылдың сыртқы бөктерінде Ақкелін таулары орналасқан. Бұл бұйрат бөктерлерді жыланша орай ирелендеп ағатын өзенді Ащының суы дейді. Оған құятын екі саланың бірі Айырық аталынады. Сол Айырықтың биік жарқабағында сол ауылдың биі Имантай ақсақалдың ата қыстауында доңыз, яғни 1899 жылы сәуір айының 12 жұлдызында болашақ ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дүниеге келеді. Сәби дүниеге келген соң әкесі Құрмантай абызды шақырып, жаңа туған нәрестеге ат қоюын өтіне сұрайды. Абыз азан шақырып атын Ғабдулғани қояды. Мейірман анасы Сәлима «Кенжетайым» деп мейірлене искеп кішкентай бөбегін «Ғаниым, менің Ғанышым» десе керек. Осыдан бастап Ғани, Ғаныш дей жүріп, ауыл-аймағы баланы Қаныш атап кетеді. «Әке балаға сыншы» дегендей Имантай ата: «Менің осы балам сөз ұқпайтың маубас, не елден асқан данышпан болады.

«Ұлыны ұлы таниды ғой». Қаныш Сәтбаев Затаевичтің еңбектерінің дер кезінде баспадан шығуына қамқорлық жасаған адам. «Қазақ ұлт театры» ел өмірінің айнасы, ел міндеттерінің құрылу тезі, түзеуші ұстазы, қазақтың салт-сана, күй, сарындары сияқты мәдениет, өнер кендерінің терең ошағы, ұйытқысы ретінде дамуы қажетдеп түсінген Қ. И. Сәтбаев халық ағарту комиссариаты мен театр басшыларын тума дарындары мол қазақтың өнерін Еуропаның, орыс мәдениетінің таңдаулы үлгілерін игере отырып, профессионалдык биік сатыға көтеруге шақырады. Жас Қаныш сол кездегі баспасөз бетінде, әсіресе «Қазақ тілі» газетінде «Байшуақ» деген бүркеншек атпен жиі көрініп тұрған. Осы газеттің 1923 жылғы 13 желтоқсанда жарияланған «Обаған» атты мақаласы осы аттас әннің шығу тарихын өте тартымды да көркем баяндаған. Ал оның «Ел Едіге» атты мақаласы эпостық жанрдың табиғатына терең бойлап, әннің алдындағы фольклор зерттеушілердің тарихы шындықты көріне бұрмалап, жаза басқан жерлерін тайға таңба басқандай етіп ашық көрсетеді. Бұл болашақ ғұламаның ғылым жолындағы бастапқы қадамы деуге болатын ғылыми жұмысқа бара бар еңбек еді.

Қ. И. Сәтбаев шәкірттік кезінен бастап көтерген өнер мәселелерін өмір бойы назарынан тыс қалдырмаған, оған өрқашан қамқорлық жасап



отырған. Оған Қ. И. Сәтбаевтың Ғылым академиясын басқарып отырған кезде жасаған басшылығы толық дәлел. Елуінші жылдары Мәскеудің белгілі театр зерттеушісі Николай Иванович Львов қазақтың театр өнері туралы «Қазақтың академиялық театры» деген тұңғыш монографияны жазады. Мамандардың пікірінше, бұл іргелі еңбек қазақ театры өнері туғаннан бастап 1950 жылдың басына дейінгі оның «энциклопедиясы» деп танылды. Жалғыз театр ғана емес, музыкалық фольклорды жазып жинастыру мәселесіне де Қаныш Имантайұлы ерекше маңыз берген. Академия жанынан осы жұмыспен арнайы айналысатын сектор құрылып, ол кейін бөлімге айналады. Ғылым академиясы президентінің тікелей нұсқауымен жер-жерлерге музыкалық фольклор қоры жыл сайын әндер мен күйлердің жаңа жазбаларымен толықтырыла түседі. Сөйтіп, ертеректе және сол жылдары жиналған жазбалар негізінде композитор Борис Гиршевич Ерзакович «Қазақстанның халық әндері» деген музыкалық-этнографиялық жинақ құрастырды. Ол жинақ 1955 жылы жарық көрді. Жинаққа екі жүзден астам көне және осы заманғы әндер енді. Жинақ шыққаннан кейін, – деп еске алады Б. Г. Ерзакович мені Қаныш Имантайұлы осы еңбегімен шын жүректен құттықтап, әр данасын қандай-қандай мекемелерге міндетті түрде жіберу керек екеніне дейін айтып берді.

Қаныш Имантайұлы А.В.Затаевич еңбектерінің жарық көруіне ерекше қамқорлық жасаған. Оның артында қалған мұраларын жинастыруға да, музыка зерттеушінің ұрпақтарына да шын пейілді жанашырлық жасап, үлкен қамқорлық көрсеткен. Туған халқының барлық саладан да шоқтығы биік, мерейі үстем болуын ойлаған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өнер саласына сіңірген еңбегінің жекелеген осындай шағын көріністерінен-ақ оның елге ерекше қадірлі болуын түсіну қиын емес. Ол – өзі өнерлі болып қана қоймай, өнерді де қастерлей білген ұлы тұлға.

Қаныш Сәтбаев үнемі уақытынан озып отырды. Баянауылда судья болып еңбек етіп жүрген жас қазақ жігіттің қазақ даласы түгілі, жалпақ Ресей аумағында өндіріс ошақтары өрістемей тұрған кезде, яки 1921 жылы өзіне геолог мамандығын таңдап, қиырдағы Томск қаласына аттануы: демек ол заман аужайын дұрыс болжап, туған өлкесінің қазба байлығын іздеумен айналысып, сол арқылы ел тірегін өзгертуге күштарланған... «Отызда орда бұзбасан-қырқында қамал алдым дегеніне ешкім сенбейді»-дейтін нақылды, тегінде, бабаларымыз ізбасар ұрпағын намысқой етіп өсіру үшін айтқан ғой деп ойлаймын. Осы игілікті жұмыстарды жүргізген кезде Қ. И. Сәтбаев отыз жаста болған.

1960 жылы «Білім және еңбек» журналының 10-санында ғалым «Қазына қоймасы-Қазақстан» деген мақаласында біздің жеріміздегі байлықтардың енді ғана толық біліне, алына бастағанын айтып, негізгі берері әлі алда, келесі ғасырда екенін болжайды. Сол жаңа ғасыр келгенде Қазақстан өз қазынасына ие болып отыр. Сол кездерде Сәтбаев: «Орталық Қазақстан мен Алтайдың бір миллион шаршы километрге жуық темір мен марганец, мыс пен қорғасын, қалайы мен мобилден, вольфрам мен күміс және басқа металдар болуға тиіс орындарды нақты барлап, біздің ғалымдар жасаған болжамдық, металлогениялық картаны кеңінен пайдалануымыз керек»-деген. Соның арқасында, мысалы Жәйремеде сан алуан түсті металдар қоры ашылды. Бір миллион тонна күміс бары анықталды. Жезқазған даласында қыруар вольфрам жатыр. Қостанайдағы Шәймерден кенінде миллион тоннадан асатын мырыш бар екен. Көкшетау өңірінен қалайы мен техникалық алмас ашылды.

Академияның ғалымдарымен бірге Қ. И. Сәтбаев, Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесін жасау идеясын батыл қолдады. Павлодар-Екібастұз аймағындағы мол да арзан электр қуатын Қазақстанның энергиясы тапшы оңтүстік облыстарына жеткізіп тұру қажет еді. Сол үшін де Екібастұздан Алматыға одан әрі Жамбыл мен Шымкентке дейін жалғастыратын жоғарғы кернеулі электр желісі тартылмақ болатын. Ол жұмыс ғалымдардың ұсыныс болжамы негізінде қолға алынып, басталған-ды. Ол желі Ағадырға дейін тартылған еді. Енді оны Алматыға жеткізу керек еді. Ақыры, ол маңызды жұмыс кідіріп қалды. Соның салдарынан оңтүстік аймақта, соның ішінде Алматыда энергия тапшылығы қатты сезіліп отыр. Жетпейтін қуатты көрші қырғыз елінен дүниежүзілік бағамен, әрі әлсін-әлі тоқтаумен алып жатырмыз. Ал, Павлодардағы басы артық энергияны алатын ешкім болмай, енді оны Тарбағатайдан асырып Қытайға сатамыз деп деп әрекет жасап жатыр.

«Жезқазғанға жол тартылсын...» деген мақаласы 1935 жылы маусымның 4-інде «Казахстанская правда» газетінде жарияланды. Ол тек мәселе қою, талап ету ғана емес, сол жолды салудың қажеттігін, оны қалай арзан да шапшаң салып шығуға болатынын дәлелдеп берген. Бұл жолдың өтетін жері көбіне жазық дала, жер қазу жұмыстары аз болады деп жазды ол. Мұны екі жылда бітіруге болатынын дәлелдеп айтқан. Ақыры солай болып шықты. Қ. Сәтбаевтың жасаған жолы Жезқазғанға тартылған күре тамыр секілді қазыналы аймаққа қан беріп, жан бітірді.

Жезқазғанға тартылатын жол бір ғана бұл емес. Болашақта оны Ташкент жолымен жалғастыратын Жосалы-Жезқазған теміржолы, одан әрі Жезқазған-Атбасар жолын тарту болатынын да айтқан. Өзінен дұрыс та қажет екенін көрсеткен бұл идея-жоба қазір нақты жоспарларға еніп отыр. Одан арғы болашақта Арал-Жезқазған-Ақмола магистралі тартылуға тиіс деген ой да айтылған. Академиктің үлкен ұсыныс-идеяларының бірі-Қарағандыдан Қарқаралы арқылы, Павлодардан Ақсу арқылы теміржолдар тарту болатын. Ол енді жүзеге асырыла бастады. Ақсу-Курчатов жолы салынып жатыр. Ертіс-Қарағанды каналын тарту идеясын Қаныш аға әуелден қозғаған. Қаулап өсіп келе жатқан Орталық Қазақстан өндіріс шоғырын-Қарағандыны, Теміртауды сумен қамтамасыз етудің бірден бір жолы-Ертіс суын бұрып әкелу, канал тарту. Оның жобасы алғашында тан қалдыратындай, тіпті адам зәресін алатындай көрінген еді. Оған бірден сену, көну үшін адамға үлкен білім мен билік қажет еді. Ұзындығы 514 шақырым (дүние жүзіндегі ең ұзын Эри каналынан кейін екінші орында, ол Суэц каналынан 3 есе ұзын арна) оның суын жарты шақырымға көтеру керек болған. Сол толық орындалды.

Қ. И. Сәтбаевтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі қосқан үлесі де мол. Ол кісі адамзатты фашистік алапаттан құтқаруда баға жетпес қолғабыс жасапты. Майданға керекті металды тез тауып және оны аз уақыт іске қосудың тәсілін тапқан ғажайып ғалымдық және ұйымдастырушылық қызметі, оның беделін арттыра түсті.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов бұл жайында былай депті: «Самғағыш самолет, тозбас танк, мойымас мылтық, өрттей оқ жасауға керек заттың бәрін беруде Сәтбаевтың әрі отаншыл басшылығы, әрі білгір мамандығы, жіті қырағылығы, қажымас еңбегі өзгеше орын алды». Соғысқа қажетті, яғни бүкіл елге қажетті кен орындарын ашу жолында Қ.Сәтбаев басқарған ғалымдар сол жылдары 350 экспедиция ұйымдастырса, соның 160-ы үкіметке практикалық ұсыныстар енгізіпті.

Қазақстан астанасын Ақмолаға ауыстыру жайында сөз басталған кезде, Қ. И. Сәтбаевтың 1948 жылы үкімет мәжілісінде осы мәселе талқыланды. Ол кісі: «Алматының сейсмикалық аймақта орналасуы, қаланың үлкеюіне жерінің тарлығы, құбылмалы ауа райы оны үлкен елдің астанасы болуға кешекте жарамсыз етеді. Бізде орталық атануға қолайлы екі қала бар, олар-Қарағанды мен Ақмола. Бірақ алғашқысы көмірдің үстінде тұр және онда су тапшы. Екіншісінде су да мол, әрі күллі Қазақстанның географиялық

кіндігінде орналасқан...» – деген. Қаныш ағамыздың асқан көрегендікпен меңзеген асыл ойы елу жылдан кейін жүзеге асырылды.

Қ. И. Сәтбаевтың жарық көрген 240-тан астам ғылыми еңбегі, 300-ге жуық мақалалары мен шағын туындылары болса, әлі 500-ден астам дүниесі жарық көрген жоқ. Бұл- ұланғайыр ғылым теңізі және өте құнды, елге қажет мол қазына. «Үлкен адамдардан қалған рухани мұраға жеңіл-желпі қараушылықтың өзі жақсылыққа апармақ емес» – дейді академик Е. А. Букетов.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан жаңалығы қомақты да, жан-жақты. Тек геология саласында ғана емес, әдебиет, тарих, археология, топология, өнертану салаларына да қосқан үлесі орасан. Соның бір дәлелі, 20-жылдардың басында Томск университетін бітіріп келген жас ғалым Орталық Қазақстанның кен қорларын зерттеп, Ұлытаудағы археологиялық мұраларды да жинастырады. Тастағы көне таңбалардың сырын ашып, Алашахан, Жошы кесенелерін тарихи мұра ретінде қорғау қажеттігін мемлекет алдына міндет етіп қояды. Едіге тауының басындағы батырдың ел аузында аты аңызға айналған бейтіне көтеріледі. Кейін қастандықпен қиратылған Ерденнің Сарыкендегі кешенін, Домбауыл қорымын құнды археологиялық мұралар деп қарайды.

Тау ішіндегі Ақсақ Темір сарбаздарына қару жасап, болат балқытқан орынды табады. Соның орны әлі күнге дейін сақталған. Дәл осы жерден бетіне араб әріпімен жазылған белгісі бар қара тасты кездестіреді. Бұл жәдігерде Әмір Темірдің 1392 жылы Токтамысқа қарсы жорығы кезінде Ұлытауға келіп тоқтағаны айтылады.

Қаныш Сәтбаев қара тасты тапқан кезде Қазақстан қалаларында тарихи мұражайлар болмағандықтан, өгіз жеккен арбаға артып, оны Қызылордадағы теміржол бекетіне әкеліп, 1927 жылы поезбен Ленинград қаласына жөнелтеді. Қаныш Сәтбаев мұны Ресейдегі құнды мұралар жинақталған Эрмитажға жолдайды. Бұл тас 1935 жылы Түркістаннан алдырылған тайқазанмен бірге Эрмитаждың арнаулы бір бөлмесіне қойылған. Қаныш Сәтбаев 1961 жылы Ленинградқа барғанда, Эрмитажды аралап жүріп, фотоаппаратқа жасырын түсіріп алады. Мұнда Қожа Ахмет кешенінен тайқазанмен бірге әкелінген, алтын жалатып, күмістен күйған екі шырағдан да бар екен. Кезінде осындай алты шырағдан болған. Оның біреуі Париждегі Луврде. Қалған үшеуі бүгінде қайда екені белгісіз... Қолды болған сияқты. Өкінішке орай, тайқазаннан басқа мұрағаттар әлі күнге дейін Қазақстанға қайтарылған жоқ. Бөтен елдің меншігінде қалып қойған

екен. Бір ғана Эрмитаждың өзінде кезінде қазақ жерінен әкелінген аса бағалы бұйымдарды да кездестіруге болады деп жазған.

Міне, бүгінде еліміздің егемендікке қолы жетуіне байланысты осы баға жетпес мұраларды қайтарып алуымыз қажет деп ойлаймын. Ол тарих үшін ғана емес, болашақ біздерге өте қажет. Қаныш Имантайұлының басынан кешкен өкінішті оқиғалар, шындығын айтсақ, бүкіл халқымыз зәбір шеккен, өсіресе ұлтжанды зиялы тобы түгелдей көрген, кешегі зер заманның тас дөңбегінде көпшілігі мерт болған залалды кесепаттар. Қаншама заңғар алыптарымыздан айырылды-Шәкәрім, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Сәкен, Илияс, Бейімб... Бәрі де ұлт беделін, мерейін биікке көтерген ұлт жандар еді, амал қанша.. Солардың шерлі тағдырына қарағанда, шүкір делік. Мұхтар, Қаныш сынды ағаларымыз аман қалып, туған жұртының бақ-мерейі үшін талмай еңбек етіп, мәңгі өлмес игі істер жасап кетті... Сәтбаев болса қандай қиянат көріп, қысасқа түспесін: «Шындық әрқашанда жеңеді!».-деген уәжге бекем сеніп, бәрін де ұлан-асыр еңбегімен, айшықты істерімен жеңді. Оның халқын тәнті еткен ұлылығы да осында деп ойлаймын.

Академик Сәтбаев мұрасын дүние жүзіне әйгілеумен Қазақстан ғылымының кешегі бүгінгі жетістігін, өрісін, келешегін көрсетуді мақсат етті. Қ. Сәтбаев – кен геология саласындағы көрнекті маман, Кенес Одағында метоллогения ғылымын дамушылардың белгілі өкілі, Қазақстандық метоллогения мектебінің негізін салушы. Өзінің ғылыми ізденістерінің көпшілігін өз Қазақстанның кен орындары мен минералдық ресурстарының геологиялық мәселелеріне арнады. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның металлогендік болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірді. 1929–1931 жылдары Жезқазған- Ұлытау аймақтарында оның айтуымен Жезқазғанның қайта қарауға мүмкіндік берген жаңа зерттеу бағдарламасы белгіленді. Геология барлау қызметін озық теориямен қаруландырудың іздеу барлау жұмыстары бағытын анықтап берді.

Халқымыз өзінің ғалым ұлын зор құрметке бөледі. Ол төрт рет Ленин орденімен марапатталды. КПСС XX, XXI, XXII съездерінде делегат болды. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология ғылыми институты Қ. Сәтбаевтың есімімен аталады. Бұл институт республикадағы ғылыми мекемелер ішінде ең алғашқылардың бірі болып Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Міне, бұл да Қ. И. Сәтбаевтың еңбегінің жемісі. Ол өсірген ғылымның мәуелі бағы жыл өткен сайын дәл осылай гүлдене бермек.

«Ол нағыз ғылымның адамы еді. Сонымен бірге ол аса кішіпейіл, қамқор ұстаз болды. Төңірегіндегі аға болсын, іні болсын, ғалым солардан әйтеуір бір нәрсені білмекке, үйренбекке әр дәйім құмар болды. Ал, өзі оқытып, жетекшілік етіп, ғылымның заңғар биігіне ұшырған шәкірттері қаншама оның» – деп жазады Г. Б. Жилинский.

Қ. И. Сәтбаев өмірдің барлық саласындағы жан-жақты білімімен тандандырған. Ғалымның есімін мәңгі есте сақтау шараларының бірі Марс пен Юпитер аралығында Күнді айнала қозғалатын планетаға Қ. И. Сәтбаев атына беру туралы Халықаралық планета орталығының шешімі отандастарымызды зор қуанышқа бөледі. Осы оқиғаға байланысты талантты, белгілі ақын, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хамит Ерғалиев «Ғарыштағы Қаныш» балладасын жазуы жұртшылықты дән риза етті.

1981 жылы ғылым Академиясының оң жағынан «Ғалымдар үйі» саланды. Фимарат кешені азаматтық сәулет өнерінің үлгісі болып есептеледі. Сонымен, Қ. И. Сәтбаевтың 100 жылдығына орай 1999 жылы шығармалар жинағының алғашқы томдары жарияланды. Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» романы, «Сәтбаев әлемі» атты жинақ жарияланды.

«Академик Қ. И. Сәтбаев хаттар мен жазбалардан» деген құжаттар жинағы, «Қ. И. Сәтбаев және Қазақстанның қоғамдық ғылымдар» атты ғылыми мақалалар жинағы шықты. Алматы, Жезқазған қалаларында Қ. И. Сәтбаевқа еңселі ескерткіштер қойылды. Ғалымның Баянауылдағы, Жезқазған мен Қарсақбайдағы мұражайлар жөндеуден өтті.

Сөз соңында айтарым, Қ. И. Сәтбаевтың қиын да қызықты өмірінен, мінезінің қарапайылығынан үлгі алған жас ұрпақтың бірімін. Тәуелсіз елдің біздей ұрпақтарына, ешқандай кедергісіз білім алып, қазіргі таңда әлі де болса толық зерттелмей қолды болып жүрген, архивтерде жатқан еңбектерін жарыққа шығару болашақ, біздердің қолымызда деп ойлаймын. Осыған байланысты ғұлама ғалымның еңбегі мен қалдырған мұрасына басымызды иеміз.

Тәуелсіз елімізде Қ. И. Сәтбаев жаңғыртқан ел экономикасының шығарған өнімдері де, шығаратыны да өте мол. Соның бір дәлелі, ғалым болжаған өндіріс орындары қазіргі таңда, ел бойынша барлығы сегіз жүзге жуық әртүрлі өндіріс орны құрылды. 152 кәсіпорын іске қосылып, 24 мыңға жуық қазақстандықты тұрақты жұмыспен қамтамтыған. Біз әлемнің 126 еліне 200-ден астам өнім түрін шығарудамыз. Елбасымыздың әр жыл сайын Қазақстан

халқына жолдаған «Жолауында» осы экономика саласындағы жетістіктерімізді мақтан етіп жолдап отырады.

Тарих тудырған таланттың ер тұлғасы Қ. И. Сәтбаевтың есімі қазақ рухының бастауында тұр. Ендеше ұлттық рухымыз бар жерде оның есімі ешқашан өлмек емес.

**Сөз соңында зерттеуші-ғалымдарымызға айтатын ұсынысым:**

1 Қ. И. Сәтбаев тапқан баға жетпес археологиялық мұраларды елге қайтарса;

2 Қ. И. Сәтбаевтың қолда бар ғылыми еңбектерін, зерттеулерін, сонымен қатар архив, кітапхана және қолда жүрген 500-ге жуық жарық көрмеген қолжазбалар жинағын толық шығарған абзал.

3 Өлкеміздің тарихын жандандыру мақсатында және келешек ұрпаққа мол мұра қалдыру үшін Баянауыл ауданы, «Ақкеліннен» шыққан тарихи тұлғалар жайында деректі фильмдер түсірсе нұр үстіне нұр болар еді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Е. М. Арын, Б. Т. Баткиева, Қ. М. Алдабергенов «Бір туар дара тұлғалар». Павлодар 2003.

2 М. Сәрсекеев «Сәтбаев» Алматы. 1988.

3 Ш. Қ. Сәтбаева, Ф. О. Батырбеков, Ә. Қ. Жармағанбетов. «Қаныш аға». Алматы 1989.

4 Е. Букетов. «Жас Қаныш». Алматы. 1999ж.

5 «Отарқа» 9сәуір 1999ж.

6 «Сарыарқа самалы» 28 желтоқсан 1999ж.

7 «Егемен Қазақстан» 9 сәуір 1999ж

#### 1.9 Қазіргі білім үрдісі және кәсіби бағытталған басқа тілдік білімнің дамуы

#### 1.9 Современный образовательный процесс и развитие профессионально-ориентированного иноязычного образования

#### ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА КҮНДЕЛІКТІ ЕНГІЗУ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛМАЛАРЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА ӘДІСІ РЕТІНДЕ

ЖУНУСОВА А. Ж.  
студент, ПГПУ, г. Павлодар  
КУЛАХМЕТОВА М. С.  
к.ф.н., профессор, ПГПУ, г. Павлодар

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағына ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Мектепте алған білімдері – балаға келешектегі өміріне, оқуына, мамандықтың тандауына негіз болады. Сондықтан мектеп табалдырығынан бастап балаға жүйелі білім беру талаптардың бірі.

Жалпы білім беру мен кәсіптік лицейлерді дамытудың қазіргі кезеңінде жаңғыртудың негізгі бағыты, бірінші кезекте, жалпы білім беру және кәсіптік білімді меңгеру сапасын арттыру, мектеп бітірушілерінің практикалық және шығармашылық дайындығын қамтамасыз ету. Жалпы білім беру пәні ретінде шет тілі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға өз үлесін қосуы керек.

Еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланылатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» [1].

Шетел тілін оқыту оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, оқу және даму әлеуетіне ие бола отырып, шет тілін тек практикалық оқу мақсатына жету арқылы жүзеге асыруға болады, яғни оқушы шетел тілдік коммуникативтік және когнитивтік белсенділік

кезінде (тындау, сөйлеу, оқу, жазу) білім беру қабілетін кеңейтеді, ойлау, есте сақтау, сезім мен эмоцияларды дамытады; егер шетел тіліндегі қарым-қатынас барысында адамның әлеуметтік-құндылық қасиеттері қалыптасса: дүниетаным, моральдық құндылықтар мен сенімдер, мінез-құлық ерекшеліктері.

Қазіргі заманда шетел тілді білу, оның жазу тілімен қатар сөйлеу мәдениетін меңгеру – қазіргі заман талабы. Болашақта бәсекелестікке түсе алатын, ойының ұшқырлығымен, қоғамда өз орнын табатын азаматтарды тәрбиелеп өсіру – ұстаздардың басты міндеті болып табылады. Өз туған тілімен қатар жүретін шетел тілін үйрену – осы азаматтардың болашақта білімі кемел болатын, шет елдерден білім алып, жұмысқа орналасуына көмек болатын, жолын ашып беретін бір де бір кілті болып табылады. Ағымдық үрдіс – шетел тілін мектеп қабырғасында үйрену екінші сыныптан бастау, қоғамның талаптарына жауап берудің көрінісі болып табылады. Мұның бәрі – адамзаттың білім деңгейін арттыру, сондай-ақ жеке тұлғаны қалыптастыруға қажет, әрі қарай ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымақтастықты нығайту болып табылады [2].

Шетел тілін үйрену барысында адам басқа бір ұлттың сөзін, сөйлем құрау тәсілдерін меңгеру арқылы оның ойлау жүйесіне еніп, рухани әлеміне қадам басады; жаңа бір халықтың ұлттық болмысын ашады. Шетел тілінде сөйлеу арқылы сол ұлтша ойлайды; мұның өзі сол ұлтпен іштей жақындастыра түсетін болады. Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі.

Тіл білуі барысында адамның қарым-қатынас жасау, әлеуметтену, білімін арттыру мүмкіндіктері екі-үш есеге дейін артады. Өйткені әр тіл – өзінше бір тұтас әлем. Тіл үйрену арқылы адам жаңа бір әлемнің, әлемдік өркениеттің тағы бір ғимаратының есігін ашып, ішіне кіріп, таныса бастайды. Бірінші кезекте адамның ақпараттық, мәдени және экономикалық кеңістігі кеңейіп, таным-түйсігі арта түседі [3, 29 б.].

Ең алдымен, шетел тілі оқу пәні ретінде – әлемге қосымша «терезе», бұл өмірдің, ғылымның, өнердің түрлі салаларындағы білімді толықтырудың құралы, бұл жалпы білім беру үшін маңызды, еңбек және қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы қызметті жүзеге асыруға көмектесетін құрал. Шетел тілі сабақтарында оқушылар басқа оқу пәндері: қоғамтану, әдебиет, музыка, тарих, география, бейнелеу өнері бойынша алған көптеген білім мен түсініктерді тереңдетіп, кеңейтеді.

Шетел тілі сабақтарында шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, көпқасырлық ұжымдық шығармашылықтың бай тәжірибесін, көптеген ұрпақтың даналығы мен дарындылығын өзіне сіңірген отандық және әлемдік көркем мәдениеттің бір бөлігі оқушылардың шығармашылығы мен дамуы үшін кең ауқым ашуға мүмкіндік берді, олардың өмірін рухани бай және көп қырлы етеді. Оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда ағылшын тілін қолдану мәселесіне көптеген авторлар жүгінеді. Бізді қызықтыратын мәселені шешуге оның психологиялық аспектілерін, мектептегі шығармашылық қызметті ұйымдастыру әдістемесінің тәсілдерін, оның тиімділігін бағалау критерийлерін және жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін қалыптастыру мен дамытудың табыстылығын қамтамасыз ететін т.б. анықтауға байланысты ғылыми еңбектерді зерделеу ықпал етті.

Шетел тілін оқытуда, жалпы мектеп қабырғасында сабақты тиімді ұйымдастыруға көптеген факторлар көмектеседі. Осында барлық мәселелерді ескерген жөн. Шетел тілін оқыту тек қана жазбаша және ауызша аспектілерді қамтумен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту керек. Осы процесті ұйымдастыру кезінде, педагогика мен психологияға жүгінген дұрыс. Мәселен, сыныптың барлық оқушылары бірдей емес, әр оқушы – жеке тұлға екенін ескерген жөн. Сондықтан әр оқушының шығармашылық қызығушылығын ескере отырған дұрыс.

Заман талабына сәйкес оқыту кезінде – жаңа әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Сондықтан осы жұмыста шет тілін оқытуда күнделікті енгізу оқушылардың ынталарын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту әдісі ретінде құрастырамыз.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту – білім берудің маңызды міндеттерінің бірі, себебі бұл үдеріс баланың жеке дамуының барлық сатыларына шығады, қабылданған шешімдердің бастамасы мен тәуелсіздігін, еркін пікір білдіру мен өзін-өзі танытуды әдетке айналдырады. Әрбір баланың таланты бар. Әрине, барлық балалар бірдей емес. Дегенмен, адамның таланттарын әртүрлі тәсілдермен дамытуға болады. Солардың ішінде:

- қолайлы атмосфераны қамтамасыз ету;
- мұғалімнің ізгі ниеті, баланы сынаудан бас тартуы;
- қордың қызығушылығын дамыту үшін қоршаған ортаны әртүрлі жаңа заттармен және жағдаймен байыту;
- түпнұсқа идеялардың өрнектерін ынталандыру;

– мәселені шешуге шығармашылық көзқарастың жеке мысалын қолдану;

– балаларға сұрақтар қоюға мүмкіндік беру [4, 61 б.].

Шетел тілі сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту төмендегі жағдайларды есепке ала отырып тиімдірек болады:

– біліктілікке қажеттілік, мұғалім құзыреттілігі;

– мектептің жоғары материалдық-техникалық базасының болуы;

– шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру процесі білім беру, танымдық және практикалық қызметпен тікелей байланысты;

– ағылшын тілін оқытудың педагогикалық әдістері, формалары мен әдістері жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне және психофизиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес, ойын арқылы балалармен қарым-қатынасты жүзеге асырады;

– оқушылардың даралығына, дайындық деңгейіне бағытталған әртүрлі деңгейдегі күрделіліктің жеке және әлеуметтік маңызды білім беру және шығармашылық міндеттерін пайдалану;

– мектептен тыс іс-әрекеттерді қолдану [5, 19 б.].

– Күнделікті жүргізу шетел тілін үйренуге қандай әсер тигізеді?

Тұтастай алғанда, күнделікті жүргізу, әрине, жазбаша ағылшын тілінде немесе сіз жазатын басқа тілде дағдыларыңызды дамытады. Күнделік үнемі өткізіліп отырады деп есептеледі, ал оқушы өз оқығандары туралы өзінің әсерін жазады. Сонымен бірге бірінші кезеңде логикасы, анықтығы, дәйектілігі және грамматикалық дұрыстылығы маңызды емес. Жазбалар негізгі сөздерді, эмоциялар және оқырмандардың көңіл-күйін, сияқты кез-келген ассоциативті сілтемелерді көрсетуі мүмкін.

Ең бастысы – тілдік құралдар мен ресурстардың жинақталуы, содан кейін оқушылар болашақта анағұрлым мағыналы, анық және жарқын бейнесін қалыптастырады.

Күнделікті жүргізу – өзінің ішіндегі эмоциялар мен қорқыныштарын қағаз бетіне түсіру. Сондай-ақ, күнделікті шет тілінде жүргізу сізге шетел тілін тез қолдануға көмектеседі.

Күнделікті жүргізген кезде оның ішіне:

1 Сіздің күнделіктеріңізде: диалогтар, сипаттамалар, жазбаша хаттар, фильмдерде немесе кітаптарда пікірлер жазуға болады. Немесе тіпті тамақ туралы. Бастапқы кезеңде үлкен грамматиканы қажет етпейтін қарапайым сөйлемдерді пайдаланыңыз.

2 Егер сіз шығармашылық адам болсаңыз, айтқыңыз келген нәрсеге шағын сценарий жазыңыз.

3 Өзіңіздің күн тәртібіңізді, мектептегі жағдайлар туралы, тіптен жаттап алған шет тіліндегі сөздерді де жазуға болады.

Сонда оқырман күнделігінің пайдасы неде, ол оқушыларға нені үйретеді?

Оқушалырдан күнделікті жүргізу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойлауын, ой-өрісін кенейтіп, ынталарын арттырады. Себебі, олар өз қызығушылықтарын жазып, сөз қорларын молайтады. Негізгі идеяны екі немесе үш сөйлемде оқып, түсіндіру үшін, жұмыстың мән-мағынасы туралы қорытынды жасай отырып, басты кейіпкердің кім екенін және кім қайталанатын екенін түсініп, мұның бәрін оқушылар оқығанын есте сақтауға көмектеседі. Ақыр соңында, балалар автордың атын және есімін еске түсіреді және білім деңгейін едәуір арттыратын жұмыс атауын алады.

Негізгі міндет – балаларды ойлануға, ойларын байқауға және ағылшын тілінде уақытында түзетуге үйрету. Оқуға арналған кітап немесе қандай да бір оқиғаның пікірін білу. Мұның бәрі, ең алдымен, жазудың ғана емес, сөйлеудің де дағдыларын дамытады [6, б. 22].

Әдістің атауы оның мәнін толығымен айқындайды – бұл оқу үрдісін қандай да бір түрде көрсететін тұрақты жазбалар. Күнделік тіл үйрену үшін ғана емес, мұғалімдермен немесе өз бетінше жаттығулардың кез-келген түрлерінің бір бөлігі ретінде кеңінен қолданылады. Жиі оны жүзеге асырудың көптеген жолдары бар, ал оның қайсысы таңдау мен артықшылықтар мәселесі болып табылады. Сонымен, кейбір оқулықтар әр күннің соңында (немесе сабақ) кестені толтырып, «Мен бүгін не үйрендім?», «Нені қайталау керек?», «Қандай қиындықтар бар?» және т.б. сұрақтарға жауап беруді ұсынады.

Егер бір нәрсе маңызды, қызықты болса, сұрақтар туындаған немесе күмән тудырған (немесе қасіретін, бұл да орын алса), бұл жазуға тұрарлық нәрселер. Табысты мысалдармен жаңа грамматикалық құрылыс, жаңа сөздіктер, ескі етістіктерді есте сақтауға арналған өлеңдер, сіз кенеттен түсіне бастаған Рэмстейннің сөздері (және түсіндім, қайтадан тындамайсыз), мұғалімнің көңілді сөз тіркестері және тағы басқалар.

Күнделік жүргізудің ең басты ережесі – бірде бір аударма болмауы керек. Тіпті сөздік қоры әлі де шектеулі болса да, қарапайым сөйлемде жазыңыз. Ұзын мәтіндерді кітабынан қайта жазба, сонымен бірге басып шығаруды қолданбаңыз. Егер сіздің сөз байлығыңыз жеткіліксіз болса, онда суреттерді, жапсырмаларды қолданыңыз.

Сабақта күнделікті қолданған кезде мұғалім келесі нәрселерді ескерген жөн:

Барлық құрылғылардың үлкен артықшылықтарына қарамастан, қағаз күнделігін сақтауды ұсынамын. Біріншіден, қолжазбалық хат жады мен көңіл-күйді ынталандырады (өйткені, авто-түзеткіш оқушыларды жалқау етеді);

жеке жазылған қалың дәрттер қатты болып көрінеді және жасалған жұмыстың сезімін береді. Сондай-ақ, сіз әлеуметтік желілерге және Google-да бірден іздеуге кіріспейсіз, өз сөзіңізбен жұмысты жазып, тек қана өз қиялыңызға байланысты жұмыс жасайсыз.

Оқушылардың күнделікті жүргізген кезде бәрін керемет істеудің қажеті жоқ. Сіз тек қана бағыт беріп отырсыз, білмеген нәрсесін айтып отырсыз. Қалғаны баланың қиялына байланысты. Мейлі, кір, түзетулер бола берсін. Ол тек баланың өзіне байланысты шығармашылық жұмыс.

Баланы мадақтап отырыңыз, егер сізге ұнамаған жағдайда өз ойыңызды өзіңіздің ішінде сақтаңыз. Себебі, баланың ойы бөлек [7, 10].

Көптеген шетел тілін үйренушілердің сүйікті жолы күнделікті жүргізу. Бұл күннің оқиғаларын, сондай-ақ білімді қолдану тәжірибесін талдау үшін тамаша мүмкіндік. Жеке тәжірибеге сүйене отырып, күнделікті сақтау кезінде әртүрлі тақырыптарға қол тигізуіңіз керек және көптеген жағдайларға қатысты сөздерді қолдануға болады деп айта аламыз. Грамматика ережелері де қайталап, қолдану тәжірибесі дамиды.

Нәтижесінде шетел тіліндегі жазбаша тілдер жасалды. Егер сіз жазбаңызды қатты дауыстап оқып шықсаңыз, онда сіз оқуды, айтылуды және сөйлеу дағдыларын жақсартасыз. Әрине, сіз ағылшын тілін үйреніп жатқан кезде қиындықтар туындауы мүмкін. Бірақ кез келсе уақытта мұғалімнің көмегіне жүгінуіңіз мүмкін.

Сабақ – күрделі, көп дайындықты талап ететін, мұғалімнің көптеген әдіс-тәсілдердің меңгеруін талап ететін процесс.

Сабақ барысында мұғалімнің: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ынталарын, білім деңгейлерін дамыту керек.

Шетел тілі сабағы мектепте күрделі, маңызды сабақтардың бірі болып табылады. Себебі, үш тілде сөйлеу, үш тілді жетік меңгеру – қазіргі заман талабы.

Сабақ барысында мұғалім тек қана бір оқыту әдісін таңдамай, жан-жақты болуы міндет. Мұғалімнің сабақ ұйымдастыру кезіндегі басты мәселелердің бірі, сабақ қызықты етіп өткізу. Сондай мәселе туындаған кезде, мұғалім жан-жақты зерттеулер жүргізіп, өзіне көмек

ретінде қолданылатын тиімді әдістерді қарастыра бастайды. Сол сәтте оның, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін меңгергені тиіс. Яғни әр сыныпқа, сыныптағы әр балаға мұғалім таңдаған сабақтың әдісі ықпал ету керек, қиындық туғызбауы тиіс.

Әрине сабақта шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін көрнекілік әдісі, сұрақ-жауап әдісін т.б. қолданады.

Шетел тілін оқытуда шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін қолданылатын тағы бір әдіс – «күнделік толтыру». Ол оқушылардың өзіндік потенциалын, жеке қабілеттерін ашуға көмектеседі. Ал педагогикада ең басты міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылығы мен қабілеттерін дамыту.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Педагогика», Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. «Дарын» әлеуметтік – гуманитариялық институты, 2004 – 230б.
- 2 Шетел тілін оқыту әдістемесі.
- 3 «Шетел тілін оқыту анықтамасы», Қарашашева К.Н., Астана 2015жыл – 42б.
- 4 «Иностранные языки в школе» Тулепова К.М., Алматы 2013год.
- 5 «Основы преподавания иностранных языков», Кудимова Л.М., Москва, издание второе, 2016 год – 83с.
- 6 Жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарты, Астана 2013 жылғы 23 тамыз.
- 7 Қазақстан Республикасының қазақ халқына жолдауы, 2018 жыл, 5 қазан.

#### СОВРЕМЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС И РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

СИМОНЕНКО М. В.

студент, группа П-021, Технологический колледж, г. Павлодар

Обучение иностранному языку в неязыковом образовательном учреждении носит профессионально-направленный и коммуникативно-ориентированный характер. В настоящее время международные деловые контакты, компьютерные сети,

спутниковое телевидение предоставили большие возможности общения с зарубежными коллегами, и в связи с этим растет потребность в специалистах со знанием иностранного языка.

Не вызывает сомнений, что в социокультурной сфере за годы освоения целины было сделано немало. Это и развитие среднего и высшего образования, расширение сети библиотек и учреждений культуры, вовлечение и приобщение значительной части населения к основным достижениям мировой культуры через телевидение, радио, печать и библиотеки, а также через участие в художественной самодеятельности. Отмечая положительные стороны, необходимо признать, что идеология давила над всеми сферами жизни человека, в том числе и над культурой, в этой сфере действовал остаточный подход к материальному обеспечению учреждений культуры.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Репина Л. П., Зверева В. В., Парамонова М. Ю. История исторического знания: Пособие для вузов.- М: Дрофа, 2004. – 288 с
- 2 Молотов В. С. В степях Прииртышских.- Алма-Ата : Казахстан, 1976. – 104 с.
- 3 Захаренко А. Л. Высшие учебные заведения как социокультурный фактор развития Павлодарской области // Олкетану. Краеведение.– 2003.– № 1.– С.133 – 142.
- 4 Жаманбаев К. Ж. Высшая школа в Казахстане. Исторический опыт Коммунистической партии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920 -1970 гг.) Алма – Ата: Казахстан, 1972. – 184 с.
- 5 Кунаев Д. Казахская ССР. Краткий историко – экономический очерк. Москва, 1958. – 164 с

6 Целина: подвиг партии и народа: Сб. материалов, посвященных 30-летию освоения целинных и залежных земель/Сост. А. Д. Бородин и др. – Алма-Ата: Казахстан, 1984.-280 с.+илл.

7 Сергеев М. Девять дипломов // Павлодарская Правда.– 1960.– 31 июля.– С.2.

8 Захаренко А. Л. Система учреждений культуры Павлодарской области в 1955 – 1985 гг. (опыт количественного анализа.) // Олкетану. Краеведение.–2002– № 1.– С.167 – 191.

9 Хроника целины: Павлодарская область. 1953-1964 годы. / Сост. Болтина В. Д., Маркунене Н. В., Покидаева Т. Е., Шевелёва Л.В. – Павлодар: Департамент архивов Павлодарской области, 2004. – 28,4 усл. печ.л., 488 с.

10 Д. М. Дюйсенбина, О. А. Кушинов, Г. М. Смакотин Комсомол и молодежь на целине Павлодарского Прииртышья: очерки, воспоминания, документы.-Павлодар: ЭКОЭКО,2004.-284 с.

**1.12 «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» баяндама және мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы**

**1.12 Программа «Рухани жаңғыру» – взгляд в будущее и статья «Семь граней Великой степи»**

**ҚОСЫМ ПІШЕНБАЕВТЫҢ ӨМІРІНДЕГІ БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚЫЗЫҚТЫ ФАКТІЛЕР**

КАБАШЕВА З. А.

студент, Қ. Пішенбаев атындағы Екібастұз тау-кен техникалық колледжі, Екібастұз қ.

*«Қосым ақсақалдың тапқан кен орындарының болашағы өте зор»  
Қ. Сәтбаев*

Жұмыстың мақсаты: Қосым Пішенбаевтың Қазақстанның көмір өндірісі дамуындағы еңбегінің маңыздылығын, оның өлкетану аспектісін дамытудағы рөлін анықтау, жас ұрпаққа Қосым Пішенбаевтың сан қырлы талант иесі, біртуар тұлға екенін таныту; елімізге еңсе тіктетіп, қаламызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтатқан Қосым Пішенбаевтың кісілік қелбетін меңгеру;

Жұмыстың міндеттері:білім алушылардың туып-өскен еліне деген сүйіспеншілігін арттыру,табиғатпен адамгершілік қарым-қатынас жасауға, Қосым Пішенбаевтың еңбегін бағалай білуге, оның өнегелі өмірінен үлгі алуға, құрметтеуге, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге тәрбиелеу.

Тақырыптың өзектілігі: ұсыныс арқылы оқу бағдарламасына Қосым Пішенбаевтың өмірі мен қызметін жеке тұлға ретінде енгізу.

Тақырыптың проблемасы: танымал адамның тарихын жас ұрпақтың білмеуі, оның жеке тұлға ретіндегі өмір жолдарынан хабарсыздығы; Қосым Пішенбаев туралы мәліметтердің жинақталып кітап болып шықпауы, ақпараттың аздығы,ешқандай кинодеректердің жоқтығы, әйгілі кен білгірінің өмірі әлі де болса толық зерттелмеуі.

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру»: Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар... Еліне еңбегі сіңген отандастарымыздың жетістіктеріне назар аудару қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген.

Сарыарқаның төсіндегі әсем қалалардың бірі Екібастұз шаһарының атауы «әу» дегеннен-ақ адамның назарын өзіне аударады. Үш бірдей сөзден құралған елді-мекен атауының өз аңызы да жоқ емес. Осы өңірден тұңғыш рет көмір кендерінің көзін тапқан геолог, кентанушы Қосым Пішенбаев, қазіргі Екібастұздың аумағын шарлап жүріп, көзге таңсық тастарды кездейсоқ көріп қалыпты. Әбден зер салып қараған геолог, тас көмір кеніне тап болғанына көзі жетеді. Сол жерге белгі ретінде Тұздықөлден алған тұздан жал жасап, үстіне даладан тауып алған аттың құрап қалған екі бас сүйегін қояды. Міне, содан бері бұл аумақты жергілікті халық «Екібастұз» атап кеткен-мыс.

Жалпы, Қосым Пішенбаев ерекше жаратылған, ұстамы мен талғамы ешкімге ұқсамайтын дара тұлға болған, дейді білетіндер. Өзі аңшы, тылсым табиғат тілін терең ұғына білгендіктен дала кезіп ел аралауға жаны құмар болыпты. Сондықтан да оны ел арасында «кезбе» деп те атап кеткен. Міне, сол кезбе адам, 1867 жылы қазіргі Екібастұз қаласының Тұздықөл маңайынан тас көмір кен орнын тапты. Содан бері 150 жыл өтіпті. Ал, Екібастұздың қала мәртебесін алғанына биыл 61 жыл толды.

Екібастұз қаласының тарихы туралы жазған кезде, Кеңес үкіметі уақытында Кереку өңіріндегі алғаш көмір тапқан Қосым Пішенбаев жөнінде неше түрлі жабайы оқиғалар жазылып жүрді. Олар халқымызды тым жабайы етіп көрсету мақсатында қойшы

Қосым деген кісі суырдың інінен тапқан қара тастың жанатынына таң қалып, әлгі жерді ұмытып қалмау үшін, суықта үсіп өлген екі малдың бас сүйегінен белгі жасап, табылған көмірдің жанына қойып кеткен деген деректер айтылып жүрді. Екібастұз көмір кенін Қосым Пішенбаев деген баянауылдық қазақ ашты деген сөз бар. Ал бұған дәлел қайсы? «Екібастұз көмір кенін Қосым Пішенбаев ашты» дегенге құманданушылар көп болды. Осы мәселенің шындығын дәлелдеуге Қалмұқан Исабаев бел шешіп кірісіп, нақты дәлелдер табуға тырысты. Нәтижесінде Верхотурлық 1 гильдиялық көпес-тау-кен кәсіпкері Александр Бенардакидің 1867 жылдың 21 маусымында жазған хатында (заявка) сол жылдың 12 маусым күні Екібастұз көлінің шығысындағы «Қарабидайық» деген жерде Қосым Пішенбаев бастаған баянауылдық 5 қазақ көмір кенін ашқаны баяндалған. Орысша мәтіні: «Отправился в 12 дня июня же месяца по Баян-аульскому округу партией из 5 человек киргиз местных и через день прибыл на место называемое Карабидаик, где от соленого озера Еке-бас-туз примерно 500 сажень на юг. Заложил шурф ширины и глубины 3 аршина, и встретил каменный уголь. Партию составили местные киргизы: Хосум Пшенбаев, Салгара Баймиканов, Жантеле Мамбетов, Койшикара Наурузов и Ногайбай Оразов. Осы бұлтартпас дәлелді Қалмұқан Исабаев Киевтен тауып, жария етіп, елге жайды. Баспасөз бетінде Қосым Пішенбаевтың Екібастұз кеніне тікелей қатысты екеніне көз жеткізу үшін әлденеше мақалалар жазды. Қоғамдық пікір қалыптастырып, Екібастұз кенін Қ. Пішенбаев ашқанын күмән келтірушілерге мойындатып, талассыз пікірге айналдырды Қалмұқан Исабаев мұнымен тынбады. Енді Екібастұз қаласында Қосым Пішенбаевқа ескерткіш қою керек деген мәселені көтеріп, талай есікті ашып, талай басшының алдына дәлелдерін жайып салып, дегенінен қайтпай, ойлағаны орындалғанша айтумен, жазумен болды. Ақырында, қуанышқа орай, Екібастұз қаласының орталық көшелерінің бірінде биік тұғырдың үстінде қазақы шапан, бөркімен, ұзына бойымен тұрған Қосым Пішенбаевтың биік ескерткіші орнатылды. Бұған қоса осы қаладағы ұзын көшелердің бірі – Қ. Пішенбаев көшесі – деп аталады. Қарабидайық деген жер, қазіргі Екібастұз қаласының дәл түбі, негізгі Қосым аталарының жайлауы екен. Екібастұз атауы ел ішінде тараған аттың басындай екі тұзға байланысты аңызда емес, Екібастұз деген осы жердегі көлдің атауына байланысты екен. [2, 86]

Өзінің ғұмырында Қосым ағамыз жалғыз Екібастұз емес, Майкүбі, Найзатас, Жамантұз, Жосалы, Қандықарасу, Көктас,

Берікқара, Қалмақтас, Қарағайлы, Қызылкеспе, Бесшоқы, Ақкөл, Шоман, Мойылдыбұлақ, т.б. кен орындарын табады. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Орталық мемлекеттік мұрағатта көпес Деровтың кен орындары жайлы жүзге тарта хабарламасы бар екен. Осының барлығы-Қосым бастаған жергілікті қазақтардың тапқан кеніштері. Д. Багаев Павлодар өлкетану мұражайының қызметкері (қайтыс болған) Екібастұз тарихындағы кен орындарының алғашқы жылдарындағы жайлар жазылған қолжазбаларын қалдырып кеткен екен. «Екібастұздың тас көмірін 1886 жылы баянауылдық кен білгірі Қосым Пішенбаев тапқанын жақсы білеміз. Қосым Павлодардағы көпес Деровтың қол астында жұмыс істейтін еді, орта бойлы, шоқша сақалды жұмыскерлердің бәрі құрметтейтін еді. Ол даладан көмір, мыс, темір, кен орындарын іздейтін еді, соған айына 30 сом еңбекақы алатын. Әр жыл сайын Қосым қалаға ат ізін салып, кеңсеге жиі келіп тұратын. Қосым әр сапарда жасаған тапсырыстарын кеңсе жұмыскері жазып алатын, тау – кен технигі Деменев оны жазбаша өңдейтін. Аз уақыттың ішінде Қосым Пішенбаев пен әуесқой-геолог Ақбас Құрмановтың сызбалары бойынша Баянауыл, Қарқаралы аудандарынан бастап, Балқашқа дейінгі даланың бәрін Деров жалға алып, ол үшін қазынаға жыл сайын салық төлейтін болды. Қосымның ашқан жаңалығы туралы 1897 жылы Семей облысының тау-кен инженері Концовский: «Честь открытия этого месторождения принадлежит местному киргизу Косуму» – деп жазды. Сол кезде кен орнын зерттеген геолог Де Кателен былай деп жазды: «Екібастұз көмір бассейнінің байлығы ұшан-теңіз. Біз Еуропада мұнан басқа қуатты көмір кені бар деп ойламаймыз да» [2, 9 б.]

Енді Қосым Пішенбаевтың шынайы өмірде кім болғанына келсек, ол ағамыз 1844 жылы Баянауыл өңірінде, Қызылтаудың етегінде дүниеге келген.

Баянауыл ауданындағы Күркелі ауылында тұратын Нығмет Жәмінұлы атты ақсақалдың әңгімесі бойынша Қосым жаратушының ерекше назары түскен пендесі, әйтпесе, арнайы білімі жоқ адамның жердің астында не жатқанын жазбай айыруы ерекше қасиет емей немене? Қосым елдегі Нұрғали Таушабаев ашқан діни медресені бітірген адам. Қосым палуан денелі, әжептәуір ірі кісі екен. Оң қолынан өнер тамған шебер адам екен, сол кездегі саптама етікті де әдемілеп тігетін Қосым, аңшылыққа шықса олжалы оралатын мерген, суда да балықша жүзетін, ертең қандай ауа райы болатынын болжай алатын, табиғаттың тілін түсінетін Қосым ағамыз жай, қарапайым адам болмаған.

Қосым Пішенбаевтың шыққан тегі: Құлболды-Майлытон-Жайлау-Қоныс-Сексенбай-Пішенбай-Қосым болып таралады екен. Пішенбайдан Қосым, Есімбай деген екі ұл, Ұлай, Қызай деген екі қыз тарайды. Ұлайдан Қарабек туады, ол Баянауыл өңіріне танымал киіз үй жасаушы болады, жүз жасап қайтыс болады. Қосымнан Әбіш, Мұқыш деген екі ұл туады, одан кейінгі ұрпағы өспей қалады. Алайда Қосымның Рымтай, Дәмет есімді жиендері бар. Есімбайдан Айтжан, Бишан, Ақыш, Бибіқатша есімді үш қыз, бір ұл тарайды. Ақыштан жалғыз Амантай қалады, Амантай Ақышұлы Есімбаев осылай Қосымның немересі болып келеді. Баянауыл станицасының атаманы петерборлық ақсүйек Иосиф Зонов деген біреу екен. Қазақтар оны «атаман Өске» деп атаған. Сол Өске мен Қосымның арасында келіспеушілік болыпты, Өске Қосымға алтыны бар жер тауып бер деп қолқа салыпты, Қосым көнбеген соң, оған мал ұрлады деп жалған жала жауыпты да ұстауға солдаттарын жіберіпті. Қосым Сабындыкөлге түсіп кетеді. Суды әрлі-берлі шарлаған әскер, Қосымды таба алмай, өлдіге санап кейін қайтады. Қосым сол кеткеннен, көлдің екінші бетіндегі жартастың өзі ғана білетін су астындағы құпия тесігінен өтіп, жасырынып қалады. Сабындыкөлдің «Кіші тас» жағындағы осы жартас әлі күнге дейін «Қосымның қызыл жартасы» деп аталады. Баянның Сарыөлең жерінде Сүйіндік-Қаржастың Тоқсан атасынан тарайтын Кеңсары деген дәулетті адам болған. Ол кісінің қонысы осы күнге дейін «Кеңсары» деп аталады. Сол жерден Қосым түйірлі алтынның қорын тауыпты. Бірақ, Кеңсары жерінен айырылып қаламын деп қорықса керек, Қосымға ешкімге айтпа деп ақысына қой беріпті. [4,10 б.]

Бала кезінде Қосым ауылдағы Бәке Әлиев деген кен білгірінің кәсібіне қатты қызығып, оның қасында жүріп, одан тасты салмағына, түр-түсіне, қаттылығына қарай, құрамында алтын, күміс, мыс, қорғасыны бар тастарды қалай айыруға болатынын үйренеді. Осылайша Қосым Бәке Әлиев сияқты кен іздеуші болуды арман етеді. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейде капиталистік қатынастардың дамуымен түсті металл мен таскөмірге деген қажеттілік арта түседі. Қазақ жерінің мол пайдалы кен байлықтары ішкі Ресейден оңай олжа қуып келген тіміскі кәсіпшілердің тегін дәулетіне айналды. Олардың бәрі де жергілікті қазақтардың қызметіне сүйенді. Қосым өмірінен тағы бір фактіні атап өту керек. 1911 жылы күзде Баянауылда болған Покров жәрмеңкесінде әуесқой фотограф Павел Николаевич Комаров Қосым атаны суретке түсірген болатын. Енді Комаров жайлы бірер сөз. 1905 жылғы Владивостокта болған қарулы көтеріліске қатысқаны үшін Павел

Николаевичтің әкесі ату жазасына кесіледі. Әйелін екі ұлымен қазақ даласына жер аударады. Осылайша он алты жасар Павел Баянауылға келеді. Комаровтардың отбасын Қосым Пішенбаев пен оның інісі Есімбай қамқорлыққа алады. Кейіннен Қосым Павелді өзімен бірге пайдалы қазбаларды іздестіруге алып жүреді. Бұл әңгімені П. Н. Комаров әйгілі жазушы Қалмұқан Исабаевқа баяндаған екен. П. Н. Комаровтың айтуынша, Қосым ата табиғаттың әсемдігін де ерекше тани білген адам. Ол аңшылық еткен кездің өзінде де қоян, қарсақ, түлкі, суырлардың індерінен сыртқа шығарған топыраққа ерекше көңіл бөліп, оны егжей-тегжейлі зерттеген. Сондай-ақ ол өсімдіктерді, шөптерді де назардан тыс қалдырмаған. Әрбір шөптің түбіріне зер сала қарап, оны басқа шөп түрлерімен салыстырып отырған. Жер бедері, онда өскен өсімдіктер арқылы жер қойнауында жатқан кен қазба байлықтары жайлы біледі. 1859 жылы Баянауыл станциясынан оңтүстік шығысқа қарай 45 шақырым жерде Иоанно-Предтеченский мыс қорыту зауытын салған Томск губерниясының көпесі Степан Иванович Попов болатын. Попов Қосымды кен іздеуші, әрі жол көрсетуші жұмысына қабылдайды. Қосым 1866 жылы Баянауыл станциясынан солтүстік шығысқа қарай 20 шақырымда Мойылды бұлағына жақын жерде мыс кен орнын табады. [3] Бұл жайында мынандай жазба деректер бар: «Кен орнын 22 жасар жергілікті қырғыз Қосым Пішенбаев тапты». Осы кен орнын тапқаны үшін Попов Қосымға мылтық пен жеткілікті ақша береді. Ол ақшаға ат пен құлынды бие сатып алады.

1898 жылы А. К. Мейстер жасаған Екібастұз тас-көмір алабының схемасында былай деп жазылған: «Қосым қарьері», «Қосым қазбасы», «Қосым шахтасы». Осының бәрі білгір кен зерттеушісі Қосымның беделінің жоғары екендігін тағы да дәлелдесе керек. 1903 жылы Деровтың «Воскресенск акционерлік қоғамы» экономикалық банкротқа душар болуынан жабылады. Қ. Пішенбаев туған ауылына оралып, егіншілікпен айналысады. 1906 жылы Баянауыл өлкесіне С. И. Поповтың немересі С. А. Попов келіп әкесінің жабылып қалған Александровск қорғасын зауытын қайта ашады. Қосымды кен іздеуші ретінде шақырады. Қосыммен бірге Павел Комаров та барады. Қосым ата Павелге табылған кен орнында Майқайың құмында, алтын бар екенін құпия ғып айтады. [5]

Отызыншы жылдардың ашаршылығы басталғасын, Қосым өлсем сүйегім елде қалсын деп, жаяу-жалпылап туған жеріне жетеді. Балапан басына дегендей, халық беті ауған жағында босқындап, қоныс, қыстаулардың иесіз қалып жатқан уақыты. Қосым кен іздеу

жұмыстарын тастап, өз ауылында өмір сүруге бет бұрады. Сол кезде жасы сексеннен асқан Қосым даланы кезіп жүріп, «Төлтай» деген жерде отырған Нығмет Жәмінұлының үйіне келеді. Ол кезде қазақшылдықтың үзілмеген уақыты. Қосымды ертеден білетін үй қожайыны өздері әрең отырса да, үйдің бір бұрышын беріп, қолда бар ырызығын бөліседі. Үйде үш бала, Қосыммен төртеу болады. Ерлі-зайыптылар таңертеннен тұзақ құрып, қоян аулап күн көреді. Нығмет ақ сақалдың әке-шешесіне риза болған Қосым ата үй иесіне: -Ата баладан безіп, ана сәбиін далаға тастап жатқан мына сұрықсыз заманда сен мені құдай үшін деп, үш балаңмен қосып асырап отырсың, қайырымы Алладан қайтсын! Бойымда күш-қуатым барда саған бір жерді көрсетейін, үрім-бұтағыңа жететін алтын бар, – депті. Жәмін ағай тумысынан ондайдан қорқатын адам еді: Қосеке, рахмет, байлық кімге жолдас болған, байлардың қандай болғанын көріп отырмыз ғой, мен саған алтын үшін емес, кешегі құдайы көрші едік, мына балаларыма батасы тисін деп қайырым жасап отырмын, – деп, оның ұсынысынан бас тартады. Дегенмен, Қосым біржола жатып қалуға айналғанда Жәмін ағайға: «Анау дөңнің астында бір тасты аударып, белгі қойып кеттім, кейіннен қажеті болса барып қарарсың»- депті. Сөйтіп, 1932 жылы жазғытұрым Қосым өмірден өтеді. Жалғыз үй. Нығмет ақ сақалдың әке-шешесі ғана. Екеуі мәйітті арулап жуып, аяқ арбаға салып, 3-4 шақырым жердегі «Мақаш» қыстауындағы үлкен қорымға апарыпты. Ол жерде Қосымға аталас туыс Ыбырайдың Әбдірахманы деген кісі жалғыз үй отырса керек. Терек етіп қазуға әл жоқ, екеуі иіндікке дейін қазып, бетіне есік жауып жерлепті, -дейді Нығмет қария. [2]

Атақты ғалым Қаныш Сәтбаев: «Қосым ақсақалдың тапқан кен орындарының болашағы өте зор» деген екен. [6]

Сол қарапайым да, Жаратушының ерекше назары түскен, бойына сан қырлы өнер біткен, тау-мен тастың, табиғаттың тылсым тілін түсінген қасиетті атамыз Қосымның салған сара жолында, өзімен бірге ала кеткен талай құпиясы бар екеніне күмәніміз жоқ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Өткеннің өнегесі-бүгінгінің баға жетпес байлығы» дегендей, қазіргі заманауи инновациялық технологиялар дамыған ғасырда, біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды жоғары деңгейінде бағалап, тарих төрінен лайықты орыны бар ұлттық болмысымызды дәріптейтін, жеке ұлттық тұлғаларымызды, соның ішінде кен білгірі Қосым Пішенбаевтың есімі Павлодар облысының «Алтын құрмет» кітабына енсе – деп ұсыныс жасап отырмын. Зерттеуші ғалым, жазушы Сайлау Байбосынның «Тас тілін түсінген қазақ немесе Қосым Пішенбаев

кім?» тақырыбындағы әңгімелері өте қызықты, бұл оқиғалар техникалық колледж студенттерін қатты қызықтыратынына сенімім мол. Сондықтан да танымдық, елге, өлкеге деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында колледж студенттерінің «Өлкетану», «Қазақстан тарихы», «Әдебиет» оқу бағдарламасына Қосым Пішенбаевтың өмір соқпақтары туралы мәліметтер, әңгімелер енгізу өте орынды – деп ойлаймын. Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасының жалғасы ретінде жазылған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы П. ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ бөліміндегі «Ұлы даланың ұлы есімдері» оқу – ағарту энциклопедиялық саябағына, «Ұлы дала тұлғалары» ғылыми-көпшілік серияларына Қосым Қосым Пішенбаевтың есімі енгізілуі лайықты деп және де Екібастұз қаласындағы ең үлкен, аты әлемге әйгілі «Боғатырь» кенішіне «Қосым Пішенбаевтың аты берілсе деп ұсыныс жасаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының президенті-Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»;

2 «Семерка» газеті № 6(0190) 15 февраля 2017г; Сайлау Байбосын. «Тастың тілін түсінген қазақ немесе Қосым Пішенбаев кім?»

3 « № 40 Угольный Экибастуз» [136] «30» мамыр 1965 жыл. Д. Багаев. «Екібастұз тарихына көз жіберсек»

4 «Голос Экибастуза» № 1[0112] 17 апреля 2008г «Неизвестное о Косыме» А. Кульниязова.

5 «Отарқа» № 2 2005ж «Білгір кен зерттеуші» С. Жақсыбаев.

6 «Отарқа» № 3 2005ж «Амантай айтқан хикаяттар» П. Есенбай.

## ВОВЛЕЧЕНИЕ МОЛОДЕЖИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

ВЛАСЮК Д. Л.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ШТРАУБ А. А.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

БАТЯШОВА И. В.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КРИВЕЦ О. А.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Проблемы молодежи и молодежной политики не теряют своей актуальности в современном Казахстане. За период независимости, начиная с 1991 года, в Казахстане было сформировано достаточное большое количество молодежных движений и организаций («Жас Отан», «Ассоциация юных лидеров», «Молодежный парламент Казахстана», «Молодежный медиасоюз Казахстана», «Кайсар», «Кахар», «Союз патриотической молодежи Казахстана», «Абырой» и др.). Молодежь всегда и повсюду является важным стратегическим ресурсом страны, поэтому так важно всесторонне и повсеместно привлекать молодежь в общественные организации и политическую жизнь страны.

Физическая культура и спорт по своей сущности явление массовое, вовлекающее в сферу своего влияния, хотя и с разной степенью активности, большинство членов общества, в том числе и молодежи.

Сфера физической культуры и спорта выступает в качестве одной из перспективных площадок, способствующих прочной социальной консолидации общества, независимо от возраста и социального статуса, формированию нации единого будущего, системному воспитанию патриотизма.

В настоящее время достаточно большое внимание уделяется спорту. Фактически физическая культура и спорт необходимы для социального становления молодого человека, являясь важным средством его всестороннего и гармонического развития [1].

В Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» Глава государства отметил, что «...физическая культура и спорт должны стать особой заботой государства. Именно здоровый образ жизни является ключом к здоровью нации» [2].

В рамках исполнения поручений Главы государства, в том числе по обеспечению 30 %-ного охвата населения страны занятиями физической культурой и спортом, особое внимание уделяется развитию массового спорта среди молодежи.

По итогам 2017 года обеспечен охват более четырех млн человек занятиями физкультурой и спортом или порядка 27,4 % населения. За три года этот показатель вырос на 2,3 %. При этом доля подростков, охваченных систематическими занятиями, составляет 15,3 %. Сегодня около 20 % студентов ВУЗов вовлечены в спорт, а в колледжах 30 %.

Создаются условия для инвалидов, занимающихся спортом. С 2018 года охват занимающихся вырос с 4 % до 10,2 %.

Доля занимающихся национальными видами спорта выросла с 5,9 % в 2015 году до 7,7 % в 2018 году.

В Казахстане функционируют 109 республиканских федераций по видам спорта, 40 из которых – по олимпийским, 7 федераций по национальным, 3 федерации по инвалидным и 59 федераций по неолимпийским видам.

В мире наблюдается устойчивая тенденция повышения социальной роли физической культуры и спорта. Она проявляется:

- в повышении роли государства в поддержке развития физической культуры и спорта, общественных форм организации и деятельности в этой сфере;
- в широком использовании физической культуры и спорта в профилактике заболеваний и укреплении здоровья населения;
- в продлении активного творческого долголетия людей;
- в организации досуговой деятельности и в профилактике асоциального поведения молодежи;
- в использовании физической культуры и спорта как важного компонента нравственного, эстетического и интеллектуального развития учащейся молодежи;

Спортивная жизнь молодежи должна стать важным фактором мобилизации нации.

На наш взгляд необходимо принять следующие меры:

- необходимо усилить взаимодействие по информационному сопровождению спортивных событий, привлекая к участию в мероприятиях представителей партий, Ассамблеи народа Казахстана и других заинтересованных общественных организаций;
- нужно укрепить и развивать материально-техническую базу объектов физической культуры и спорта;



– важно улучшить кадровое обеспечение физической культуры и спорта;

– целесообразно увеличить количество спортивных сооружений и спортивных клубов по месту жительства, доступных для молодежи;

– желателен формировать у молодежи, устойчивый интерес и потребности в регулярных занятиях физической культурой и спортом и навыки здорового образа жизни, повышение уровня образованности в области физической культуры и спорта, и здорового образа жизни;

– нужно наполнить событиями спортивную жизнь на селе посредством проведения на общественных началах спортивных акций, любительских чемпионатов, конкурсов и др.

– традиционными должны стать акции дней открытых дверей в физкультурно-оздоровительных центрах и спортивных клубах.

Важно стимулировать интерес молодежи к здоровому образу жизни, в том числе с помощью средств массовой информации.

Для этого необходимо:

– увеличения количества спортивных программ;

– создать в системе телерадиовещания спортивного канала, доступного широкой зрительской аудитории;

– разработка видеороликов, фильмов, телепрограмм и телепередач;

– выпуск печатных и интернет-материалов информационно-образовательного характера, направленных на формирование у молодежи потребности в занятиях спортом и здоровом образе жизни.

Сейчас, когда на жизнь казахстанского общества влияет огромное количество внешних и внутренних факторов, как на это реагирует молодежь, как они проводят свое свободное время, какими ценностями наполнена их духовная жизнь, каков их стиль жизни?

Молодежь, как самая динамичная, более восприимчивая к изменяющимся условиям, социально-демографическая группа легче адаптируется к качественно новым обстоятельствам, а поэтому является лидером этого процесса. Отмечаемая в общественном мнении разнонаправленность, диверсификация образцов поведения в молодежной группе, пассивность, индифферентность, апатия, за которыми остаются непонятными базовые ценности, ориентации и стратегии поведения молодых, безусловно, требуют осмысления [3].

Свободное время является одним из важных средств формирования личности молодого человека. Оно непосредственно влияет и на его производственно-трудовую сферу деятельности, ибо

в условиях свободного времени наиболее благоприятно происходят рекреационно-восстановительные процессы, снимающие интенсивные психологические нагрузки. Использование свободного времени молодежью является своеобразным индикатором ее культуры, круга духовных потребностей и интересов конкретной личности молодого человека или социальной группы.

Пропаганда должна адресоваться непосредственно молодежи, убедительно показывать приоритетное значение физической культуры и спорта в воспитании населения, профилактике болезней, продлении активного долголетия, в борьбе с наркоманией, курением, употреблением алкоголя, другими негативными явлениями.

Занятия физической культурой и спортом являются одним из наиболее доступных и эффективных механизмов оздоровления молодежи, его самореализации и развития, средством борьбы против асоциальных явлений.

Основная цель политики государства в области физической культуры и спорта – эффективное использование их возможностей в оздоровлении нации, воспитании молодежи, формировании здорового образа жизни и достойное выступление казахстанских спортсменов на крупнейших международных соревнованиях.

Таким образом, совершенствование деятельности по организации спортивной и физкультурной деятельности молодежи сегодня является актуальной проблемой. И ее решение должно идти активно по всем направлениям: совершенствование хозяйственного механизма, разработка концепций учреждений образования, содержание деятельности, планирование и управление учреждений сферы образования.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Статья: Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев «Семь граней Великой степи» 21.11.2018 год
- 2 Программа «Рухани Жаңғыру» 17.10.2017 год
- 3 Стратегия «Казахстан-2050» 2012 год

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

ДЮСЕМБЕНОВА Д. Н.

Қоғамдық пәндердің оқытушысы, Қазтұтынуодағының

Павлодар жоғары экономикалық колледжі, Павлодар қ.

НУРКИНА А. З.

студент, 1-11 Юк тобы, Қазтұтынуодағының Павлодар жоғары экономикалық колледжі, Павлодар қ.

*«Жаңа тұрпатты жаңғырудың  
ең басты шарты – ұлттық  
кодыңды сақтай білу.»*

**Н. Назарбаев**

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа тарихи кезеңге тән қатерлер мен тәуекелдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең көзқарасын білдірді.

«Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» – деген Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың сөзі ұлы бастаманың арқауы.

Рухани жаңғыру бағыты Қазақстанның құндылықтарының мәнін ашып қана қоймай оны өскелең ұрпақ сезініп, көзімен көретін, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарымызды өтеуді, кешенді ізденістер мен мемлекеттік оң көзқарасты талап етеді. Рухани жаңғыру рубрикасы шығармашылық табыстарға жетудің баспалдағы.

Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасымыз ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбилеуге айрықша мән беріп, киелі мекендер мен басқа да жәдігерлер кешенін өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен орнықтыруды меңзейді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады. Аталған үдерістердің қатарында рухани саланы жаңғырту негізгі бағыт болып табылады. Саяси және экономикалық жаңғырудың жетістігі, бірінші кезекте, рухани қатынастар басымдық алатын қоғамдық сананың деңгейіне байланысты болмақ. Сондықтан, бүгінгі таңда рухани жаңғыру ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр.

Бұл орайда, ең әуелі, жалпыұлттық құндылықтарды тереңдету негізінде түбірлі өзгерістерді қажет етіп отырған осы саланың бүгінгі жай-күйін атауға болады.

Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты күшті әрі жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құру болып табылады.

Елбасымыз бұл жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталды. Саяси, экономикалық реформаларда тәуелсіз, егеменді еліміз көптеген бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені барша халыққа мәлім. Ол – адами құндылықтар, жастарға білім беру, жастарды тәрбилеу, олардың бойына сіңіру болып табылады. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, білім мен ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік. Бұл жаңғыру – егемен, тәуелсіз еліміздің болашағы мен келешегі үшін жасалған ең үлкен жұмыс. Сондықтан рухани байлығымыздың маңыздылығы – яғни, бұл әрбір жеке тұлғадан құрылған қоғам, туған еліміз, жеріміз үшін де өте маңызды үдеріс болып табылады.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың ғасырдағы ұлттық сананы кеңінен дамытудың, жаңғыртудың бірнеше бағытын ұсынды:

- 1 Бәсекелік қабілет
- 2 Прагматизм
- 3 Ұлттық бірегейлікті сақтау
- 4 Білімнің салтанат құруы
- 5 Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
- 6 Сананың ашықтығы.

Бұл арнайы бағыттар сананы жаңғыртудың негізі болмақ.

Осы аталған бағыттарда – бәсекелестік қабілет, бұл соңғы жылдардағы әлемдік қауымдастықтағы негізгі ұлттық бәсекелестік болып табылады. Кез келген табысқа жету жолында, табысты болуға, яғни адамдардың негізгі бәсекелестік қабілетімен ерекшелінеді. Сондықтан да әрбір адам өзіндік сол ортаға сай негізгі қасиеттерге ие болуы керек. Мысалға айтсақ, шет тілдерін үйрену, компьютермен жұмыс жасау т.б жатқызылады. Бұл бағытта «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалардың маңыздылығы жоғары [1, б. 3–8].

Бәсекелік қабілет – білім мен ғылымда, саясат пен экономикада, технологияда, яғни барлық салада болуы керек. Себебі, бәсеке болған жерде әрбір адам өзінің ең сапалы қызметін ұсынады.

Осы аталған бағыттардағы – прагматизм, бұл – өзіне берілген барлық нәрселерді дұрыс пайдаланып, соған орай болашағынды жоспарлай білу, кеуденді керіп, басқалардан өзінді жоғары ұстамауы керек, ысырапшылық пен астамшылыққа жол бермеу керек. Сонымен қатар бұл мақалада Елбасымыз – мінез құлықтың прагматизмін ұсынған, яғни алға қойған нақты мақсатқа жетуге, салауатты өмір сүру, нақты білім алу, осы тұрғыдан, барлығын ұтымды пайдалану болып табылады. Қазақстанның эволюциялық дамуы, еліміздің эволюция жағынан дамуы болып саналады. Еліміз ХХ ғасырда түрлі өзгеріске ұшырады.

Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру ұғымы мен байланысты болып келеді. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты, ұлттық сананы атап көрсеткен еді. Елбасымыз: Оның екі қыры бар: Біріншіден, ұлттық сана сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, – деп түсіндірді. Сонымен қатар Елбасымыз барша Қазақстандықтар үшін ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсіндірді. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Қазіргі ХХІ ғасыр білімнің салтанат құруымен байланысты.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс [2, б. 5].

Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жана ғасырдағы әлемдік, өмірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: – еліміздің барлық жоғарғы оқу орында-рында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру; – гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару; – мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру. Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері 2018–2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып та-былатын кітаптармен оқуды бастайды.

Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету [3, б. 4–5].

Елбасымыз жастарға үлкен сенім артады. «Біздің болашағымыз-жастардың қолында» демекші, жастарға арнап – университеттер, зияткерлік мектептер ашылды. Сонымен қатар көптеген білімді жастарды – «Болашақ бағдарламасы» арқылы көптеген елдерге оқуға жіберді. Яғни, бұл білімнің – салтанат құруы.

Сөзімді қорытындылай болсам, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті,

рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеденен ұтылмайды. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылууда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Жаңа қалыптасқан рухани жаңғырудың баршамызға түрлі өзгерістер мен алға қарай ұмтылыстарды, жаңа жаңашылдықтарды қажет етеді. Өйткені, біз күннен-күнге дамыған, көркейген елде өмір сүрудеміз. Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында – еліміздің әлемдегі озық 30 елдің қатарына кіру туралы және түрлі бағыттарды ұсынды. Бұл – рухани жаңғыру арқылы болашағымызға деген өзінің терең көзқарасын білдірді.

Мақалада ұсынылған ұлттық рухты, ұлттық сананы жаңғыртудың бағыттары жүзеге асса, онда бұл – рухани жаңғырудың негізі болмақ. Елбасымыздың бұл мақаласы ұлттық сананы жаңғырта отырып, ұлттық бірегейлікті сақтап, табысты ел болуды білдіреді. Осы рухани жаңғыру арқылы елімізді барша әлемге таныта отырып, табысты ел болып, болашаққа деген үмітімізді, сенімімізді біріктіре отырып, бір ту астында, жарқын болашаққа жетейік! [4, б. 26].

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Нұрсұлтан Назарбаев
- 2 Қазақстанның үшінші жаңғыруы. «Орталық Қазақстан» газеті
- 3 Рухани жаңғырудың жарқын жолы. «Айкын» газеті
- 4 [Электрондық ресурс]. – Көру режимі:<http://e-history.kz/kz/contents/view/6702>

## RU'HANI JAN'G'YRY' – TARIHK'A TOLY ULY O'LKEM – BAYANAY'LYM

ҚАЙРАТ Ж. М.  
студент, 1 курс, Қазтұтынуодағының  
Павлодар жоғары экономикалық колледж, Павлодар қ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына биылғы Жолдауында «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясын» құруды тапсырған болатын. Мемлекет басшысы атап өткендей, әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ.

Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Сол себептен Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматтың өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу- тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс- шараларда Отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Ең бастысы-жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным- өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы- қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру- баршамыздың міндетіміз.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті.[1, 2]

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – 1985 жылы ҚССР Министрлігі № 276 қаулысымен құрылған. Баянауыл ауданының аумағында орналасқан, жалпы аумағы 50 688 га құраған. ҚР Үкіметінің қаулысымен 2007 жылы 27 желтоқсанда № 1305 парк аумағы кенейтілді. Қазіргі кезде БҰМТП 68 452,8 га құрайды. Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің шешімімен «Қызылтау» қаумалы БҰМТП қорғауға бекітілді, жалпы аумағы 60 000 га құрайды.

Климаты тым континенттік (жазы – ыстық, қысы суық). Жер бедері жекелеген жақпар тасты тау шоқыларынан тұрады. Баянауыл тауларының етегінде көптеген бұлақтар, суы мөлдір көлдер (Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр) бар. Саябақта 20-дан аса археологиялық ескерткіштер, қола дәуірінен қалған қорғандар, тастағы жазулар мен таңбалар, үңгірлер («Әулиетас», «Драверт», «Құмыра», т.б.) бар. Ұзақ жылдар бойы жел мен судың әрекетінен түрлі мүсіндерге айналған жартастар («Найзатас», «Жұмбақтас», «Көгершін», «Атбасы», т.б.) саябақ табиғатына ерекше көрік береді. Саябақтың өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемі де алуан түрлі. Өсімдіктердің 400-ден астам түрі (қарағай, қайың, қандыағаш, таңқурай, мойыл, долана, т.б.), сондай-ақ, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген жабысқақ қандыағаш, көктем жанаргүлі де осында өседі. Омыртқалы жануарлардың 100-ден аса түрі кездеседі. Сүтқоректілердің 40-тан аса түрлері (арқар, елік, қасқыр, түлкі, сілеусін, борсық, тиін, т.б.) мекендесе, құстардың 50-ден астам түрлері (аққу, қаз, үйрек, құр, шіл, бүркіт, т.б.) ұялайды. Арқар, бүркіт, сұңқылдақ аққу Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Балықтың 8 түрі (шортан, сазан, онғақ, алабұға, т.б.) бар. Саябақ аумағы атқаратын қызметіне қарай қорықтық, қорықшалық және демалыс белдемдеріне бөлінген. Қорықтық белдемде шаруашылық жұмыстардың қай түріне болса да тыйым салынып, биологиялық алуан түрлілік, экожүйелер қорғалады. Қорықшалық белдемде шаруашылық жұмыстар белгілі бір тәртіппен шектеулі түрде жүргізіледі. Демалыс аймағына келушілер саны да реттеліп отырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі (1858–1931) (Баянауыл ауданы, Ескелді мекені) Тарихи тұлға, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп бабамыздың кесенесі 2006 жылы бой көтерген. Халқымыздың болашағын болжаған дала данасы Асан қайғы бабамыз Баянауыл тауларын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам бір жұма тоқтап қалады», – деген екен. Расында да, жері қасиет пен құдіретке тұнған бұл мекенге келіп, төу етпеген қазақ жоқ шығар, сірә... Ал Баянауылға барған ағайын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесіне ат басын бұрмай кетпейді. Көне түркі дәстүрі бойынша жасалған кесене жобасын дайындауға С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мамандары мұрындық болған. Университет ғалымдары қолға алған жоба ежелгі түркі та йпаларының сәулет ерекшелігі, ислам дінінің өзіндік өрнектерімен ерекшеленеді. Кесене зиратхана және көрхана атты екі бөліктен тұрады. Көрханада әулие бабамыздың жатқан жері, сандықтасы, құлпытасы қойылып, шамшырағы орнатылған. Әрбір бөліктің көлемі – 8/8 шаршы метр, ал кесененің биіктігі 14 метр болады. Салмағы 9,5 тонна болатын құлпытасы мен сандықтасы мәрмәр тастан жасалған. Айшық темірлері әрленіп, алтынмен жалатылған. Кесененің кіре-берісінде Құраннан аяттар жазылған. Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі (Баянауыл ауданы, Торайғырауылы) Орналасқан жері: Торайғырауылы, Баянауыл ауданы. Шағын ғана музейде ақын тұтынған тұрмыстық бұйымдар, әр жылдардағы фотосуреттері, шығармалары, басқа да заттарын қосқанда 300-ге жуық жәдігер бар. Қоңыр әулие (Баянауыл ауданы) Қоңыр Әулие туралы да аңыздар көп. Белгілі ғұлама Мәшһүр Жүсіп бұл жердің киелілігін дәріптеп, «Әулиелердің Алладан пәрмен сұрайтын жері» деп өз көзқарасын білдірген. Қоңыр әулие үңгірі тау басына орналасқан. Оған баратын баспалдақтың биіктігі 110 метрді шамалайды. Онымен бойлай жүрсеніз, әрбір 10-15 метр сайын демалуға арналған алаң алдыңыздан шығады. Үңгірдің жалпы ұзындығы 30 метрді құрайды. Үңгір екі бөліктен тұрады. Кіре беріс мешіттің күмбезіне ұқсас болғандықтан, «күмбез» деп аталады, онан кейін Әулиенің отырған жері деп саналады. Бұл тас әйелдің жатқан бейнесі іспеттес. Бұл Қоңыр әулие үңгірінің дәл жанында орналасқан. Аңыздардың алғашқысы – осы әдеттен тыс таулардың қалай болғаны жайлы. Бірде солтүстік мұз көшкіні басталып, соны бөгеуге Тәңір тас толы қапты арқалап аттанады. Далада кездескен адамдар жел өтінен паналауға біраз тас қалдыруды сұраған екен. Тәңірі өтініштеріне құлақ аспапты. Сонда пысық, ақылды бозбала Асан қаптың түбін теседі,

сөйтіп далада қала береді. Арада көп жыл өткен соң далада алып дәу келе жатады. Даланың қиырын көрмек болып, шашылып жатқан тастарды үйе бастайды. Өзін көтере алатындай тау қалап, шаршаған дәу соның басына шықса, даланың шетшегі жоқ. Ызаланған дәу тасқа отырып, қолымен бетін басып, жылап жіберіпті. Саусағының арасынан тамған үш тамшы жерге түсіпті. Сольғын басып қарағанда қандай ғажайып жасағанын көреді. Үш тамшы жас тамған жерде үш көрікті көл пайда болған. Тастан қалаған тауларда өсімдіктер мен бұталар өсіп шыққан. Кереметті көруге жүгірген аң мен құс жиналыпты. Дәудің өзі де Баянауыл тауларын тамашалауға мәңгілікке қалып қойған екен.

Баянауылдың ең биік шыңы – Ақбетке байланысты да әдемі аңыз бар. Ертеде осы өлкеде Бүркітбайдың қызы Ақбет тұрыпты. Үй іші жұтаң күй кешкен, сондықтан әкесі қызын ұзатып, шаруасын түзеп алмақ болады. Қыздың кедей қойшыны ұнатқанын, әрине, жақтырмайды. Әкесі көп ойланбай-ақ қалың малын төлеген қаусаған шалға қызын ұзатуға келіседі. Жас ғашықтар мұны біліп қашуға ниеттенеді. Алайда сырлары ашылып, жігіт өлтіріледі де, қыз үйге қамалады. Қыз көз жасын төгіп, мәңгілік қоштасуға сүйіктісінің зиратына баруға сұранады. Женгелері аяп босатады. Ол жігітінің басында жүрегін тек оған арнағанына, басқа ешкімге жар болмайтынына ант береді. Осы сөздерімен ғашығымен бірге таңды қарсы алатын шынға шығып, төңірегіне соңғы рет көз салады да күздан құлайды. Ақбеттің есімімен аталатын тау – сол заманның үнсіз куәгері адал мен сезім беріктігінің символы ретінде бұрынғысынша таңды бірінші қарсы алады.

Ұлттық парктегі ең танымал тас – Кемпір тас, оны туристер Баба-Яга деп те атайды. Оған байланысты аңыздар көп. Әлімсақта жергілікті тұрғындар мұнда ерекше жылқы тұқымын өсіріпті. Бұл аттардың бағасы қымбат болып, оларды ең батыл жігіттер көздің қарашығындай күзетеді. Алайда мал жоғала береді. Түнде күзет қойылса да, бәрі ұры келгенше ұйықтап қала беріпті. Ақыры солардың арасынан ұйқыны жеңген (ұйықтамау үшін әдейі қолын кескен) біреуі табылады. Түн ортасында жер айырылып, содан түрі қорқынышты үлкен кемпір шығады да жылқылардың ең семізін таңдап, өзімен бірге жер астына әкетеді. Жас жігіт көргенін ақсақалдарға айтып, көбірек қару жинап, халқын сиқыршыдан құтқаруға бел байлайды. Жігіт мыстанмен түні бойы алысып, әбден шаршайды, кемпір де әлсірейді, өйткені таң білінісімен күші қайтатын. Кемпір жердің астына түсіп үлгермейді де, күн шапағы жердің жігін жауып, мыстанның басын тасқа айналдырады. Үлкендердің айтуынша, жер бетінде жаманшылық көбейсе, ол тірілетін көрінеді, сондықтан тасқа тек ақ ниетпен келу керек [3].

Қорытынды: «Қазақтың кең байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де қастерлі өлке, қасиетті мекен.

Жерден өткен байлық жоқ: жер болса – ел болады, ел болса – ер болады» – деп Нұр атамыз айтып өткендей қасиетті мекенді қастерлей білейік.

Аталарымыздан әкелерімізге, олардан бізге жеткен жерді, әрі қарай дамытып – ұрпаққа ауқатты да, әрі дамыған мемлетті жеткізу мақсатында жұмыс жасаудамыз. Әрине бір адамның шыққан сөз бір тал менен теңесер, бірақта жұмылып сөйлесек орман менен теңесерміз.

«Баянауыл ұлттық паркін» жоғары деңгейге дейін жеткізсек, ондағы қасиетті жерлерін туристерге жақсы жағынан көрсете біліп, демалыс орындарын аса көрнекті еге біліуіміз керек. «Осы жағынан жұмыстар жасалса Қазақстан эконимикасы біраз жақсарар еді!»- деп ойлаймын.

«Сөйлеуді бәріміз білеміз, жұмысты соның жақсысы істейді» – деп айтуым бойынша, жорғалап болсын бірденке қылайық – Ағайын...

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Pavlodarnews.kz
- 2 Saryarka-samaly
- 3 Wikipedia.kz.

### ӘЛЕМНІҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІ

МҰХАМЕТ Ж. Ғ.

студент, Павлодар технологиялық колледжі, к. Павлодар

БАЙТЛЕСОВА Д. Т.

оқытушы, Павлодар технологиялық колледжі, Павлодар к.

«Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай біле алатын және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі.» Н. Ә. Назарбаев. Әр халықтың сан ғасырлық тарихы бар. Ал Қазақ халқымыздың сан ғасырлық тарихы сонау тереңде жатыр. Осылайша, өткенді зерделеп, бүгінін бағалап, келешекке сеніммен қадам жасау үшін, тарихи сананы жаңғырту қажеттігін нақты мысалдармен түйіндейді. Бұл мақала халықтың тарихи санасын қалыптастыруға үлкен әсерін тигізеді

деп ойлаймын. Себебі ол мақалада біздің тарихымызға қатысты өте маңызды ой жаратылған.

Тарихи сананы қалыптастыру, ол ұлттық сананы қалыптастыру үшін жасалатын негізгі шарттардың бірі. Ұлы дала тарихының тамыры терең, тек сол бай тарихты болашақ ұрпақ мақтанып, еске алатындай етіп сараптап, ғылыми негіздеу бүгінгі күннің міндеті. Жазба «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып келеді. Мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» деген бөлімдерден тұрады. Елбасымыз осы жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайында кеңінен тоқталған. Әсіресе бұл біз жастар үшін жазылған мақала.

Бұл жоба нені көздейді?

Бұл жай ғана мақала емес, бұл маңызы терең ауқымы өте бай, ұлт руханиятын жиырма бірінші ғасырдың биігіне шығаратын үлкен бағдарламалық құжат. Елбасының жүрегінен шыққан ең асыл сөздер. Бүгінгі күнді түсініп – түйсіну үшін де, болашақтың дидамын көзге елестету үшін де, кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек. Халқымыздың бай рухани қазынасын жаңғыртып, оны әлемдік өркениетпен ұластыру, бұл болашаққа ұстанған басты бағытымыз. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз. Қазақ халқымыз бай халықтардың бірі. Кең байтақ жеріміздің жеті қырын айтып өту өте маңызды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз мақаласында «Әлемнің жеті кереметі» деген секілді, қазақтың кең байтақ даласын мекен еткен ежелгі көшпенді халықтың бүгінгі ұрпағының жеті кереметін атап көрсетті. «Жеті қырдың» алғашқысы атқа міну мәдениетіне арналуы заңды да. Себебі, өзін көшпенділердің тікелей ұрпағымыз дейтін қазақ баласы үшін атқа мініп, ысқырып жылқы айдап, көпіртіп қымыз сапырып, қиялай кесіп қазы жеуден рақат дүние жоқ.

Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Қазақ – ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бар олар мал өрісін, тіршілік табиғатын, қадір-қасиетін әбден танып, білген. Тіпті малдың айрықша қасиетін, ерекшелігін танитын сыншылар да шыққан. Сөйтіп халқымыз өзінің тіршілігін, шаруашылығын осы мал өсірумен байланыстыра жасаған. Оның өнімдерін тіршілік құралы етіп, пайдалануды шебер игерген. «Төрт құбылада – төрт түлік» деп бекерге бағаламаған.

Желмен жарысқан жүйрікті қолға үйрету арқылы ата-бабамыздың адамзат өркениетіне үлес қосқаны белгілі. «Ер қанаты – ат» деп білген алаш баласы әр сөзінің астарын атпен сабақтайды. Айтар ойын атпен байланыстыра бейнелейді. Жылқы мінезді жұрттың адам ұғлының мінезін, өмірінің әрбір белесін, тұлғаның қалыптасу кезеңдерін жылқымен қатыстыра суреттеуі – бұл құбылыстың дүниетанымымызға қаншалықты сіңісті болғанына дәлел. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни сөзінің мәніне бойлаған ел өз болмысын танымақ. Атты әспеттеу – болмысыңды зерделеу. Сондықтанмен де, осы мақаланың меңзері алыс, мәні терең.

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқы – қазақтың кәделі, бағалы қазынасы. Қазақ үшін ең құнды, қасиетті мал – жылқы [1].

Бала кезден бастап мен жылқыны жақсы көремін. Менің сүйікті орным ол туған ауылым. Туған ауылымда жайлауға жиі шығамын. Мен жылқыларды көрген кезде, жүрегім қуанышқа толады. Біздің өте әдемі елімізден таң қаламын. Табиғат сондай керемет жандарды бізге сыйлайды. Менің ойымша жылқы керемет жаратылыс. Ол сұлулықтың символы.

Тарихи кезеңдер ғылымға белгілі, бірақ енді оны жан жақты зерттеп біріктіру керек. Бұл іске өнер қайраткерлері мен жазушылар атсалысуы қажет. Мәселен Сұлтан Бейбарыс, Әл Фараби, Қожа Ахмет Йассауи және Абай сынды тұлғаларымызды нәсихаттауымыз керек. Мақаланың алатын орны елдің дамуына ерекше деп ойлаймын. Ол тек қана үлкен бастама деп саналады. Елбасы айтып өткендей, әр азамат өзінің ой елегінен өткізіп, зерделеп, әсіресе зиялы қауым оны халыққа жеткізіп, одан халықтың санасын, сананың еркіндігін, сананың азаттығын әрі қарай көтеруіміз керек. Елбасы өз мақаласында мәдени жетістіктер шоғырының бәрі осы кең байтақ өлкеде пайда балып, содан кейін Батыс пен Шығысқа таралды дейді [2].

Сондай-ақ кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер ұлы даланың жаһандық тарихындағы орнына тың көзқараспен қарастыруға мүмкіндік береді. «Ұлы дала» деген сөз 1937 жылдарында бір рет қолданбаса, негізі қазір Елбасының қолдануымен бұл тарих ғылымына еніп отыр. Сондықтан Ұлы дала дегеніміз – бұл Қазақстандық бренд

деп айтуға болады және Елбасы бұл маңызды ойды, Қазақ халқының түпкі этногенезі, осы Ұлы дала елінен басталып отыр [3].

Меніңше, кез келген мемлекеттің даму жолындағы нарықтық заманда бағыт алумен қатар, тарихи түп тамырымызды зерделеу де аса маңызды. Салт – дәстүрімізді, төл – мәдениетімізді өскен ұрпақ бойына сіңіріп өсу керек. Мақалада қамтылған тағы бір қыры ол Ұлы Жібек Жолы. Онда дала белдеуінің Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс пен Славян өркениеттерін байланыстырғандығы, сауда қатынасының басты дөңкеріне айналғандығы жазылады. Сондай-ақ Ұлы даланың басқарған, Ұлы даланы қорғаған көсемдердің ерлігін дәріптеуді ұсынады. Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

Музыка адам жанының үні, сондықтан да Елбасы Ұлы даланың көне аспаздарын жаңғыртуды міндеттейді. Сондай – ақ бай фольклорлық мұрамыздың антологиясын жасауды ұсынады. Қазақты түсіну үшін, оның өткен замандарда, басынан кешкен кезеңдерін сана елегінен қайта өткізуіміз керек. Ештеңеге кіріптар емес, ешкімге тәуелмен емес, жаңа қазақтың санасын қалыптастыру үшін жазылған дүние. Біз бұдан былай дүниеге санасы таңның таза нұрымен шайылған жарқын ұрпақтың, жасампаз халықтың көзімен қарайтын боламыз. Біз ешкімнен кем еместіз, артық та емеспіз. Біз тең атаның балаларымыз. Басқа елдерден озып кеткен жұрт деп емес, тарих көшіндегі үзетгі жолдас деп қараймыз, һәм бағалаймыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл мақаласы расында да кезекті бір келелі кеңес қана емес, нағыз Ұлы адамның ұлт туралы толғауы деп түсінемін. Елбасы мақаласына арқау болған. Ұлы даланың енді бір қыры ежелгі металлургия өндірісі. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар мен қару жарақтар бұл жайлы тереңнен сыр шертеді. Ал жауынгердің табылған киімдері, ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын қаншалықты меңгергенін аңғарды. Алтын адам заманында аң стилі өте қатты дамыған. Сол кездегі темірді балқыту, алтынды балқыту үлкен кереметтердің бірі болған. Сондықтан біздің мәдениетіміз өте терең [4].

Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі



әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек.

Қай жағынан болсын, бұл маңызды жұмыс мемлекет есебінен атқарылатын «академиялық туризмге» айналмауға тиіс. Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет.

Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан, мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады

Біз ашық қоғамында өмір сүреміз, сондықтан біздің тарихымыз туралы әлеуметтік желілер мен интернетте жарияланбаса ол туралы жастар білмейді және жастар басқа мәдениеттің ықпалында қалады. Егер біз Қазақстан тарихын осы ретпен дәріптемесек рухани мұрамыз елеусіз қалады. Тәуелсіздіктің арқасында біз кешегі тарихқа, өткен шаққа шындық тұрғысынан қарай аламыз [5].

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпақтың санасын бөгде жұрттардың заманауи мәдениеті жаулап бара жатқан уақытқа қарсы тұрарлық қауқарды осы мақаладағы тәптіштей айтылған ұлттық құндылықтар ғана құтқара алады деп ойлаймын.

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді [6].

Бұл мақала Елбасының тікелей қатысымен жүзеге асқан мәдени мұра бағдарламасының, бір жарым жыл бұрын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының заңды жалғасы болып келеді. Осы мақала тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамытуды міндеттейді. Қазақ халқының ежелден сақтаған салт – мұрасы, дәстүрі, әдет-ғұрпы, жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазына.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР

1 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық кітап. 1–5 томдар. Алматы: «Атамұра», 1996, 1998, 2002, 2010.

2 Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. – «Мектеп» баспасы, 2006. – 232 б.

##### ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛА:

3 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.

4 Назарбаев Н. Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша 2018

##### ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

5 Елбасымен бірге – жаңа жеңістерге» жастар форумы. [Электрондық ресурс]. – <http://www.inform.kz> [ өтініш берген күн 2015 жылғы 10 сәуір ]

6 Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған Жастардың республикалық форумы. [Электрондық ресурс]. – <http://www.akorda.kz/kz> [өтініш берген күн 2016 жылғы 14 қазан]

#### ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ – ҰЛАНЫМЫЗ!

ОРАЗБЕК А. Т.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.

*«Ұрпақпыз біз! Көкбөрідей қаһарман,  
Сақ, гұндардан тамырымыз нәр алған.»*

Тасын түртсең тарихы төгілетін, топырағын түртсең тағылымы сөйлейтін қазақ даласының қиырында ашылмай жатқан сыр қаншама?! Қазіргі қазақ даласынан жер бетіндегі ең ұлы инновациялар бастау алды. Соның бірі Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламаның жалғасы іспетті Елбасымыз өткен жылдың соңына таман жолдаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты терең мазмұнды, тағылымы мол мақаласы.

Жылқыны қадірлемейтін, жылқының қасиетін ардақтамайтын қазақ жоқ шығар. Алты жасар баласын ашамайға отырғызып, сыйлы қонағына ат мінгізген қазақ ердің құнын ертоқымның құнымен өлшегені белгілі. Тарих беттеріне үнілсек, Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай тұрағынан табылған жәдігерлерді зерттеу барысында қазақты қыл құйрықты қолға үйреткен ең алғашқы ұлт екенін, ел екенін білдік [1, 1–2].

Дәл қазір де әлемде 250-ден астам жылқының тұқымы бар. Мартин Вилькенстің 1885 жылы жазылған «Жылқы шаруашылығы және жылқы

зауыты» атты журналынан мынадай үзінді келтірсек: «Дәстүрлі қазақ қоғамында жүйрік жылқы тек иесінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл рудың, аймақтың мәртебесін өсірген. Олар туралы түрлі әндер мен күйлер шығарылып, есімдері халық жадында ұзақ сақталған. Жылқы тұқымын асылдандырудың сәйгүлік болар жылқының тай күнін ажырата білудің, ат баптаудың қыры мен сырын жетік білетін мамандарды халық арасында «атбегілер» немесе «атпаздар» деп атаған [2, 37].

«Жомарт жоқтығын білдірмейді, жүйрік ат тоқтығын білдірмейді» демекші қазақ жеріндегі тұлпардың түбі қазаққа қатысты жылқыны алғаш қолға үйреткені туралы деректер көп. Соның бірі әйгілі де атақты ғалым Майкл Оверннің «Орта Азияның ежелгі мемлекеттері» деген еңбегінде: «Үзенгіден аяқ киім өтіп кетпеу үшін өкшені ойлап тапқан біздің көшпенділер» деген. Бүгінгі таңда алты құрлықты алшаң басып жүрген осы аяқ киімнің ежелгі түпнұсқасы біздің бабаларымызға тиесілі екен. Осыған дейін жылқының алғаш қашан, қайда үйретілгені жайлы талас-тартыс көп болды. Әркім өркениетті өздеріне таратқысы келіп, жылқыны қолға үйреткен біздер деп дәлел-дәйек іздеп әлек. Алайда, 1980 жылы ғалым Виктор Зайберт солтүстігіміздегі үш өзеннің тоғысқан тұсында археологиялық зерттеулер жүргізіп, даулы сұрақтың нүктесін біржола қойды. Ол жерден жалпы 152 тұрғын үйдің тұрағы мен 133 жылқының сүйегі табылып, зерттелді. Ғалымдардың пікірінше, жылқы өркениеті б.з.д. 4 мыңжылдықта энеолит дәуірінен бастау алады. Жылқы десе елең етпейтін қазақ жоқ. Өйткені қымызы таптырмас сусын, еті қайталанбас дәмді ас, мінсе көлігі. Қазақтың ат айбары ғана емес, әлем өркениетіне сүбелі үлес қосқан айғағы іспеттес [3, 124].

Жарысымен байитын, шабысымен танитын қазақ батырларының қару-жарақтарын да тілге тиек ету керек. Расында, қылыш пен найзаны ойлап тауып, жауға шапқан батырға қолайлы болуын қамтамасыз еткен де қазақ екенін білдік. Қайта айналып келетін бақыт болғанымен, қайта айналып көретін уақыт болмайды дегенге көз жетті. Атқа қонған соң да көшпенділердің қару-жарақтары түрлене түсті. Ат үстінде сауыт-сайман мен мұздай қаруланған ата-бабаларымызды көргенде қарсыластың қарадай тізесі дірілдейтін. Қазақ жері металлургия пайда болған алғашқы мекен. Бүгінгі өрмекшінің торындай тарам-тарам созылған өркениеттің өзегі бізден бастау алған. Неолит дәуірін «неолиттік революция» дейтін болсақ, сол сияқты қазақ даласындағы металлургияның пайда болуы жер жүзіндегі тіршілікке тың серпіліс берді. Біздегі металл өндірудің шарықтау шегі жеткен уақыты Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Б.д.д. 9 ғасыр деп

есептеуге болады. Осыны тағы бір дәлелдей түсу үшін қазақстандық ғалымдар шетелдік іргелі зертханалармен келісімшарт жасасып, сараптама жүргізуді бастаған. Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлан Үмітқалиев: «Беғазы-Дәндібай мәдениетінде, оның алдында Андронов мәдениетінде металл бақытатын пештердің болуы нәтижесінде біздің жерімізге Алдыңғы Азиядан, Орта Азия елдерінен, Оңтүстік Сібірден жан-жақтан металл саудасына үлкен сұраныспен келген» – деп көрсетті. Түрлі металдан зергерлік бұйымдар, қару-жарақтар, күнделікті өмірде қолданатын заттардың табылуымен қатар, сол заттарда аң стилі бейнеленген көптеген дала жануарларының бейнесін түсірген. Яғни, дала өркениеті нанотехнологиялық тұрғыдан қарқынды дамығаны айқын көрінеді.

«Түбін білмеген түгін білмейді». Сондықтан өскелең ұрпақ тарихты білу үшін жүйелі насихат керек. Қазақтың ежелден-ақ жер басып жүргендердің ішіндегі ең ақылды, ең ізденімпаз ұлт екенін дәлелдейтін деректердің бірі – «Алтын адам». Нақты 9 «Алтын адам» табылып, зерттелді. Бірақ, ұлан байтақ жері бар ұлы далада әлі қаншама «Алтын адам» жатқаны белгісіз.

Біріншісі, Алтын адам 1969 жылы Есік қорғанынан табылған теңдессіз экспонат. Тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев бастаған ғалымдар Алтын киімді адамды тауып, б.з.д V-IV ғ. өмір 17-18 жас шамасындағы темір дәуірінен сақталған сақ ханзадасы деген шешімге келген болатын.

Зерттеу барысында көсемнің киім-кешегі өте бай асыл бұйымдармен, алтын әшекейлермен безендірілгені аңғарылды. Бұған айғақ ретінде қабірден табылған әр түрлі дәрежедегі ромб, шеңбер және жылан пішіндерімен бейнеленген 400-ге жуық қаптырмалар болған. Қабірден қару-жарақ, әшекей бұйымдардан басқа жұқа алтын фольгамен қапталған абыз аса таяғының бөліктері табылды. Бұл дегеніміз ежелгі шеберлеріміздің алтын өңдеу техникасын толық меңгергенінің айғағы. Бұл жерден табылған Алтын адамның тарихи салмағы тұтас Тутанхамоннан кем емес.

Екіншісі, 1999 жылы Ақтөбе (Атырау) облысының Жылыой ауданына қарасты Аралтөбе қорымынан сақ көсемі табылды. Зерттеушісі археолог Зейнолла Самашев.

Үшіншісі, 2003 жылы Шығыс Қазақстан облысына қарасты Зайсан ауданының Шілікті жазығынан археолог-этнолог, профессор, тарих ғылымының докторы Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтар қазба жұмыстары кезінде тапқан. Алтын адам б.д.д. VIII ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың басындағы жәдігерлердің бірі. Қазақстан

жерінде табылған Алтын адамдардың ең көнесі. Бұл жәдігер тарихқа Бәйгетөбе деген атаумен енді.

Төртіншісі, 2010 жылы Қарағанды облысына қарасты Талды-2 қорымындағы қазба жұмыстары кезінде табылған. Сақ жауынгері. Зерттеушісі археолог Арман Бейсенов.

Сақ жауынгерінің кеуде тұсы толықтай алтынмен қапталған, мұндай үрдіс күн билеушісі болғандарға жасалатын құрмет. Сондықтан бұл мола Күн билеушісіне тұрғызылған. Тарихшылар аталмыш қорымды «Патшалар даласы» деп атады.

Бесіншісі, Берел қорымынан табылған құнды жәдігер. Зерттеуші Зейнолла Самашев.

Алтыншысы, 2015 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Бесоба ауылынан қола дәуірі кезеңіне жататын аса құнды жәдігерлер табылды.

Жетіншісі, Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы Тақсай қорғанынан 2012 жылы табылған ақсүйек сармат әйелі. «Тақсай ханшайымының» қабірін ғалымдар б.з.д. V–VI ғасырларға жатқызады.

Сегізіншісі, 2013 жылы Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданын көктеп өтетін Таскескен-Бақты тас жолының бойындағы Лайбұлақ және Жаңа тілек ауылдарының орта тұсынан сақ ханшайымы жерленген қорған табылды. Сақ заманының билеушісінің қызы болуы мүмкін деген бұл алтын адамды зерттеуші ғалымдар «Үржар ханшайымы» деп отыр.

Тоғызыншы, 2018 жылы Елеке сазында киімі алтынмен қапталған олжа, 17–18 жас аралығындағы ақсүйек жас жігіттің жақсы сақталған қалдықтары табылды. Біз оны шамамен біздің заманымызға дейінгі VIII–VII ғғ. жерленген деп есептейміз. Тарбағатай ауданының Елеке сазы жайлауынан тоналмаған «Алтын адамды» тапқан археолог Зейнолла Самашев [3, 246–287].

Қазақстан жерінен табылған «Алтын адам» – құнды жәдігерлер, мәдени-тарихи мұралар, тарихи құндылықтар, тарихи деректер. Қырымда, Эрмитажда, басқа да мұражайларда тұрған заттардың тұтасқа жуығының құны біздің Алтын адамның құнындай бағалы емес. Ендеше, осы тарихи, мәдени құндылығымыз болып табылатын алтынмен апталған адамның құпиясын ашу болашақтың еншісінде.

Қазақтың даласында теңдессіз тарихи жаңалық Алтын адаммен шектелмейді. Мысалы, Қазақстан әлемдегі алма атауының арғы атасы Сиверс алмасының отаны саналады. Ол қазақ жеріндегі Іле Алатауының баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыттары арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге тараған.

Қазақтың жеріне тамыр тартқан тарихи өсімдік. Қазақстанның аумағында Шу, Іле тауларының етегінен әлем жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын кездестіруге болады. Кезінде 12-13 ғасырларда Ұлы Жібек жолы жүріп-тұрған кезде осы жерден Түркияға жеткен. Осман империясы көбейткен соң Германия, Англия, Голландияға таралған. Күллі әлем гүлдің отаны Голландия деп жүр. Неге? Өйткені олар дереу іске кірісіп, гүл егіп, бренд қылды. Ал, біз сол елден мыңдаған тонна гүл сатып алып, миллиондаған қаражатты шығындап, өйтеуір, әсемдік әлемінде әлдилеп жүрміз. Ал, негізінде жер жүзінде қызғалдақтың 3000-нан аса түрі болса, солардың басым көпшілігі, яғни 35 түрі біздің дала қызғалдағының ұрпағы. Соның ішінде, Түркістан облысының Түлкібас ауданында Грек қызғалдығы Қызыл кітапқа енген. Қандай да бір дүниенің түптамыры бізде десе, адам біткен сол нәрсенің тарихи отанына баруға, оны сатып алуға құмартып тұрады. Бір ғана мысалы, биыл 8 Наурызда қазақстандықтар 100 млн. долларға гүл сатып алған, оның 70 пайызы шетелден әкелінген. Олар: Нидерландия, Эквадор, Колумбия, Бельгия, Қытай, Өзбекстан бізге тонналап гүл сатқандардың тізімінде екен. Қорыта айтқанда, тарих тетігін тапқан елге табыс та, абырой мен атақ та береді [4, 64].

Президент өз мақаласында еліміздің тарих жылнамасындағы актандақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасының сәтті іске асқандығын айтып өтеді. Расымен де аз уақыт ішінде жарық көріп, көпшілік оқырман қауымның кең қолдануына мүмкіндік берген «Қазақтың мың әні», «Қазақтың мың күйі», 100 том «Бабалар сөзі», 100 том «Әлем әдебиеті кітапханасы», Сырым Датұлы көтерілісінен Желтоқсан көтерілісіне дейінгі оқиғалардың шежіресін қамтыған 21 том «Қазақ ұлзаттық қозғалысы» сериялары, 20 том «Әлемдік мәдениеттану ойсанасы» мен «Әлемдік философиялық мұра» кітаптары тарихты тануға, әлем мәдениеті мен әдебиетіне тереңірек көз жіберуге итермелейді. Ұлтымыздың әлем өркениетіне қосқан үлесін таразылап берді Қытай, Түркия, АҚШ, Өзбекстан, Моңғолия, Мысыр, Батыс Еуропа елдерінен Қазақстанның тарихы мен этнографиясына қатысты 5000-ға жуық құнды дүние алынды. «Мәдени мұра» бағдарлама арқасында 80-ге тарта тарихи-мәдени ескерткіштер жөнделді, 26 ғылыми қолтаңбалар, 40 археологиялық зерттеулер жүргізілді. Мемлекеттік бағдарлама арқасында инвентаризация жүргізіліп, еліміздегі барлық тарихи-мәдени дүниелердің тізімі жасалды. Бүгінде 11277 нысан жергілікті, 218 нысан мемлекеттік маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіші санатына алынды. Түркістандағы

Қожа Ахмет Йасауи кесенесі, Сарыарқа даласы, Тамғалы петроглифтер, Ұлы Жібек жолы бойындағы Қойлық, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе секілді көне қалалар ЮНЕСКО-ның қорғауына алынды. Жүйелі насихаттың нәтижесінде ұлтымыздың Наурыз тойы, айтысы, күйі, асық ойыны, күресі, тіпті, киіз үй құруы да халықаралық ұйымның материалдық емес мұралар тізіміне алынды [5, 4].

«Цифрлы Қазақстан» жобасының жүйелі жалғасы іспетті «Архив–2025» жобасы да дәл осы бағытында қызмет қылса, ұтарымыз көп. Әр мемлекеттің мұрағаттарында жатқан жылнамалардағы қазақ тарихы туралы деректемелер өз тілімізде көрініс тауып, ғылыми айналымға енсе, нұр үстіне нұр. Архив деректерін жай ғана жинақтап қоймай, қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет. Шындығында бұл тіпті де кейінге қалдыруға болмайтын шаруа, өйткені бүгінгі бар білімді интернет әлемінен іздейтін ұрпақ үшін ата-бабасының жүріп өткен жолы мен тарихын тануы – ел болашағы үшін аса маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңірудің бастапқы баспалдақтары да осы. «Ұлы даланың ұлы есімдері» аталатын тақырыпшада көтерілетін мәселе де – кезек күттірмейтін іс. Бұл іс алдымен әл-Фараби, Яссауи, Қорқыт, Абай, Шәкәрім шығармаларын әлемдік әдебиет нарығына сапалы аударма арқылы қосу ісінен басталуға тиіс. «Ұлы дала тұлғалары» сериясын әлемге алдымен өмірбаяндық галерея арқылы емес, туындылар арқылы танытуға тиіспіз. Себебі өткен мыңжылдықтар қойнауында әлемге ықпал ете алған өркениетті ұлттың мәдени, әдеби тұрғыдан да санаға сәуле түсірерлік, адамзатты рухани кемелдендірерлік байлығы бар екендігін көрсетуіміз керек [6, 27].

Жоғарыда айтылған Елбасы бастамалары да, түркі халқын ортақтастыруға бағытталған «Түркі өркениеті: түптамырынан қазіргі заманға дейін» жобасы да, «Бабалар сөзі» көптомдықтарының жалғасы іспетті. «Дала фольклорының антологиясы» да, «Қазақтың мың күйі», «Қазақтың мың әні» серияларының жалғасы іспетті. «Ұлы даланың көне сарындары» жинағы да – халыққа рухани азық, болашаққа үзілмес үміт, қуат сыйлайтын жобалар. Бізді аса қуантқаны – осындай ірі жалпыұлттық жобаларға тек қазақстандық зерттеуші ғалым мамандарды ғана емес, Елбасының шетелдік әйгілі ғалымдарды да шақыруға үндеуі. Шартарапқа танытуға тырысу үшін қызмет қылуға шақыруы. Олай дейтініміз, «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» тақырыпшасында Президент халық тарихын көрсететін фильмдерді көбірек шығаруға, түсіруге тапсырма берді. Бұл тапсырманың ресми һәм бейресми түрде «Қазақфильм»

киностудиясы мен «Қазақстан» ұлттық арнасының тарапынан орындалып жатқандығына біршама уақыттар болды. «Құнанбай», «Жаужүрек мың бала», «Аманат», «Алмас қылыш», «Біржан сал», «Тар заман», «Әміре» фильмдері – осы сөзіміздің дәлелі [7, 63].

«Елдің елдігін ер білдіреді, ердің ерлігін ел білдіреді» дегендей, ұлттық қаһармандарымыз, ұлы ойшылдарымыз, елді парасатпен басқарған тұлғаларымыз туралы деректі фильмдер немесе телесериалдардың түсірілуі қарастырылып отыр. Бұл ұлттық тәрбиеміздің бойына қан жүгіртіп, жақсыға еліктеу, жаманнан жирену секілді әдетімізді жандандыра түсуге игі шарапатын тигізері сөзсіз. Дүниежүзілік мәдениетке, ғылымға, жалпы қоғамдық дамуға өзінің зор үлесін қосқан өлкеде туып, өсіп-өну, оның тарихын жалғастыру үшін мына міндеттерді ескеруіміз керек:

Біріншіден, түгел түркі жұртының «қара шаңырағы» болған Қазақстан бүгінде сол тізгінді ұстау мүмкіндігінен айырылып қалмауы үшін біздің болмысымыз жаңа кезеңге сай болуы қажет. Ол үшін мәдени мұрамызды көздің қарашығындай сақтап, игі жобаларды жүзеге асыруымыз қажет.

Екіншіден, сананың жаңғыруы. Адамдық болмыс оның санасының деңгейімен өлшенеді. Олай болса, бізге қойылған талаптың тағы бірі – білімді болу, ғылымды меңгеру.

Үшіншіден, ұлттық кодымыздың негіздерінің бірі болған ауызша және музыкалық дәстүрді де жалғастыра білу.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Елбасымыздың сөзімен қорытындыласақ, «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет! Жердің де, елдің иесі өзің екенінді ұмытпа!» Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі халық, өзімізді адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлттың ұрпағы және мәңгілік дамуға жаңа бағыт берген мәдениеттің өкілі екенін ұмытпауымыз керек, ағайын! Елбасымыз атап көрсетіп кеткен дүниелерді брендтен трендке айналдыратын кез жетті!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Егемен Қазақстан» газеті // 21 қараша, сәрсенбі, 2018 жыл – № 223 (29454) «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (1–2 бет)

2 Әкімбеков Б. Р., Муслимов Б. М., Әкімбеков А. Р., Дәленов Ш. Д. Жылқы шаруашылығы. – Қостанай, 2007 жыл.

3 Мынжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылды (1991-2011): ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2011. – 448 б. түрлі-түсті сур.

4 Сахариев С. С., Сахариева А. С. Әлем экономикасы. 2-бөлім. – Алматы, Дәнекер. – 2003 жыл.

5 «Мәдени мұра – ұлттық құндылық. ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Е.Қ.Ертісбаевтің тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелері бойынша Үкімет отырысында сөйлеген сөзі. // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 25 қазан (№ 43). – 3 бет.

6 Нағымұлы Ш. Мәдениеттану. – Астана: «Фолиант» баспасы, – 2007 жыл.

7 Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, – 2004 жыл.

### 1.13 Философия

### 1.13 Философия

## СОВРЕМЕННЫЕ ТРАКТОВКИ ФИЛОСОФСКИХ КАТЕГОРИЙ ДОБРА И ЗЛА

БЕДРИНЕЦ К. В.

студент, Павлодарский высший колледж управления, г. Павлодар

ТУРАНОВА Г. Д.

преподаватель, Павлодарский высший колледж управления, г. Павлодар

С давних времен человечество борется со своей тёмной стороной и ни для кого не секрет, что психопаты способны убивать и мучить без зазрения совести, но что толкает с виду обычных людей на жестокость и насилие. Мало кто считает себя плохим человеком, но, тем не менее, «зло» – неотъемлемая часть нашей жизни, но почему не известно. Нейробиологи и психологи доказали, что «зло», которого мы так боимся, рождается внутри нас.

Нейробиолог Кристиан Крэйзарс выявил источник нашей жестокости, он исследовал такое свойство нашего мозга как эмпатия, это, по сути, способность воспринимать эмоциональное состояние другого человека, и он провёл эксперимент. Он снимал на камеру сцены боли много раз, а потом показывал испытуемым свои ролики при этом, исследуя их мозг томографом, магнитные датчики улавливали процессы в мозге человека и показывали какие

области мозга активировались у подопытного. Сначала он фиксировал происходящее в мозге испытуемого при виде боли другого человека, затем измерял реакции на болевые ощущения самого испытуемого и в итоге сравнивал сканограммы, и в процессе всего было замечено, что эмпатия возникла не в поверхностных зонах мозга, а значительно глубже и практически посередине между двумя полушариями. Также во время сравнения сканограммы мозговой активности человека, что получал болевые ощущения во время нахождения в томографе, со сканограммой мозговой активности человека, который наблюдал, за болью другого человека, оказалось, что две сканограммы схожи на 95 %. То есть, мозг людей наблюдавших за болью, воспринимал чужую боль как свою. Эксперимент был проведён с сотней людей и Крэйзарс пришёл к решению, что эмпатия проявляется у каждого человека, но у всех по-разному. К примеру, когда мы смотрим драму, большинство из нас сопереживает происходящему на экране, но для многих это пустые звуки, люди с неразвитой эмпатией видят и воспринимают всё иначе, информация перемещается по мозгу как «машина, что едет по улице». Представьте, что впереди у вас поле зрения, которое воспринимает происходящее с другими людьми, а сзади вас эмоциональные зоны, посредством которых вы ощущаете боль. Крэйзарс полагает, что разница между более сострадательным человеком и менее сострадательным, заключается в ширине «улицы», по которой поступает информация из поля зрения в эмоциональную зону мозга. Что же по поводу психопатов, они вроде нормальные с виду, но имеют нездоровые наклонности внутри, самое любопытное заключается в том, что учёные считали, что жестокость в людях по типу психопатов из-за отсутствия эмпатии, но это была ошибка. И суть не в том, что эмпатия им не свойственна, суть в том, что спонтанно они её не пускают в ход. Представьте, что зачастую она у вас выключена, но в какой-то момент вы её можете включить и в таких случаях вы действительно готовы сопереживать. То есть получается, что не только эмпатия – наше всё, нашими поступками также управляет система нравов, к примеру, кодекс поведения, который помогает нам социализироваться в обществе. Учёные из Йельского университета считают, что моральный кодекс можно вложить в нас с раннего возраста, работа с малышами даёт возможность увидеть человека, не обременённого бытом, телевиденьем, интернетом, общественным воздействием, любовными и половыми связями. Исследователи показали, что в самом раннем возрасте возникает некое фундаментальное чувство морали, но как объяснить вопросы

морали маленькому ребёнку? Карен Винн сделала сценку, появлялась одна игрушка, которая пыталась открыть коробку, у неё ничего не получалось, и в итоге запускали вторую игрушку, которая помогала открыть коробку первой игрушке. Во второй сценке игрушка снова пыталась открыть коробку, но появлялась третья игрушка, совершенно другая, которая как раз запрыгивала на крышку коробки и закрывала её. В итоге после этой сценки детей спрашивали, как вы относитесь к игрушкам, какая вам больше понравилась, та, которая помогла открыть коробку или та, которая захлопнула эту коробку. После чего 95 % детей выбирали ту игрушку, которая помогла открыть коробку, в эксперименте принимали участие дети до года.

Если мы рождаемся хорошими, откуда тогда берутся плохие?

Глубоко внутри нас есть зверь, что преследует только одну цель – выживание, но все мы сталкиваемся с людьми, что не могут с собой справиться, мы осуждаем их за ужасные поступки, но могут ли они себя вести иначе? Если бы у нас была возможность оценить наш мозг с позиции эмпатии, интеллекта или агрессии, вы бы обнаружили колоссальную разницу, у каждого своего мозга отличия. Ваш мозг – механизм крайне тонкий и сложный, травмы или болезни могут спровоцировать изменения, что вероятно повлияет на вашу личность, если вы повредите палец в результате несчастного случая, это не сильно изменит вас как человека, но если вы повредите участок мозга, то это может повлиять на вашу осмотрительность и на ваше решение и даже превратить вас в убийцу. Вот, к примеру, Чарльз Уитман, 1 августа 1966 года сначала убил мать, а потом и жену и отправился на 28 этаж техасской башни, где он начал стрелять наугад и убил 16 человек за девяносто шесть минут. Весь ужас заключался в непредвиденном характере его поступка, ведь не было ничего в его биографии, что предвещало такую беду, он был инженером и работал кассиром в банке. И когда нашли его предсмертную записку там было сказано, после того как всё закончится, вскройте моё тело, и после вскрытия в его мозге обнаружили опухоль размером с грецкий орех, она давила на миндалевидное тело, отвечающее за реакцию страха и агрессии. Массовые расстрелы среди гражданского населения по всему миру не редкость и раньше научные исследования психопатии фокусировались именно на эмоциях, в частности на том, что такие люди являются хладнокровными хищниками неспособными чувствовать. Есть одно исследование, Бакхольс провёл эксперимент на 49 заключённых, он делал сканирование мозга. В то время как заключенные принимали участие в испытании на удовлетворение,

в ходе этого испытания учёный просил выбрать один вариант из предложенных: либо вы получаете меньше денег, но прямо сейчас, либо больше денег, но потом. Также для них провели особый тест на определение уровня психопатии, и исследования показали, что у заключённых, у которых был максимальный результат в тесте на психопатию, обнаружилась большая активность в вентральном стриатуме, и как показывают предыдущие исследования, вентральный стриатум связан со способностью оценивать различные варианты и их важность для человека. Данные показывают, что антисоциальное поведение психопатов определяется их мозгом, который заставляет их переоценивать возможные вознаграждения, которые они могут получить незамедлительно и пренебрегать будущими проблемами из-за потенциальных безнравственных действий. Фактически, чем больше отклонений в мозге было у заключённых в этом отношении, тем серьёзнее были преступления за которые судили. Нейробиолог Джон Фэллон, который посвятил свою жизнь изучению анатомии мозга с уклоном на психопатов и убийц, утверждает, что есть большая разница в функционировании мозга нормальных людей и психопатов, области мозга миндалевидное тело, передняя височная доля, орбитальная кора, медиально-фронтальная кора, поясная борозда вплоть до гипоталамуса образует петлю, у психопатов эти зоны разомкнуты. Миндалевидное тело – это источник простейших эмоций и психопатические преступники демонстрируют снижение активности в этой области мозга, но повреждения лобных или височных долей может спровоцировать поступки, которые мы расцениваем как «зло». Психопаты способны наносить физический и психологический вред, настоящее зло, и на самом деле их не так уж и мало, один процент – достаточно весомая цифра, а вдруг вы тоже психопат, если с вашим мозгом, что-то не так, как вы это узнаете. Фэллэн считает, что минимум 40 генов способствуют антисоциальному расстройству личности, эти гены определяют жестокость и склонность к убийству, получается, если у вас гены убийцы вы обречены стать преступником? Самое смешное, что Фэллэн опасаясь болезни Альцгеймера, просканировал всю свою семью. Когда он рассматривал сканограммы, подумал, что сканограммы его семьи перемешались со сканограммами убийц и преступников. Потом понял, что это был его мозг, и это был шок для него, начал разбираться. Он думал, что хорошо себя знает, посвятил всю свою жизнь науке, считал себя добрым человеком, но если у него мозг убийцы, то почему он им не стал? Всё потому, что его родители всё сделали для того, чтобы он

был счастлив, и если бы не семья, которая внесла основной вклад в его развитие, возможно, он стал бы преступником, и гены не всегда 100 % делают вас психопатами. Как свидетельствует история, порой целое общество утрачивало нравственность, но это уже другая «форма зла», поддерживающая политику геноцида, и экономику, основанную на рабстве. В приведенном примере с экспериментом Каррэн Винн, на основе которого выяснилось, что даже дети отличают «добро» от «зла». Другой её эксперимент оказался не утешительным, это исследование доказывало, что тенденция ассоциировать себя с группой и отталкивать тех, кто не в группе проявляется очень рано. И дети выбирали игрушку не только согласно своему выбору, но они хотят видеть, как вторая игрушка будет наказана, это роняет семена в их психологическую почву, судя по тому, как они отнеслись к этим игрушкам, чего они от них ожидали или какое место отвели им в социальном плане. Каррэн считает, что в нашем мозге заложена забота, скорее, о ближних, чем о тех, кто не входит в круг ближних. Разделяемся мы по простому принципу, нравится нам или не нравится вид лица, цвет кожи поведение и это действительно может привести к серьёзным последствиям. Самые ужасные в истории зверства творились, когда одна группа преследовала другую группу считая их неровней себе, как только меняется образ мышления нравственность повышается и вместо того, чтобы делить людей на группы, стоит воспринимать мир как одно целое и каждого человека, грубо говоря, как члена племени. Но если есть «зло», то есть и «добро»!

Психолог Абигайл Маршу рассказывала, что однажды её машину занесло и её развернуло, в итоге она потеряла управление, Марш не могла завести двигатель и очень сильно боялась выходить из машины, так как по встречной полосе ехали грузовики, но только один человек, остановившийся на противоположной стороне, решил помочь. Он перебежал через всю дорогу и помог девушке завести машину. У Абигайл на тот момент не было никаких объяснений, почему он это сделал. Как можно было заставить кого-то бегать по целой автомагистрали, чтобы помочь незнакомому человеку и Абигайл решила изучить данный вопрос. И ей пришла мысль, не вызвал ли альтруизм, показанный водителем на автомагистрали полярную противоположность, связанную с психопатией, она решила найти исключительно добрых людей для эксперимента и в итоге решила, что альтруистические доноры почек как раз для этого подходят. Им просто показывали лица некоторых людей, которые отображали эмоции: страха, нейтральные, сердитые. В это

время их мозг сканировали с использованием мрт на активности областей мозга и структур. В итоге исследователи обнаружили, что их правые амигдалы – это пара миндалевидных групп ядер, которые расположены в глубине каждой середины височной доли были в среднем на 8 % больше, чем у контрольной группы. Аналогичные исследования, сделанные ранее на психопатических предметах выявили обратное, амигдалы у психопатов меньше и активируются тоже реже, чем у контрольной группы. Альтруистические доноры почек просто кажутся чувствительными к бедствиям других людей, может быть отчасти из-за того, что их миндалины больше среднего.

Сейчас мы живём в самое мирное время, и мир был действительно жестоким, было рабство, были и постоянные войны, но может быть мы действительно начали набираться ума, но в любом случае, мир без «зла» – это утопия, и чем больше мы будем знать об этом, тем легче будет найти самых опасных преступников, и предотвратить возможный ущерб.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Parents' and Teens' Perspectives on Privacy In a Technology-Filled World Lorrie Faith Cranor, Adam L. Durity, Abigail Marsh, Blase Ur Carnegie Mellon University [USENIX Association] URL: <http://abbymarsh.com/papers/cranor2014parents.pdf>

2 Somatosensation in social perception Christian Keysers, Jon H. Kaas and Valeria Gazzola [naTuRE REvIEWS | NeuroscieNce] URL: <http://usdbiology.com/cliff/Courses/Advanced%20Seminars%20in%20Neuroendocrinology/Pain/Keysers10.pdf>

3 Children's decision making: When self-interest and moral considerations conflict Arber Tasimi, Marcia K. Johnson, Karen Wynn [Elsevier] URL: <https://cpb-us-w2.wpmucdn.com/campuspress.yale.edu/dist/f/1145/files/2015/10/Tasimi-Johnson-Wynn-2017-1o7r6w8.pdf>

4 Experts' Views on Digital Parenting Strategies Abigail Marsh Carnegie Mellon University Pittsburgh, Julie S. Downs Carnegie Mellon University Pittsburgh, USA Lorrie Faith Cranor Carnegie Mellon University Pittsburgh URL: <http://abbymarsh.com/papers/marsh2017experts.pdf>

5 Privacy and Behavioral Advertising: Towards Meeting Users' Preferences Pedro Giovanni Leon, Ashwini Rao, Florian Schaub, Abigail Marsh, Lorrie Faith Cranor, Norman Sadeh URL: <http://abbymarsh.com/papers/leon2015privacy.pdf>

1.15 Әлеуметтану  
1.15 Социология

## ВНЕШНЯЯ МИГРАЦИЯ КАК ПРОЯВЛЕНИЕ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ

ДЖАНАРГАЛИЕВА М. Р.  
студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
ЖАЯБАЕВА Р. Г.  
ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Мы часто задаем себе вопрос – что понимать под девиацией? Девиация – это поведение, которое нарушает какие-то социальные или культурные нормы, вызывая настороженное или враждебное отношение окружающих (некоторое отклонение в пределах нормы).

Но мы рассмотрим внешнюю миграцию как вид девиантного поведения, потому что в 2017–2018 рост внешней миграции достиг своего пика. Да, людям свойственно путешествовать, учиться за границей, но когда это явление приобретает массовый характер, то невольно задаешься вопросом, с чего же вдруг это происходит?

Эта проблема достаточно нова. Изучение внешней миграции как признака девиантного поведения началось относительно недавно, и наша страна сталкивается с данной проблемой впервые. Поэтому изучение данного вопроса и его дальнейшая огласка сыграют не последнюю роль во внутренней и внешней политике РК.

Сегодня для Казахстана стало привычно словосочетание «внешняя миграция», что, непосредственно, является формой негативного девиантного поведения. Почему?

Мы, являясь гражданами данного государства, вместо того, чтобы отстаивать свою гражданскую позицию, трудиться на благо страны, покидаем ее просторы. Во всем мире граждане (особенно те, кто славится незаурядными умственными возможностями и являются профессионалами своего дела) – это гарант светлого будущего государства, процесса обновления рабочих кадров.

Если численность убывающего населения будет значительно преобладать над численностью прибывшего населения, то могут возникнуть такие проблемы, как снижение уровня рождаемости и сокращения численности молодого населения, т.е. будет происходить старение населения и снижение его численности, а также будет происходить потеря будущих кадров с высокими

интеллектуальными и творческими способностями (потеря экономически активного населения).

Что же стало причиной массового оттока населения?

Специалисты выделяют ряд причин:

1 Недостаток рабочих мест, который вырастет еще больше за счет цифровизации и прироста населения.

2 Падение реальных доходов населения, несмотря на рост экономики.

3 Более перспективные социальные программы в других странах (Россия, Южная Корея, Польша, Малайзия, Чехия).

За январь–июнь 2018 года из Казахстана выбыло 17,17 тыс. человек. По сравнению с аналогичным периодом 2017 года показатель вырос на 14 %. Хотя до критической статистики 90-х нынешние цифры не дотягивают, признаки увеличения оттока проглядываются уже сегодня.

Наибольший отток населения за границу наблюдается в основном из восточных и северных регионов Казахстана. Из ВКО за первые шесть месяцев текущего года уехало на постоянное место жительства 2450 человек. Чуть меньше эмигрантов зафиксировано в Костанайской области – 2366 человек. В пятерку по оттоку населения также вошли Карагандинская, Павлодарская и Северо-Казахстанская области, откуда выехало 2 353, 1 972 и 1 577 человек соответственно.

Чаще всего казахстанцы переезжают в Российскую Федерацию – 15,07 тыс. человек за январь–июнь 2018 года, или 87,8 % от всего потока внешних мигрантов. На втором месте оказалась Германия, куда отправились на ПМЖ 1 097 человек, или 6,4 % от общего объема выбывших.

В США за шесть месяцев переехало 158 человек из Казахстана, за аналогичный период предыдущего года количество эмигрантов в Штаты составляло 131 человек. 116 казахстанцев за это же время сменили гражданство на белорусское. В Кыргызскую Республику за первое полугодие текущего года переехало 74 казахстанца. Замыкает пятерку наиболее популярных направлений внешней миграции Канада, куда за полгода перебралось на постоянное место жительства 66 человек.

Все больше выпускников Казахстана стремятся поступить в заграничные ВУЗы. Наиболее популярными среди казахстанской молодежи являются ВУЗы России, Китая и Великобритании, где обучается более 100 тысяч наших студентов.

В России, столкнувшись с таким явлением как студенческая миграция, провели опрос среди студентов 3 курса Уфимского государственного авиационного технического университета



факультета ИНЭК, обучающихся по направлению «Государственное и муниципальное управление». В анкете предлагалось 8 вопросов, среди которых были вопросы с вариантом выбора ответа и открытые вопросы, т.е. студенты должны были выразить свое мнение. На основании полученных ответов можно сделать следующие выводы:

1 60 % респондентов хотели бы уехать в другой город России или в другую страну.

2 66 % респондентов считают, что большая часть молодежи желает уехать из страны.

3 15 респондентов уехали бы в другой город России или в другую страну на период более 2 лет, 14 респондентов предпочли пребывание менее 6 месяцев.

Дене тәрбиесі сабақтарын бала бақшаның тәрбиешілері мен дене тәрбиесі әдіскерлері өткізеді. Дене тәрбиесі сабақтарының әдістемесі балалардың жастарына, қозғалыс мүмкіншілігіне және бала бақшаның базасы мен спорттық құрал-жабдықтарына байланысты жүргізіледі. Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері мен міндеттері: 1) тәрбие сағаты, күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары (танертенгілік жаттығу, қимыл – қозғалыс ойындары, серуендегі спорттық жаттығулар, сергіту сәттері, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар), 3) балалардың өз бетінше қозғалу қызметі, жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту. [5]

2 жастағы балалардың қозғалыстарын жетілдіретін негізгі жаттығулар: жүру, өрмелеу, кедергілерден өту, доптармен, ойыншықтармен, шеңберлермен, гимнастикалық таяқтармен, секіртпелермен ойнайтын әр түрлі ойындар. Бұл жастағы ең тиімді сабақ түрі – ойын. Ойын арқылы балалар өздерінің қимыл қозғалыстарға деген сұраныстарын қанағаттандырады. Дене тәрбиесі жаттығулары сабақтары аптасына 2–3 рет өткізіледі.

2–3 жастағы балалармен сабақ жүргізу кезінде көбінесе сөз қолдану және көрнекі әсер ету әдістері қолданылады. Бұл жас кездерінде балалардың тілдері әбден шығып, сөйлескісі келіп тұрады. Балалардың белсенділігін, ықыластарын, қызығушылықтарын арттыру үшін бейнелі, жан-жануарларды бейнелеу тапсырмалары беріледі. Мысалы: тышқандар секілді ақырын-ақырын жүгіреміз, мысық секілді епті секіреміз, аюлар секілді қатты-қатты тарсылдатып аяқ басамыз т.с.с. бейнелеу тапсырмалары. Дене жүктемесі орташа, онша ауыр да емес, соншалықты жеңіл де болмайтындай ретте берілуі керек. Жүктемені қалай бергенімізді тамыр соғысы арқылы жеңіл бақылауға болады. Сабақтың басталуы мен аяқталуы кезіндегі тамыр соғысының айырмасы 10 соғу/мин болса, онда жүктеме дұрыс берілген деп есептеледі. Одан көп болып кетсе жүктеме артық берілгені, аз болса жүктеме жеткіліксіз берілгені. Үш жастан асқан балалардың ойын әрекеттері күрделі және әртүрлі болып келеді. Көбінесе мазмұнды, сюжетті, бір адамның немесе жан-жануардың рөлдерін ойнау түріндегі ойындар ойналады.

3–4 жастағы балалармен сабақтар жүргізгенде ЖСЖ 130–140 соғу/мин, 5–7 жастағы балалармен 140–150 соғу/мин кем болмайтын қарқындылықпен жаттығуларды орындағанда ғана бала ағзасына жаттықтыру әсерінің тиімділігі болады. Біртіндеп жүрудің, жүгірудің, секірудің, лақтырудың, өрмелеудің, тепе-теңдік ұстаудың күрделі түрлері қолданылады [3].

Сәби және мектепке дейінгі жастардағы балалардың дене тәрбиесі кезінде барлық дене қасиеттерін дамыту міндеттері орындалады. Біріншіден, ептілік, қимыл үйлесімділігі қасиеттерін дамытуға назар аудару керек болады. Олар: тепе-теңдікті ұстай білу, дәлдік, ырғақтылық, әр түрлі қозғалыстар үйлесімділігі. Ойын кезіндегі қарапайым қимыл-әрекеттерді орындау, қайталау арқылы жылдамдық қасиеттері дамиды. Күш, күш төзімділігі қасиеттерін дамыту кездерінде алдымен іштің, арқаның, аяқтың, қолдың, табанның бұлшық еттеріне назар аудару керек. Күш жаттығулары аз ғана ауырлықта орындалуы қажет. Ол көбінесе өз салмағын басқару жаттығулары түрінде орындалады. Олар: орнында тұрып отырып-тұрулар, өрмелеулер, секірулер, секіртпелермен әр түрлі жаттығулар және т.б. қарапайым жаттығулар және ойын түрлерінде беріледі. Яғни, дене жаттығулары мектепке дейінгі балалардың қозғалыс шеберлігі мен дағдысын қалыптастырады, дене қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Қорытындылай келсек, денсаулық бақытты және толымды өмірдің кепілі және негізгі шарты. Дене шынықтырумен айналысу барысында баланың бүкіл денесі өсіп дамиды және жаттықтырылады. Сондықтан еліміздің болашақ азаматы жақсы тұлға болып өсуі үшін дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген дұрыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. – Алматы, 1992.
- 2 К. Сейталиев. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1986.
- 3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер. – Астана, 2009. – 31 б.
- 4 Степаненкова Э. Я. Теория и воспитания физического воспитания и развития ребенка. – Москва, 2006. – 171б.
- 5 Осокина Т. И. Физическая культура в детском саду. – М., 1986. – 285 б.

#### СПОРТ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

ГОСМАН Д. Н.  
студент, Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжі, Ақсу қ.  
ЖЕКСЕМБАЕВА С. Д.  
математика пәнінің оқытушы,  
Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжі, г. Ақсу

*«Әркім басқалардан соншылықты асып түседі,  
қанишалықты оларға қарағанда көп жаттықса»*

**Я. А. Коменский**

Спорт жеке тұлғаның үйлесімді дамуына, адамның физикалық және рухани жағын көтереді, салауатты өмір салтын қажет етеді. Егер спортпен шұғылданатын адамды шұғылданбайтын адамнан салыстыратын болсақ, онда сіз өмірдегі, мектептегі қиындықтарды еңсеру оңай және аурулармен күресу жеңіл екенің байқай аласыз.

Мен мектеп жасынан бастап шаңғы тебумен айналысамын және математиканы ұнатамын. Математиканы табысты оқитын студенттер, спортпен де айналыса алады. Математика ең алдымен психикалық белсенділікті, ойлау қабілет түріне жатады, ал шаңғы тебу физикалық белсенділіктің түрі болып табылады. Физика математиканы білу шаңғышыға жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда спорт алаңдарында жасөспірім балалар көп кездеседі, олардың басты мақсаты шаңғымен сырғанауда өз нәтижесін көрсету.

Шаңғымен сырғанау және математика арасында үлкен байланыс бар, себебі адам шаңғымен жүгіру барысында оның барлық органдық мүшелері қосылып жұмыс жаса бастайды. Тыныс алу мүшесі жиіліне түседі, жүрек соғысы, бұлшықет жұмысы арта түсіп, осының нәтижесінде адамның ойлау қабілетін жақсартады. Адамның жүйке жүйесі жақсарып, ойлау қабілеті дамиды, сондықтан, адам баласы шаңғымен жиі сырғанап жүру керек, ол математика сабағына керек ынтаны береді. Шаңғымен сырғанаудағы математиканың рөлі зор.

Төмен сырғанау барысында шаңғышының денесі сырғанау кезінде ауаның кедергісіне жол бермеу немесе бірнеше түзетілуі үшін көлбеу параллель болуы тиіс. Шаңғышы оған үлкен жылдамдықпен қозғалуға мүмкіндік беретін ережелерді білу керек. Ара-қашықтыққа байланысты шаңғышы өз жылдамдығын шаңғы таяқтарын серпу арқылы байқайды. Бұл оның сөреге дейінгі күшшін сақтауға көмектеседі. Бірақ жылдамдықты артыру керек болса онда шыңғышы екі таяқпен бір мезетте жұмыс істейді, егер аяқ пен қолды

бір мезекте қозғайтын болсаңыз, үлкен жылдамдыққа әкеледі. Бұнда математика спортшының қозғалуына қатысады.

Математика шаңғышылардың тізімдемесіне қажет. Материял ұзындығы, сапасы бұрынғыға қарағанда жақсы сақталады. Шаңғымен қар үстінде тұру, ауданды кеңейтіп, қысымды реттейді. Шаңғы дайындау барысында қолданатын. Шаңғыны шаңғышының салмағы мен бойына және сырғанау стиліне байланысты тандайды. Классикалық стильде сырғанауда шаңғы ұзындығы, шаңғышының бойынан 20–30 см ұзын болуы тиіс, ал шаңғы таяғының ұзындығы шаңғышы биіктігінен 25–30 см аласа болуы керек [1, с. 4].

Спортшының уақыты сөре және мөре кезінде қатаң бақыланады. Егер сіз кіші радиустағы бұрылыспен жүгірсеңіз, уақытты үнемдеп қалуға болады. Мысалы, егер сіз сырғанайтын жолда бес бұрылыс болса және сол бұрылыста кіші радиуспен қосғалсаңыз, осы қозғалыс кезінде әр бұрылыста бес секунд үнемдейтін болсаңыз, онда сізге берілген ара - қашықтықта 25 секунд уақыт ұтасыз. Әр шаңғышы өз күшін өзінің ең жоғарғы жылдамдығымен бөледі. 50 – километрлік классикалық жарыста орташа жылдамдығы айырмашылық 10- шақырымдық тәртіппен салыстырғанда 5–7%. Жылдамдық мәнін анықтағанда спортпен айналыса отырып, математика спорттың барлық түрінде және тіпті ең көп кездесетіні, жеңімпазды анықтау үшін де қолданылатыны анықталды [1, с. 5].

Математика спортшының мәртебесін, спортшының жабдықтарын сандық бағалау мүмкіндігін дамыту үшін жағдай жасайды. Мен айналысатын спортта математика өте маңызды, олар яғни сандар мен есептеулер. Барлық есептер физика заңдарына бағынады, бірақ, олар математиканың көмегісіз шешілмейді, яғни математика барлық жерде тіпті спортпен айналысқанда өте маңызды дегенді білдіреді.

Кейбір математикалық компоненттерді білу спорт жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді. Олардың бірі алгоритм. Алгоритм - мердігерге соңғы қадамдарындағы мақсатқа қол жеткізу үшін белгілі бір іс-қимылдарды орындаудағы нақты нұсқаулық. Алгоритм құру, тіпті ең қарапайым болса да, шығармашылық процесс. Ол тірі жандарға ғана қол жетімді және ұзақ уақыт бойы тек адамдарға ғана тән деп есептелген. Математикада да, спортта да алгоритм құрастырудың белгілі бір ережелерін білу өте маңызды. Математикада және спортта олар аз емес. Белгілі бір спортпен шұғылданатын спортшыларға математиканы білу оларға көмектеседі: біріншіден тактиканы жасауда, екіншіден физикалық белсенділікті есептеуде. Спортшылар да олардың әрқайсысы іс-

әрекеттер алгоритмін құру қажет екенін айтады. Мәселен, спортта математикамен қатар іс-әрекеттер алгоритмі бар: математикада-математикалық тапсырмаларды орындау, ал спортта - физикалық. Спорт қозғалыстарының негізділігі кез-келген дуэльде немесе спорттық ойында қарсыласын жеңуге кепілдік береді [2, с. 12].

Мен, болашақ жаттықтырушы ретінде, спортшыларды даярлау үшін математика қажет деп білемін. Математикасыз жаттықтырушы спортшы чемпионы болмайды. Заманауи спорт түрлерінде математикалық аппарат кеңінен қолданылады яғни – түрлі тәуелділіктердің графтары талданады, математикалық формулалар алынады, математикалық деректерді өңдеу жүргізіледі. Көптеген спорттық жағдайларды математикалық тұрғыдан қарастыруға, талдауға және бағалауға болады. Оқу процесін жоспарлау кезінде әртүрлі оқытудың математикалық есептеулерін жасау міндетті болып табылады. Жаттығуды ескере отырып, биіктік, салмақ, жас, минутына жүрек соғу жылдамдығы, қан қысымы көрсеткіштері, спортшылардың жарамдылық дәрежесі және тағы басқалары есепке алынады. Дұрыс жоспарланған және қолданбалы оқу жоспары ғана спортшының денсаулығына зиян келтірмейді және дене шынықтырумен айналысуға және маңызды спорттық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Спортта жоғарғы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін дұрыс жоспарланған қызмет. Бұл математика секілді, дұрыс жоспарланған шешім, жолы дұрыс нәтижеге әкеледі [3, с. 175].

Егер бала балалық шақтан бастап математикамен айналысса, ол өзінде табандылықты танытады, назарын дамытады, миын жаттықтырады және мақсатқа қол жеткізуде табандылыққа үйренеді. Математика - бұл біздің өмірімізде және спортта маңызды мәселе. Одан ойын тезірек дамып, шешімдер дұрысырақ жасалады.

Мен мақаламды белгілі чех ғалымы мен мұғалімі Ян Амос Каменскийдің сөзімен аяқтағым келеді «Әркім басқалардан соншылықты асып түседі, қаншалықты оларға қарағанда көп жаттықса». Оны кез-келген жетістікке жету үшін ұмтылатын, кез келген адамның есінде болуы керек. Бұл сөздер спортқа да, математикаға да, кез-келген басқа ғылымға да қатысты, өйткені спорт тәртібі де, шарасы да бар, ол үшін математика үшінші тарап ғылымы бола алмайды. Жаттығусыз спортта жетістікке жете алмаған сияқты, математикада да тұрақты және төзімді бола алмайсын.

Бұл мақала - математика маңыздылығын студенттер болашақ мамандықтарында айқын түсінік бере алмайтын өзектілігін көрсетуге арналған. Автор, математика спортшының жағдайын, спортшының

техникасын сандық бағалау қабілетінің дамуы үшін жағдай жасайтыны туралы қорытындыға келеді. Мақалада математикалық аппаратты кенінен қолдану ерекшеліктері анықталады. Көптеген спорттық жағдайларды талдау, және бағалау қажет. Талдаудың негізінде математиканы білу шаңғышыға жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Хлодов Ж. К., Кузнецов В. С., Теория и методика физической культуры и спорта.
- 2 Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. Научно-методический журнал РОРГУ физической культуры, спорта и туризма. № 1, 2007
- 3 Волков В. М., Филин В. П. Спортивный отбор. –М.: Физкультура и спорт, 2008

### ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ СТУДЕНТА

ЖУНУСОВ А. М.  
студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
БАЛТАБАЕВ Е. С.  
ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Здоровый образ жизни – деятельность человека, целью которой является улучшение и сохранение собственного здоровья. К нему относится физическое состояние тела, душевное и социальное состояние. Все это – основа здорового образа жизни.

Образ жизни формируется группой деятельности человека, каждая из которых имеет свои ценности, эталоны и установки. К ним можно отнести трудовую, общественную, досуговую и семейно-бытовую деятельность. Каждая из них взаимосвязана нравственными отношениями человека в обществе и межличностными связями.

К основным факторам, определяющим образ жизни современного человека, можно отнести:

- состояние окружающей среды;
- материальный достаток;
- состояние здоровья;
- отношения в семье;

- возрастные, половые особенности;
- трудовая деятельность;
- социальная активность;

Каждый из факторов влияет на состояние образа жизни человека по-разному, так как понятие «оптимальный образ жизни» не может быть подписано каждому.

Студенческая жизнь – момент, когда человек имеет законченное биологическое развитие, психологические установки и социальные ожидания.

Студенты относятся к группе высокой степени трудности, так как на них накладываются такие проблемы, как: высокая эмоциональная и умственная нагрузка. Период обучения в учебном заведении имеет большое значение в деятельности здорового образа жизни, поскольку имеет признаки, которые могут оказывать действие на продуктивность и успешность выполнений деятельности.

Структуру проблем здорового образа жизни студентов можно поделить на:

- распорядок дня;
- сон;
- вредные привычки;
- неправильное питание;
- организация двигательных активностей;

Психолог И. П. Павлов часто говорил, что определенный распорядок дня имеет большое значение в облегчение работы трудовой деятельности мозга. Хороший отдых, а затем неукоснительное выполнение распорядка дня избавят от головных болей, вялости, постоянного чувства усталости. Студенты часто пренебрегают правильным распорядком дня, что часто приводит к снижению работоспособности и здоровья в целом.

Составление оптимального режима дня должно проводиться с учетом индивидуальной работы учебного заведения (расписание занятий), индивидуальных свойств и имеющихся условий (местоположения, длительность), привычек и склонностей.

Для формирования здорового образа жизни необходимо соблюдать следующий распорядок дня:

- стараться вставать в одно и то же время;
- заниматься утренней гимнастикой;
- соблюдать гигиену;
- прогулки на свежем воздухе;
- питаться в установленное время;
- контролировать умственную и физическую нагрузку

Очень важным фактором в распорядке дня и в здоровом образе жизни является сон. Нынешняя проблема всех студентов – нарушение режима сна. Многие из них затягивают отход ко сну до 1–3 часов ночи, а сон в норме от 7–8 часов отмечается лишь у малого количества учащихся. Отсюда недостаточная продолжительность дня, что отрицательно сказывается в здоровье студента и влечет собой вялость, головные боли, растерянность.

Во избежание негативных эффектов можно следовать правилам, которые предлагают специалисты в области исследований сна. Например, Доктор Лоуренс Эпстейн, являющийся профессором колледжа Саффолк, предлагает следующие способы:

- отказаться от принятия алкоголя, никотина и продуктов, которые содержат кофеин;
- спать в тихом помещении, не мешающем вашему сну;
- заняться расслабляющими мероприятиями (принятие ванны, чтение книги);

К студентам можно применить следующие рекомендации:

- спланировать учебную деятельность так, что бы это не оказывало влияние на ваш режим сна;
- соблюдать биологический ритм;
- стараться не спать днем;

Учебная деятельность студента тесно связана с двигательной активностью. Длительное отсутствие двигательной активности приводит к значительному снижению работоспособности, в том числе, ухудшение показателей умственной активности (память, мышление, внимание). О. Н. Полетаева в своем исследовании выяснила, что основными причинами, препятствующими физической активности студента, были недостаток самодисциплины и отсутствие ясности о способах достижения физической активности без больших затрат времени. Большая часть студентов попросту не пыталась выполнить анализ своего рабочего дня.

В режиме трудового дня у студента всегда найдется время, которое можно потратить на физические упражнения. Для правильного распределения времени каждый студент должен уметь распределять условные сферы деятельности: пребывание дома, на занятиях, в дороге.

Внутри этих периодов физическая активность у каждого студента разная. Например, утренняя гигиена или зарядка, дорога в учебное учреждение. Также стоит отметить, что во время лекций и сессий у студентов физическая активность находится на низком значении, так как у учащихся расслаблены мышцы, согнута

спина, замедлен кровоток. Для того чтобы обеспечить непрерывность процесса физического воспитания следует соблюдать физкультурные паузы и минимальное количество занятий спорта в неделю. Однако если вести свою двигательную активность к занятиям один раз в неделю, то это не даст должного эффекта.

На двигательную активность студента влияет и правильное питание. Основным источником энергии являются витамины, белки, жиры, которые человек получает при употреблении пищи. Проблема нынешней молодежи – неадекватное отношение к питанию.

Сегодня рацион студентов состоит из того, что можно купить дешево и быстро приготовить. Не стоит отменять и того, что существует доля студентов, которые вообще не принимают пищу во время учебной деятельности. Чаще всего это приводит к разным хроническим заболеваниям. По распространенности среди хронических заболеваний первое место занимают желудочно-кишечные расстройства.

В статье Е. Н. Дзоз было описано анкетирование, целью которого было изучить особенности питания студентов Павлодарского Инновационного Евразийского университета. Данная анкета содержала в себе 26 вопросов, отражающих разные аспекты питания:

- виды продуктов, которые чаще всего употребляют студенты;
- особенности питания в зимний и летний периоды;
- режим питания в течение дня;
- материальные возможности студентов для рационального и качественного питания;
- применение биологических добавок, витаминов;
- состояние массы тела и д.р;

Проведенное обследование позволило выявить, что студенты при выборе продуктов питания в большей степени руководствуются полезностью продукта, затем вкусом и ценой, но на вопрос «Удовлетворены ли вы качеством и количеством своего питания» всего 5 % студентов ответили, что довольны, причем большинство юношей не удовлетворены количеством питания, а девушки – как количеством, так и качеством. 84 % респондентов хотели бы изменить соотношение продуктов, но не имеют возможности. Следует отметить, что материальные возможности большинства студентов составляют 250–400 тенге в сутки на питание, что не покрывает их потребности в 2–3 раза (750–900 тенге согласно ответам 96 % студентов). 78 % студентов относятся положительно к применению биологических добавок, но не используют в рационе своего питания. Девушки 2 раза в год используют витаминные



комплексы, предпочтение отдадут Centrum, Комплевит, Ревит и только 14 % девушек не используют витамины.

Показанные результаты указывают на низкий уровень знаний студентов касательно вопросов правильности питания, что решается путем проведения семинаров, поучительных собраний в учебное и вне учебное время.

Неотъемлемой частью жизни студента также являются вредные привычки. Основное свойство вредных привычек - повторение, автоматизм вредных действий, не имеющих пользы. Среди них можно отметить не просто «не имеющие пользы» привычки, но и привычки, которые могут сильно навредить здоровью студента.

Основными причинами возникновения привычек можно назвать:

- любопытство
- снятие стресса
- удовольствие

Самыми вредными среди них можно отметить курение и употребление алкоголя. Под влиянием данных веществ значительно снижается умственная работоспособность, а также физическая. Не стоит забывать о том, что эти вредные вещества являются фактором возникновения различных тяжелых заболеваний, негативно отражающихся на здоровье студента.

Среди незначительных привычек следует заметить зависимость студентов от интернета (социальные сети, игры). 21 век - век информационных технологий. Интернет стал свойственной частью студенческой жизни. Многие студенты сейчас имеют зависимость от социальных сетей (инстаграм, вконтакте). А зависимость поглощает свободное время, которое можно провести с пользой для себя. Длительное времяпровождение за компьютером или смартфоном может оказать негативный эффект здоровью, как утомляемость, головная боль, боль с спине.

Борьбу студентов с вредными привычками нужно проводить с помощью физической культуры.

При выполнении мышечных нагрузок общая напряженность и тревога значительно исчезает. Из чего можно сделать вывод, что работа мышц является фактором, способствующим разрядке эмоционального напряжения. Занятие физической культуры способствует повышению иммунитета, собственной воли [4].

Таким образом, можно понять, что здоровый образ жизни студентов зависит от множества факторов, которые могут повлиять

не только на его физические данные, но и на его мировоззрение, нормы и деятельность в жизни. Физическая культура помогает студенту достичь баланса физического и психологического состояния. Она является фактором формирования здорового образа жизни студента в его жизнедеятельности.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Барышникова Д. Н. Здоровый образ жизни студента // Научное сообщество студентов XXI столетия. [Гуманитарные науки: сб. ст. по мат. XLIII междунар. студ. науч. практ. конф. № 6(43)]. - URL: [https://sibac.info/archive/guman/6\(43\).pdf](https://sibac.info/archive/guman/6(43).pdf) [дата обращения 01.03.2019]

2 Валиуллина О. В. Формирование здорового образа жизни студентов в образовательном процессе средствами адаптивной физической культуры: Дис. канд. пед. наук. – Уфа, 2006. – 160 с.

3 Грязева Е. Д. Физическое развитие и совершенствование физического воспитания в вузе: система воспитания в высшей школе: ФИРО, 2012. – 72 с.

4 Кулушев И. Н. Способы борьбы с вредными привычками, методическое пособие., 2010г. - 50 с.

5 Макаров Л. А. Полезные и вредные привычки. 1-е издание., 2001г. – 240 с.

#### БАТЫРЛАР МЕКТЕБІ

ИБРАЕВА А. Е.

студент, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАЛТАБАЕВ Е. С.

аға оқытушы, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жас ұрпақтың дүниетанымындағы өзгерістердің мәнін ой елегінен өткеріп, зерделеу теориялық міндеттер тұрғысынан қалай зәру болса, өмірлік мақсат-мүддеден де солай маңызды. Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі, яки еліміздің егемендік алуы – тәуелсіздігіміз қаншама құндылықтарға жол ашты. Қоғамның күллі бағыт-бағдары, ізгі мұраттары, қажеттіліктері мен себеп-салдарлары түбегейлі өзгерді, мұның өзінің жастардың ой-санасына, өмірлік ұстанымдарына әсер-ықпалы болмай қалған жоқ. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов өсиет еткендей, бесігімізді түзедік. Бірақ балаларымыз қандай болмақ? Төрткіл дүниеден хабардар, көргені

де, естіп жатқаны да жетерлік. Барлығын алақанға салғандай өз көзімен көріп, соның тірі куәсі – бүгінгі ұрпақ қайда бармақ?

Жастар мәселесін шешу және талқылау қазіргі қазақ қоғамының әлеуметтік саяси бағыттарының бірі болып саналады. Біздің мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, кәсіби және физикалық қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық шарттарын және кепілдіктерін қалыптастыру, жалпы қоғамның қызығушылығында оның шығармашылық қабілеттілігін ашу болып табылады.

Қоғамның мәдениетін, әлеуметтік, рухани өмірін дамытуда әр адамның жеке тұлғасы, азаматтық келбеті, адамгершілігі отаншылдығы, ұлтжандылығы, еңбекке деген шығармашылық қабілеті мен белсенділігі шешуші роль атқарады.

Қазіргі психологияның өзекті бөлімдерінің бірі – жастар психологиясы. Бұл тақырып өте күрделі және бірнеше аспектілерді қарастырады, бұл: психологиялық жас ерекшеліктер, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және әлеуметтік мәселелері, жанұя, топ әсері және тағы да басқа көптеген аспектілер. Жастардың мәселесі және олардың қоғам өміріндегі орыны тәуелсіздікті енді ғана алған Қазақстан үшін ең ерекше ұшқыр мәселелердің бірі. Тәуелсіз Қазақстандағы барлық салаларда болып жатқан ауқымды реформалар бұрын қалыптасқан мораль жүйесін толығымен өзгертіп, оны адамгершілік құндылықтарға айналдырды.

Адамның қылығының психологиялық түсінігін құрастыру үшін «құндылықтар бағдары» және қызығушылықтарының маңызы зор. Сондықтан, қазақ жастарының құндылық бағдары мен қызығушылықтарының дұрыс ұйымдастырылуы, олардың психологиялық және тұлғалық қасиеттерінің дамуының нәтижелі болуына жетелейді.

Қазіргі қалыптасып келе жатқан қарым – қатынас стилі, өмірлік қабылдаулар, құндылық басымдық өтпелі Қазақстан қоғамының әлеуметтік психологиялық құрылымының дамуының негізгі тенденциясы болып келеді. Бүгінгі жастардың құндылық бағдары қандай болса, біздің қоғамымыздың болашағы соған байланысты болмақ, сондықтан өмірлік қоғамдық – пайдалы құндылықтарды олардың санасына бекіту маңызды болып табылады [1, с. 10].

Жастық шаққа, оның құндылықтарына деген сенімсіздік. Бүгінгі жастардың өмірлік құндылықтары біздің «ертеңіміздің» бейнесін анықтайды. Бұл мәселені қалай шешуге болады?

Ұларбек Нұрғалымұлы жазғандай : «Қазақтың «ұят», «намыс» дейтін ұстынды сөздеріні өзі бұл тұғырдан түскен. Ұят деген сөзді айтып қалғанда жүзіне қызыл арай рең ұшқындап кететін әжелеріміздің бойында толық энергиялық қуатқа енетін еді бұл сөз. Қазір көп адамның болмысынан ұят ұғымы кемігелі бұл сөздің энергиялық қуаты мүлдем әлсіреп қалды. Бұрын екі сөзінің бірі «ұят болады» болған қазақ бұл күнде оны сирек айтып, соның өзінде «осы қазақ ұят боладымен-ақ құрып барасыңдар!» деген әлдекімнің сынын естіп қаламыз ба деп жалтақтайтын болған. Қазір ондай сөз айтылатын танымал адамдардың арасына баруға ұяттың өзі ұялып жүр. «Ұят кімде – иман сонда» деп бағалаушы еді ғой бабаларымыз. Қазір осы «ұят» сөзі айтылғанда көп адам соншалықты әсер алмайды, батареясы таусылған сағаттай сазарып өзіне қарап тұрады. Оған «өлімнен ұят күшті» деген сөзді ағылшыншалап айтсаң да түсіндіре алмайсың. Өйткені, «ұят» сөзінің қазақ болмысындағы ұясы бұзылып, тентіреп кетті. Анда-санда әрбір жерде айтылып, өшкіндеп барып жоғалады болмаса басқа мән алып қала аман қалады. Ақшан аз болып қалғанға, киімің анау біреудікіндей қымбат болмағанына ұялу деген секілді болмайтын жарымжан сөз болып өмір сүре тұрар әзірге. Бұл сөз жартылай жоғалғанда ұятты қазақ та жартылай жоғалды деген сөз ғой сонда.»[2, с. 29]

Қазіргі бозбала – ертеңгі отағасы, жанұясының тірегі. Сол себепті өз-өзіңді тәрбиелеуді кейінге қалдыру дұрыс емес. Әдетте, адамдар өзінің кемшіліктерін түзеуді мейлінше созып, «ересек шағына» қалдырады. Жастайынан өзіне жауапкершілік алып, мінезін тәрбиелеген жігіт ертең кез келген нәзік жандының арманындағы батырға айнала алады. Қоғамда «әйел адамның рөлі зор» деген пікір қалыптасқан. Ал, негізінде, ер адамдар өзінің рөлін, қоғамдағы орнын көп жағдайда жете түсінбейді. Нағыз ер жігіттің ең басты, маңызды деген қасиеттерін назарыңызға ұсынамыз: біріншіден, нағыз ерлер сөзіне, ісіне жауапты болады. Өз-өзіне ие бола алмайтын, сөзіне толық жауап бере алмайтын ерлерді жиі кездестіреміз. Әдетте, ондай жігіттер өзінің жүрегін емес, эгосын тыңдауға бейім. Жұдырық ала жүгіретін қызуқанды жігіттер өзін баса білуді үйренгені дұрыс. Әркім өз сөзіне ие болса, төбелес, жанжалдың да қажеті болмайды. Бұл әдетті жойып, одан арылмасаңыз, пайдасынан гөрі зиянын көбірек көресіз. Бұл қасиеттен арылу үшін өз-өзіңді тәрбиелеумен қатар сабырлы, байсалды болу керек. Әр жауабыңызды жақсылап ойланып, таразылап бергеніңіз жөн. «Реакция» деген сылтауды қойып, «нағыз ер адам» сияқты әр сөзіңізге, ісіңізге жауапты болуды үйреніңіз. Екіншіден, нағыз ер адамдар өзін мінсіз деп ойламайды. Нағыз еркек өзінің

кемшіліктерін, қателіктерін мойындауға дайын. Өз сезімдерін ашық түрде айта алады. Өзге біреудің кейпіне еніп, басын қатырмайды. Нағыз еркек ұрыс-керіске араласпауға тырысады. Ал жанжалға тап болса, оны тез арада шешудің амалын қарастырады. Үшіншіден, нағыз еркектің мақсаты бар. Мақсат, ұмтылыс, арман. Нағыз ер адамның өмір жолында осы нәрселер басты рөл ойнайды. Өмірде өз орнын табу, махаббатын кезіктіру, мақсатқа жету – нағыз ер адамның ойында болуы керек дүниелер. Төртіншіден, нағыз еркек батыл болады. Егер ісі оңға баспай, ойдағыдай болмаса, қол қусырып, өмірге ренжуге әдеттенген жігіттер бар. Өз эмоцияларыңызды билей аласыңыз, өзіңіз жайлы жақсы, оң пікір қалыптасатынына сенімді болыңыз. Біз «темекіні қойғым келеді», «ата-анамен қарым-қатынасымды жақсартқым келеді», «достарымен бұрынғыдай қарым-қатынаста болғым келеді», «жаңа бизнесті бастағым келеді» деген сияқты сан түрлі арман-тілектерді жиі естиміз. Алайда, бүгін айтылған сөз келесі жылы қайтадан айтылуы ғажап емес. Себебі неде? Адамдарға батылдық жетіспейді. Ер адамдар өзінің табиғатына сәйкес батыл болуы керек. Нәзік жандылар сіздің бойыңыздан дәл осы қасиетті көруді қалайды.

Бала тәрбиесін мектепсіз көзге елестету мүмкін емес. Балаларымыз он бір жыл бойғы уақытының көбін үйден гөрі мектепте өткізеді.

Бүгінгі мектеп ұстаздардың дені әйелдер. Сол себепті де, ұлдардың ер адамға тән мінездері толық дамымайды. Мектеп қабырғасындағы ер балалар әскерге дайындық немесе денешынықтыру пәні мұғалімдері мен үйдегі әке тәрбиесімен ғана өседі. Отбасында да бала тәрбиесіне көбіне әйел адам жауапты.

Өкінішке орай үйде де, мектепте де ер-азаматтардың араласуы мардымсыз болғандықтан қыз мінезді, бұзақы, ашылып әңгіме айта алмайтын, жапырып жұмыс істей алмайтын ынжық балалар көбейіп келеді.

Менің пікірінше, бұл мәселені шешуге болады. Мен «Батырлар мектебі» атты мектептен тыс жұмыс секциясын ашылуын ұсынамын. Бұл «мектепте» ең басты мәселесі- бала тәрбиелеу болып табылады. Баланы тәрбиелеу – жауапты іс, сондықтан оған байсалдылықпен қарау керек. Бұл мектептің мақсаты- адамгершілігі жоғары, білімі терең жақсы адамдармен көрші болып, өнерлі, үлгі-тағылымды кісілермен жиі барыс-келіс жасап, ұрпақтарының тамаша үлгі-өнеге алып өсуіне жағдай жасап беруі. Қойған мақсатқа жету үшін, ер азаматтар бойындағы ер кісіге тән қасиеттерді сараптап, әлсіздіктерді мойындап, оларды кейін түзеуге бет алуымыз шарт. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты

және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. «Батырлар мектебінде» мынадай тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін қарастырады:

1 Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2 Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3 Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4 Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

5 Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

6 Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату [3, с. 7].

Менің ойынша, жоғарыда кұрастырылған міндеттер тізімі жастардың патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, көркем-эстетикалық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, діни көзқарастарын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.

Балалардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар, рухани қажеттіліктерінің де өтелуіне баса назар аударуымыз тиіс. Жастар – кез келген халықтың бүгінгі мен ертенінің кепілі. Сондықтан болашағын ойлаған кез келген халық, оңы мен солына жұмсаған уақыт пен күшінің бір бөлігін осы күш қуаты мен жігері тасыған, әрі кір жұға қоймаған жастарын тәрбиелеуге жұмсауы керек. Жастардың дұрыс адам болып қалыптасуы үшін ата-ана, ұстаздар, айнала, жалпы қоғам

болып ат салысуымыз керек. Қазақстанның болашағы жарқын болуы үшін жастардың тәрбиесіне мән берген абзал.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Ұларбек Нұрғалымұлы, Дайғашшы- Астана : Фолиант, 2018. – 240 б. 82–1 (574.4). С 14.

##### ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

2 Ғаламтор Қазақстанда: «Ұлт мұрасы» тәрбие жұмыстарының аймақтық кешенді бағдарламасы [Электрондық ресурс]. URL: <http://engime.org/atirau-alali-bilim-bolimini-mektepke-dejingi-terbie-men-bilim.html?page=3>

3 Ғаламтор Қазақстанда: «Қазақ студенттерінің құндылықтары мен қызығушылықтары» [Электрондық ресурс]. URL: <http://kazorta.org/aza-studentterini-ndyly-tary-men-yzy-ushyly-tary/>

#### АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ДАМУ ЖОЛЫ

КАБЫШ Г. О.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар


БАЛТАБАЕВ Е. С.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Әрбір ұлтта тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпымен коса ұлттық ойындары да ұрпақтан ұрпаққа мұра болып беріледі. Ұлттық ойындар уақытты қызықты өткізу құралы ғана емес өзіндік мағынасы, тәрбиесі, пайдасы бар ұлт байлығы болып табылады. Ойындар – логикалық ойларын жетілдіруге дағдыланса, қозғалыс жасалатын ойындар балалар мен жастардың денелік тәрбиесі, сонымен бірге спорттық ойындар мен басқа спорт түрлеріне дайындық ретінде саналады [1, с. 3].

«Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», – деп М. Әуезов айтқандай қазақ ұлттық ойындары да жастарды тәрбиелеуші халқымыздың байлығына жатады. Осылардың ішінде ең ерекшесі – асық ойыны. Бұл ойынға керек басты құрал бұл – асық. Асықтың әр жатысының өзіндік мән-мағынасы мен атауы

бар. Мысалға 1-суреттегі жатыстарды атап өтсек, 1-жатыс алшы болса, 2 – тәйкі, 3 – шіге (шік), 4 – бүге (бүк), 5–6 – тұрық (алшы не тәйкі түсуі), 7 – оңқы, 8 – шонқы.



Сурет 1

«Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп Б. Момышұлы баға берген бұл ойынның бірнеше түрлері бар. Атап айтар болсақ үш табан, бүгіп алу, көн (жоң), жарып алу, сыпырмай, түртпей, тыштырмай атан, бестас, мергендік немесе шеңбер жасап ату, хан талапай, алты табан, асық қағу, қаршу, алшы, шұбырту, ұпай ұтысу, қол жоң, ат жарыстыру, қошқар соғыстыру, мұз ойнақ, иірмекіл, қақпақыл, сасыр, хан ойыны, аламан хан, асық табысу (асық жасыру), бүк-шік, төрт шүкейт, шомшы, манай және т.б. [2].


Осы сан алуан түрлерінің ішінен қай-қайсысын алсаң да тигізер пайдасы жетерлік. Сонда да «жүйрікте де жүйрік бар» демекші асық ойындары ішінде аузымызға бірінші түсетіні – асық ату ойыны. Бұл ойынды кемі екі баладан бастап, бірнеше бала ойнаса да бола береді. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып, құрдаспен құрдас бір-бірімен бәсекелесіп ойнаса да болатын нағыз тартысты ойын түрі [3].

Ал енді бұл ойынның пайдасына келетін болсақ, бұны келесі кесте түрінде көрсетуге болады.

Кесте 1

Истелетін іс-әрекет	Тигізер пайдасы
Он екі мүшесі, бұлшық еттері толық қозғалысқа түседі.	Денені қыздырып, бойдағы кан айналымын жақсартады.
Сөреден асықты дәл көздеп, қашықтықты дәл межелейді.	Көздің көрегендігін және қолдың ептілігін арттырады.
Қай тұстан, қалай атса дұрыс тиетінін ойша салмақтайды.	Ақыл-ойының жетілуіне себепкер болады.
Бәсекелестікке үйренеді.	Жеке тұлға ретінде тәрбиелейді, көшбасшылық, лидерлік қасиет қалыптастырады.
Бүгін ұтылған ойыншы ертең ұтуға тырысады.	Ер мінезі шыңдалады.

Аталған пайдаларға толы бұл ойынның жастар арасында танымалдық деңгейін білу мақсатында онлайн сауалнама өткізілді. Оның нәтижесін 2-суреттегі диаграммамен көрсетуге болады.



Сурет 2

Сауалнамаға 108 кісі қатысып, оның:

- 1 33-і (31 %) «Асық ату ойыны жайлы хабарым жоқ»;
- 2 65-і (60 %) «Ережесін білемін, бірақ ойнап көрмегенмін»;
- 3 10-ы (9 %) «Ойнап білемін» жауаптарын таңдады.

Бұл сауалнама қорытындыларынан көкейіне «үштен екісі ойынмен таныс болғанымен, неге ойнап көрмеген?» деген сұрақ келеді. Мемлекеттік деңгейде ойынның қолдалуына келсек, ұлттық ойынды насихаттауды басты нысанаға ала отырып, 2010 жылы Қазақстан

Республикасының Спорт және денешынықтыру істері комитеті жанынан «Асық ату» республикалық федерациясы құрылды. Қазір федерацияның 5 облыста филиалы жұмыс істеп тұр. Асық ойындарымен 1039 адам айналысады. Республика көлемінде 78 мектепте асық үйірмелері бар және оның 63-і ауыл мектептерінде екенін баса айту керек. Қазақстан Республикасының «Денешынықтыру және спорт туралы» Заңының 21-бабында: «Ұлттық спорт түрлері спорттың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Оның танылуы осы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады» делінген. Еліміздің заңында осылайша кең мүмкіндіктер беріліп отырғанда, өзіміздің төл спорттық ойынымызды дамытуға не кедергі деген сұраққа жауап іздеп көрелік [4].

Бірінші қорытынды. Сауалнамаға жауап берушілер асық ойыны жарыстары өткізіліп отырғанымен, халық назарын аударыптайтыны жайлы ойлар болды. Шынымен өзге спорт түрлері сияқты бұл спорт жарысының теледидарда онлайн трансляциясын көре алмаймыз. Егер бұл спорт түрінің жарыстары жыл бойы периодты түрде өтіп отырса, балалар арнасында онымен таныстыру бағдарламалары жүргізіліп отырса, дамуына көмек болар еді деген ойға келесің.

Екінші қорытынды. Сонымен қатар асықты дүкен сөрелерінен таба алмау да өзіндік бір кедергі болып табылады. Асықты баяғы кезде балалар жиын тойларда жинайтын болса, қазір оны жинау, әсіресе қалалық жер тұрғындарының, бәріне бірдей мүмкін емес. Сондықтан басқа спорт түрлеріне арналған құралдар сияқты асықтарды да тауар ретінде халыққа ұсыну да дамуына оң септігін тигізер еді.

Асық ойынын боулинг ойынының атасы деп те атап жатады, себебі екі ойынның мақсаты мен ойын мәнері ұқсас келеді. Боулинг ойынын әлем таныса, асық ату ойының жағдайы ондай емес екені өкінішті. «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек!» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде айтқан еді, сондықтан бұл ойынымызды дамыту халқымыздың денсаулығына ғана емес, патриотизмдік ұстаныма да оң әсер етуші еді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 А. Ж. Куватов, Ұлттық ойындардың көмегімен жастардың белсенді өмір жағдайларын қалыптастыру: оқу- әдістемелік құрал.- Павлодар: Кереку, 2009.-52 б.

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

2 Ақпараттық-танымдық сайт. 22 қазан 2015 жыл. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://el.kz/kz/news/archive/асық-ойыны>

## ГАЗЕТ МАҚАЛАЛАРЫ:

3 Мұқышева А. Асық ата білесің бе? // Егемен Қазақстан. 20 шілде 2016 жыл (№ 137). – С. 5.

4 Сабыржанов Ж. Асық ату ептілікке баулиды // Егемен Қазақстан. 26 наурыз 2018 жыл (№ 56). – С. 14.

**ГИМНАСТИКА – БАРЛЫҚ СПОРТ ТҮРІНІҢ НЕГІЗІ**

КАЙРОВА Н. Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ДАЙЫР А. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАБЫКАЕВА А. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАЛТАБАЕВ Е. С.

аға оқытушы, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Гимнастика – дене тәрбиесі жүйесінің негізі. Дене тәрбиесі жүйесінде қандай жаттығу болсын, барлығы гимнастикалық жаттығулардың негізін құрайды. Айталық, жалпы дамыту жаттығулары – спорттың барлық түрінде, ең әуелі денені қыздыру үшін, арнаулы жаттығуды орындау үшін дайындықтан басталады. Мысалы, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы -гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулар жиынтығынан тұрады. Міне, сондықтан да гимнастикалық жаттығулар бүкіл спорттың негізін қалайды.


Гимнастика адамның дұрыс қозғалысының, күш-қуатының, сымбаттылығының, т.б. адам бойындағы барлық қабілет қасиетінің дұрыс қалыптасуының негізгі көзі, денсаулығының дұрыс қалыптасуы. Жалпы адамның адами болмысын қалыптастырады. Гимнастикамен шұғылдану деген сөз – адамның өзін-өзі тіршілікке қалыптасуға дайындауы болып табылады.

Гимнастикамен шұғылдану, негізінен екі бағытта жүреді. Біріншісі – гимнастиканың негізін қалайтын жалпы дамыту жаттығулары. Сондықтан, негізгі гимнастика деп аталады. Негізгі гимнастика барлық жаттығулардың негізгі жиынтығы болып табылады. Гигиеналық гимнастика - денсаулықты қалыптастыратын,

таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы, сондай-ақ өндірістік гимнастика және арнаулы емдеу гимнастикасы [1].

Гимнастика деген атау гректің «жаттығу», «жалаңаш» деген сөздерінен шыққан. Себебі, Ежелгі Грекияда гимнастикаға бет бұрған адам мейлінше жеңіл киінетін болған. Бірақ бастапқыда жаттығудың негізі әскерлерді атты тақымдауға, соғысқа қажетті өзге де әдіс-тәсілдерді үйретуден тұрған. Уақыт өте гимнастика Грекияның білім беру жүйесіне ене бастады. Бірте-бірте ережелер нақтыланып, спорттың сұлу түріне деген сұраныс артты. Бір қызығы, спорттың бұл түрі ресми түрде кештеу мойындалып, тұңғыш мектеп тек 1913 жылы Ленинградтағы П. Ф. Лесгафт атындағы дене шынықтыру институтында ашылды.

Мұнда негізінен би гимнастикасы мен би түрлері үйретілетін. Ал 1963 жылы Халықаралық гимнастика федерациясы жанынан спорттық гимнастика комиссиясы құрылып, 1998 жылы спорттың аталған түрі «көркем гимнастика» деп өзгертілді. Олимпиада бағдарламасына ол 1984 жылы бір-ақ енді. Тарих беттеріндегі ақпараттар алғашқы халықаралық ресми жарыстың 1960 жылы Софияда өткендігін растағанымен, КСРО аумағында сайыстар 1941 жылы ұйымдастырыла бастаған екен. Ал 1963 жылы Будапештте аталмыш спорт түрінен Еуропа Кубогының түндігі түрілді [2].



Сурет 1

Гимнастиканың бірнеше түрлері бар. Айта кететін болсақ, ырғақты гимнастика - негізгі мақсаты әр адамның дене жағынан дамуына байланысты және жалпы денсаулығына байланысты

шұғылданады. Жалпы дамыту жаттығуларының мақсатты түрде белгілі бір уақыт аралығында үздіксіз орындалуы.

Атлетикалық гимнастика - жалпы дамыту жаттығуларының арнаулы мақсатты түрде дене құрылысын жетілдіру үшін қолданылады. Бірақ бұл жаттығулар арнаулы гимнастикалық жабдықтармен орындалады. Айталық батпан, қосшоқпарлы батпандармен орындалатын жаттығулар болса, сондай-ақ, тренажорлық аспап-құралдарда орындалады. Атлетикалық гимнастика, негізінен жалпы дамыту мақсатында спорт ретінде де қарастырылады.

Көркем гимнастика – қыз баларды дене – шынықтыру тұрғысында дайындық барысындағы негізгі құрал. Жаттығулар үйлесімді қабілеттіліктерді, икемділікті, ептілікті, жылдамдылықты, төзімділікті жетілдіруге бағытталған. Барлық бұлшық ет топтарының бірқалыпты дамуына байланысты қыз балаларда жеңілділік, сымбаттылық және қозғалысының еркінділігі қалыптастырылады. Көркем гимнастикада пайдаланылатын музыкалық тәрбиелеу эстетикалық тәрбиеге, музыканы естуге және тыңдауға көмегін көрсетеді. Негізгі көркем гимнастика жан-жақты үйлесімді дене шынықтыруға, денсаулықты нығайтуға, мүсіннің қозғалыс функцияларының нығаюына бағытталған. Спорттың аталған түрімен қыз балалар ерте жастан бастап айналыса алады. Сымбатты мүсін мен ырғақты жүріс, музыканы тыңдау мен түсіну, жалпы әдемі болу қабілеттілігі тез арада игеріледі. Әлемде неше түрлі спорт түрі бар. Дегенмен, тек қана көркем гимнастикамен қыз балалар шексіз айналыса алады [5].

Көркем гимнастиканың мақсаты – спортшының гармонды дамуын, дене қозғалысының барлық жағынан қалыптасуын, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қамтамасыз ету. Бұл спорт түрімен айналысу барысында тұлға бойында өмірге ең маңызды негізгі білім, қозғалу шеберліктері мен дағдылары, барлық адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Жаттығу барысында балалар көркем гимнастиканың негізгі жаттығуларын орындауға үйренеді, ұжыммен әрдайым қарым-қатынаста болады. Көркем гимнастикасының формасы – суға түскенде киетін киім, жеңіл аяқ киім, жеңіл жұқа шұлық. Лента, доп, шеңбер секілді спорт құралдарын қолданар алдында нұсқаушымен кеңесу қажет.

Эстетикалық гимнастика – спорттың жаңа және көріністік түрі, дененің стильді, табиғи қимылдарында негізделген кез келген жастағы қыз балаларға арналған ең әдемі спорт түрлерінің бірі. Эстетикалық гимнастиканы көбінесе кілем үстіндегі синхронды жүзу деп атайды. Ол іс-қимылдарды орындаудың мінсіз

синхрондылығымен, керемет музыкалық композициямен және әртістік орындаушылықпен байланысты. Сұлулық, сымбаттылық, көркемділік, шабыт – осының барлығын эстетикалық гимнастикада көруге болады. Бұл спорт түрінде саздылық, әсемділік, сымбаттылық, нәзіктілік және пәктілік мінсіз үйлесім тапқан.

Эстетикалық гимнастика командалық спорт түрі болып табылады, бұл арада белдіктер, доптар, және құрсау көркем гимнастикадағыдай жиі пайдаланылмайды. Команда бірігей тұлға – әрбір көз тастау мен демалу, қол ұшының әлсіз қимылына дейін бірегей қозғалыс болуы тиіс. Жаттығулар нәтижесінде әрбір элементтің орындалуы музыкамен бірлесіп жетілдіріледі. Эстетикалық гимнастикада спортшыдан нақты қасиеттер талап етілмейді, сондықтан бұл спорт түрімен кез келген жаста шұғылдануға болады [3].

Спорттық гимнастика – спорттың негізгі түрлерінің бірі; еркін жаттығулар, таянып секіру және снарядтардағы жаттығуларды қамтиды. Спорттық гимнастика бірнеше жекелеген спорт жаттығуларынан тұрады. Бұл жаттығулар жекеленген спорт түрі болып есептеледі. Ерлердің жабдықтары - керме, шығыршық, қоссырық, кіші және үлкен ағаш ат және еркін жаттығу. Әйелдердің жабдықтары – бөрене, үлкен ағаш ат, әр түрлі биіктегі қоссырық және еркін жаттығу.



Сурет 2

Қазақстанда спорттық гимнастика 1920 жылдардың аяғында дами бастады. Гимнастшыларды даярлауда В. Ряхшин, А. Ершов, Г. Мещерский, Қ. Қуанышбаев, И. Муллаев, В. Байдин., т.б. жаттықтырушылар көп үлес қосты. Спорттық гимнастикадан Н. Ким – Олимпия чемпионы (1976), әлем кубогының жеңімпазы (1978), бірнеше дүркін КСРО чемпионы, Н. Ильенко – КСРО-

ның абсолют чемпионы (жеке түрінен) және КСРО құрама командасының құрамында әлем чемпионы (1984), Ю. Цапенко – КСРО құрама командасының құрамында Олимпиада ойындардың күміс жүлдегері (1964). Халықар. дәрежедегі спорт шебері Қ. Қалиева 1982 жылы республика чемпионы, халықар. жарыстардың жүлдегері болды. 1987 жылы В. Люкин Алматы) Еуропаның және КСРО-ның абсолют чемпионы әрі КСРО құрама командасының құрамында В. Новиковпен (Алматы) бірге әлем және 1988 жылы Олимпиада ойындардың чемпионы атанды. 1991 жылы республика тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда алматылық Е. Ерімбетов, С. Федорченко, А. Дмитриенко, т.б. гимнастшы жігіттер бірнеше дүркін Азия чемпионы, Азия ойындары, ізгі ниет ойындарымен қатар, әлем кубогының иегері және халықаралық турнирлердің жеңімпазы, жүлдегері болды [4].

